Один из топонимов подвергшийся изменению ойконим Делели. В ходе исследования стало ясно, что начальная форма ойконима не название животного происхождения. Этот топоним связан с назва-нием теле принадлежащий тюркскому племени. В результате воздействия усной речи, местного диалекта и акцента этноойконим превратился в зоойконим. Название, взятое из устной речи в офици-альных учереждениях, литературе и картах было отмечено как знака зоойконим.

Из проведенных начальных исследований можно придти к такому выводу, что большинство наших палеотопонимов нашли свое отражение в других языковых источниках. По этой причине некоторые топонимы будучи не известными были отдалены от своего первоначального смысла и стали следствием различных дискуссионных мнений. Таким образом, они подвергнувшись фонетиче-ским изменениям заняли место на карте мира. Одинаковый топоним на языке разных авторов звучал в различном виде. Это привело к многовариантности в топонимии. Конечно, такие случаи для такого тонкого вопроса создают большие трудности.

1. Бакиханов А.А. Гюлистаны-Ирем, - Баку: Генджлик, 1983.
2. Фазили А. Древняя история Азербайджана в современном Иранском историковедении. – Баку: «Элм» 1970.
3. Азизов М. Историческая диалектология Азербайджанского языка. - Баку. Издательство Бакинского Государственного Университета.
4. Велили М. Азербайджан. – Баку: Государственное издательство.
5. Алиева Р. Азербайджанские топонимы. – Баку: Ганун. 2002. Азербайджана, 1993.
6. Аскеров Р. Джалилабад: вчера и сегодня. – Баку: «Шашикоглы», 1999.
7. Кязымбей С. Джавахирнаме –Ленкорань. – Баку: «Орнек», 2002.
8. Ахмедов Т. Основы Азербайджанской топонимики. – Баку: Издательство БДУ, 1991.

Түйін

Біздің тіліміздегі көптеген палеотопонимдер басқа тілдік дереккөздерде көрініс тапқан. Осы

себеппен де кейбір топонимдер бастапқы мағынасынан алыстап түсініксіз болып, түрлі пікірталастардың негізі болған. Фонетикалық өзгерістерге ұшыраған кейбір топонимдер осы күйінде әр жерлерде кездеседі. Мақала топоним-дер мәселелеріне арналған.

Summary

The majority of ours paleotoponyms found the reflection in other language sources. For this reason some toponyms being not known were remote from the initial sense and became a consequence of various discuss opinions. Thus, they having undergone phonetic changes took a place on the world map.

КОНЦЕПТ КАК ОСНОВА ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА

Ф.Х. Айтекова

В результате взаимодействия человека с миром складываются его представления о мире, формируются некоторая модель мира, которая в философско-лингвистической литературе именуется картиной мира. Картина мира - одно из фундаментальных понятий, описывающих человеческое бытие. В последние десятилетия одной из важнейших проблем когнитивной лингвистики стала проблема отображения в сознании человека целостной картины мира, фиксируемой языком. Картина мира «запечатлевает в себе определенный образ мира, который никогда не является зеркальным отражением мира» [7; 60]; она есть определенное видение и конструирование мира в соответствии с логикой миропонимания.

Человек, приобретая опыт, трансформирует его в определенные концепты, которые, логически связываясь между собой, образуют концептуальную систему; она конструируется, модифицируется и уточняется человеком непрерывно. Это объясняется таким свойством концепта, как способность к изменчивости в сознании. Концепты, оказываясь частью системы, попадают под влияние других концептов и сами видоизменяются. Изменяется со временем и число концептов, и объем их содержания. Последовательность построения концептуальной системы в сознании отвечает принципам логики, с этим связано такое свойство системы, как ее логичность. Это свойство определяет возможность логического перехода от одного концепта к другому, определение одних концептов через другие, построение новых концептов на базе имеющихся.

Логичность системы дает возможность построения внутри ее новых концептов, не усваиваемых из актуального опыта, а перешедших в сознание посредством языка. Этим объясняется возможность введения в концептуальную систему человека абстрактных понятий. Такую информацию невозможно ввести в систему без языка.

Говоря о концептуальных системах, мы можем выделить следующие этапы их формирования в сознании человека: невербальный (доязыковой) и вербальный (языковой); и такие их свойства, как изменчивость (это свойство связано с накоплением опыта и приобретением новых знаний) и логичность (это свойство связано с особенностями процесса построения концептуальной системы в сознании).

Термин «картина мира» возник в рамках физики на рубеже XIX-XX вв. С 60-х гг. прошлого века проблема картины мира стала рассматриваться в рамках семиотики при изучении первичных моделирующих систем (языка) и вторичных систем (мифа, религии, фольклора, поэзии, кино, живописи, архитектуры). Картина мира - реальность человеческого сознания, и человек делает ее создание целью своей жизни: «Человек стремится каким-то адекватным способом создать в себе простую и ясную картину мира для того, чтобы в известной степени попытаться заменить этот мир созданной таким образом картиной. Этим занимается художник, поэт, теоретизирующий философ и естествоиспытатель, каждый по-своему. На эту картину и ее оформление человек переносит центр тяжести своей духовной жизни...».

Таким образом, мировидение каждого народа складывается в картину мира: «Каждая цивилизация, социальная система характеризуется своим особым способом восприятия мира» [1; 16]. Отсюда следует, что менталитет любого лингвокультурного сообщества обусловлен в значительной степени его картиной мира, в которой репрезентированы мировидение и миропонимание ее членов.

Понятие картины мира (в том числе и языковой) строится на изучении представлений человека о мире. Если мир - это человек и среда в их взаимодействии, то картина мира - «результат переработки информации о среде и человеке» [9; 5] в его взаимодействии опять же с человеком. Человек не склонен замечать те явления и вещи, которые находятся вне его представлений о мире.

Явления и предметы внешнего мира представлены в человеческом сознании в форме внутреннего образа. По мнению А.Н. Леонтьева, существует особое «пятое квазиизмерение», в котором представлена человеку окружающая его действительность: «Это - «смысловое поле», система значений». Тогда картина мира - это система образов [4; 76].

М.Хайдеггер писал, что при слове «картина» мы думаем, прежде всего, об отображении чего-либо, «картина мира, сущностно понятая, означает не картину, изображающую мир, а мир, понятый как картина» [8; 89].

Картина мира, которую можно назвать знанием о мире, лежит в основе индивидуального и общественного сознания. Язык же выполняет требования познавательного процесса. Концептуальные картины мира у разных людей могут быть различными, например, у представителей разных эпох, разных социальных, возрастных групп, разных областей научного знания и т.д. Люди, говорящие на разных языках, могут иметь при определенных условиях близкие концептуальные картины мира, а люди, говорящие на одном языке - разные. Следовательно, в концептуальной картине мира взаимодействует общечеловеческое, национальное и личностное.

Картина мира не есть простой набор «фотографий» предметов, процессов, свойств и т.д., ибо включает в себя не только отраженные объекты, но и позицию отражающего субъекта, его отношение к этим объектам, причем, позиция субъекта - такая же реальность, как и сами объекты. Более того, поскольку отражение мира человеком не пассивное, а деятельностное, отношение к объектам не только порождается этими объектами, но и способно изменить их (через деятельность). Отсюда следует естественность того, что система социально-типичных позиций, отношений, оценок находит знаковое отображение в системе национального языка и принимает участие в конструировании языковой картины мира.

Следовательно, картина мира - целостный, глобальный образ мира, который является результатом всей духовной активности человека, она возникает у человека в ходе всех его контактов с миром. Познавая мир, человек составляет свое представление о мире, т.е. в его сознании возникает определенная «картина мира», или «языковая модель мира». Она включает в себя не только отраженные объекты, но и позицию отражающего субъекта. Так как возникновение картины мира тесно связано с языком и во многом определяется языком, ее называют «языковой картиной мира».

Концептуальная картина мира гораздо богаче, чем языковая картина мира: «Картина мира - то, каким себе рисует мир человек в своей вообразимости, - феномен более сложный, чем языковая картина мира, т.е. та часть концептуального мира человека, которая имеет «привязку» к языку и преломлена через языковые формы» [3].

Отечественные философы (Г.А. Брутян, Р.И. Павиленис) и лингвисты (Ю.Н. Караулов, Г.В. Колшанский, В.И. Постовалова, Г.В. Рамишвили, Б.А. Серебренников, В.Н. Телия и др.) различают концептуальную и языковую картины мира.

Концептуальные картины мира у разных людей одинаковы, ибо человеческое мышление едино. Национальные языковые картины мира - это просто иное их «расцветивание».

Языковая картина мира отражает национальную картину мира и может быть выявлена в языковых единицах разных уровней.

Поскольку язык - важнейший способ формирования и существования знаний человека о мире, то именно язык - важнейший объект исследования у когнитивистов. Совокупность этих знаний, запечатленных в языковой форме, представляет собой то, что в различных концепциях называется то как «языковой промежуточный мир», то как «языковая репрезентация мира», то как «языковая модель мира», то как «языковая картина мира».

Между картиной мира, как отражением реального мира, и языковой картиной мира, как фиксацией этого отражения, существуют сложные отношения: границы между ними «кажутся зыбкими, неопределенными» [2; 271]. Поскольку познание мира человеком не свободно от ошибок и заблуждений, его концептуальная картина мира поэтому постоянно меняется, перерисовывается, тогда как языковая картина мира еще долгое время хранит следы этих ошибок и заблуждений.

В процессе жизни конкретного современного человека языковая картина мира предшествует концептуальной и формирует ее, потому что человек способен понимать мир и самого себя благодаря языку. Именно в языке закрепляется общественно-исторический опыт - как общечеловеческий, так и национальный. С одной стороны, условия жизни людей, окружающий их материальный мир определяют их сознание и поведение, что находит отражение в языке, прежде всего в семантике и грамматических формах. С другой - человек воспринимает мир преимущественно через формы родного языка, который детерминирует человеческие структуры

мышления и поведения.

Живя в языковом обществе, человек обогащает свою концептуальную систему не только благодаря личному опыту, но и благодаря языку, в котором закрепляется общественно-исторический опыт - как общечеловеческий, так и национальный. Последний и определяет специфические особенности языка на всех его уровнях. Это приводит к появлению специфики разных языков, что, в свою очередь, ведет к возникновению специфических языковых картин мира у представителей разных народов. Но существуют также и индивидуальные картины мира, которые несколько отличаются у разных людей.

Картина мира отражается в содержательной стороне языка этноса. Ее анализ помогает понять, чем отличаются национальные культуры, как они дополняют друг друга на уровне мировой культуры.

Э.Сепиром и Б.Уорфом была выдвинута гипотеза, что люди видят мир сквозь призму своего родного языка. Они предположили также, что языки различаются своими «языковыми картинками мира». Из их рассуждений следовало, что люди, говорящие на разных языках, имеют разные типы мышления, и все это не просто связано с языком, а обусловлено им [6].

Б.А. Серебренников, критикуя эту гипотезу Сепира-Уорфа, утверждал, что язык не обладает само-довлеющей силой при образовании языковой картины мира. Нельзя говорить, что разные языки выстраивают разные языковые картины мира в сознании своих носителей, они придают лишь специфическую «окраску», обусловленную значимостью предметов, явлений, процессов, что определяется спецификой деятельности, образа жизни и национальной культурой народа.

Таким образом, мы видим, что языковая картина мира тесно связана с концептуальной системой, а также с языком. Формирующаяся картина мира, отображенная в сознании человека, это вторичное существование мира, закрепленное и реализованное в особой материальной форме - языке. Один и тот же язык, один и тот же общественно-исторический опыт формирует у членов определенного общества сходные языковые картины мира, что позволяет говорить о некоей обобщенной национальной языковой картине мира. Разные языки придают картинкам мира лишь некоторую специфику, некоторый национальный колорит, что объясняется различиями в культуре и традициях народов.

1. Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры. - М., 1984.
2. Караулов Ю.Н. Обица и русская идеография. - М.: Наука, 1976.
3. Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика - психология - когнитивная наука // ВЯ, 1994, №4.
4. Леонтьев А.Н. Психолингвистические вопросы сознательности учения // Изв. Акад. пед. наук РСФСР. Вып. 7. - М., 1947.
5. Маслова В.А. Лингвокультурология. - М.: Academia, 2001.
6. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. - М., 1993.
7. Серебренников Б.А. О материалистическом подходе к явлениям языка. - М., 1983.
8. Хайдеггер М. Искусство и пространство // Самосознание европейской культуры XX века. - М., 1991.
9. Цивьян Т.В. Лингвистические основы балканской модели мира. - М., 1990.

Түйін

Мақалада тілдің әлемдік бейнесі туралы айтылып, әлемдік бейне тілдік концепт негізінде қарастырылады.

Summary

This article gives notions of picture of the world and language picture of the world and studies the concept as the basis of linguistic picture of the world.

БАТА-ТІЛЕКТЕРДЕГІ «БАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Ә.Ә. Бияздықова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің докторанты

Ғаламның тілдік бейнесі – шындық болмыс туралы білімдер жиынтығының тілдегі көрінісі. Соған сәйкес әр тіл өзіндік ерекшелікті көрсететін концептілерге ие. Этностың ұлттық ерекшелігі мен тәжірибесіне, мәдениетіне, аялық біліміне байланысты әр халықтың ғаламдық тілдік бейнесі түрліше болады. Бұл нысанды қарастыру көбінесе когнитивті лингвистиканың үлесінде екені ғылымда білгілі. Тіл білімінде үлкен пікірталас туындатқан «концепт» термині когнитивті лингвистика ғылымының қажеттілігінен ғана туындап қоймайды. Ол – философия, психология сияқты іргелі ғылым салаларының негізгі терминдерінің бірі. Тіл білімінде «концепт» және «ұғым» деген екі атау мағыналас болғанымен, олардың айырмашылықтары бар. «Концептте» энциклопедиялық ақпарат беріледі, яғни ол кең мағынаға ие. «Ұғым» ғылыми білімнің нәтижесін білдірсе, «концепт» сөздің сөздіктегі мағынасымен қатар, «алғашқы формасы (этимологиясы), басты тарихи белгілерін ғана қалдырып, өте ықшам формасын» жинақтаған көпқабатты құрылым. Демек, концепт ұғымдық ақпараттан басқа философиялық, психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді.

Концептің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. «Концепт – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, мәдени құндылық-тары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым». Сол себепті концептілік мәнге ие болатын халық дүниетанымында көптеген танымдар қалыптасқан. Оның біразы ғылыми тұрғыда дәлелденіп, өз бағасын алып үлгерді. Мысалы, «қазақ әйелі», «тары», «ақ-қара», «өзім-өзге», «тіл», «қамшы» т.б. концептілер. Ұлттың дүниетанымында бұдан да басқа концептілік мағынаға ие таным-дар өте көп. Бірақ олар әлі де зерттеуді талап етіп күн тәртібінде тұрған мәселелер. Сондай концепті-лердің қатарына қазақ тіліндегі «бақыт» концептісі жатады. «Бақыт» концептісі кейбір зерттеу еңбек-терде қарастырылғанымен, тілдік тұрғыда, соның ішінде жеке концепт ретінде әлі зерттелінбеген. Сол себепті бүгінгі күннің мәселесі ретінде «бақыт» концептісінің ауыз әдебиетінің бір саласы – бата-тілектердегі көрінісі мен сипатын талдап көруді жөн санадық.

Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, елдің рухани қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, қадір-қасиеті айырықша бағалы. Ата-бабамыздың қасиетті өсиеті – бата – замандар мен ғасырлар бойы жиналып, ақыл елегінен өткізіліп тексерілген өмір тәжірибесінің, тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспеттес. «Бата ұғымының түп-төркіні-не барлау жасар болсақ, Құранның бірінші сүресінің аты «фатихадан» туындаған тәрізді. Мұнда Жаратушы мен оның елшісі Мұхаммедке мадақ сөз айтылады», - дейді ғаламдардың бір тобы /1. 5/.

Ал С.Бизақов «Бата сөзі араб тілінен аударғанда «**фатаа**» қайырма немесе қайыру деген ұғымды білдіреді» - дейді /2. 105/. Бұл пікірлерден бата сөзінің ислам дінімен тығыз байланыстылығын көруге болады. Бірінші пікірде қасиетті Құрандағы Фатиха сүресімен байланыстырылса, екінші пікірден аталған сөздің араб тілінен енгендігін көруге болады. Яғни бұл сөздің түп төркіні араб тілімен оның ішінде исламмен тығыз байланысты.

Бата тек қазақ жұртында ғана емес, түркі тілдес және моңғол халықтарында бағзы заманнан дәстүрге, салтқа айналған. Бурят елі мұны «юролы» десе, алтайлықтарда «алқышы», моңғолда «еролы» дейді. Қай халықтың бата-тілегін алып қарасақ та, белгілі бір этикалық, эстетикалық жүйе-мен құрылған бұл қанатты сөздер – халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан ежелгі мұрасы. Ерте кезден жалғасып келе жатқан бата беру, тілек тілеу рәсімі – халқымыздың ұлттық болмысы мен дүниетанымы аясындағы аса бағалы, қасиетті де киелі, мән-мағынасы айрықша ұлттың рухани қазынасының, мәдени игілігінің бірегейі, тәрбиелік мәні аса жоғары ежелгі дана салты. Қазақ батала-рының тақырыптық шеңберінде этика, мораль, ар-ождан, ынтымақ, бірлік, молшылық, қонақжайлы-лық, амандық-саулық сияқты мәселелер қозғалады. Сол себепті қазақ халқының кез келген дәстүрі, салт-жоралғысы, той-томалағы, берекелі ісі мен жақсылыққа толы шаралары батасыз өткен емес. «Батаменен ел көгерер» демекші, халқымыз нәресте дүниеге келгендегі бесік тойында, сүндет тойын-да, қызын ұзатып, келін түсіргенде, үйлену тойында, мейманы келіп мал сойғанда, жаңа күні (Наурыз) туғанда, жүнін жуып, киізін басқанда, тіпті айы жаңа туғанда да бата тілеген.

Осы бата-тілектерде көбінесе мағыналы өмір сүруге, өмірдегі қиындықты жеңуге, дәулетті болуға, қызықты, қуанышты, рахаты мол ғұмыр кешуге, өмірден өз орнын тауып толыққанды тұлғаға айналуға бағытталған концептілік ұғымдар бар. Солардың бірі – қазақ бата-тілектеріндегі

«бақыт» концептісі.

Халық дүниетанымында «бақыт», «бақ» жаратушының адамның белгілі бір іс-әрекетіне қарай немесе жайдан-жай беріле салынады деген түсінік бар. Адамның ең алдымен жаратушыға жалынып бақ сұрайтыны да содан. *«Бата бердім, бақ тіледім», «Алла берсін зор бақты, Аллау әкбар!», «Басыңа бақыт құйылсын», «Бақыттың нұрына шомылып жүргей», «Бағың жансын әуелеп», «Құдай жарылқасын, бақ қарасын, қыдыр дарысын, құт дарысын»* деп жаратушыдан бата тілеуі осының айғағы. Барлық жақсылық пен шаттық тек Алладан ғана келеді деп сенген. Бұл сенім адам баласы жаратылғаннан пайда болған түсінік екені белгілі. Себебі қазақтар ислам дінін қабылдағанға дейін Көк Тәңіріне сиынғаны тарихтан аян. Яғни «бақыт» ұғымы тікелей Алланың тарапынан болатын шапағатпен, жақсылықпен байланысты туындаған түсінік.

«Бақыт» ұғымының этимологиясына үңілетін болсақ, бұл сөз «бақ» және «құт» сөздерінің қосарланып бірігуінен туындаған. «Бақ-құт» сөзіндегі қ және ұ дыбыстары уақыт өте келе дыбыстық өзге-ріске ұшырап (бақ-құт – баққұт – бақұт – бақыт), «бақыт» болып өзгерген. Сол себепті, бақ сөзімен қатар құт сөзінің қолданылуы заңдылық. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы «бақ дарысын», «құт дарысын» тіркесі осының бір дәлелі. Ал, мажарстандық белгілі түркітанушы этнограф-лингвист-ғалым Дәуіт Шомфай Қара түркі халықтарының наным-сенім, ырым-тыйымдарын зерттей келе, сол халықтардың тіліндегі «құт» сөзіне талдау жасайды. «Құт» - ислам дініне дейінгі қазақ танымында «рух» дегенді білдірген, ал бүгінгі қазақтар «құт» сөзін «бақыт, береке» мағынасында қолданады» /3/, - деген пікірді айтады. Байлық материалды немесе рухани болуы мүмкін. Осы жағынан келгенде бақ және құт сөздерінің Аллаға деген сенімнен туындаған түсінік екендігі анықталады.

Қазақ халқында қалыптасқан салт-дәстүр, той-думан, іргелі істер жаратушыдан тілек тілеп, бата сұраудан басталып жалғасын табады. Адамгершілік, молшылық, бақытты болашақ, бейбіт өмір, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» шуақты күн – осынау бата сөздердің көпке шашқан шапағаты.

Қазақ баталарының тақырыптық шеңберінде этика, мораль, ар-ождан, ынтымақ, бірлік, молшылық, бақыт, қонақжайлылық, амандық-саулық және т.б. мәселелер қозғалады.

Халықтың ежелгі қонақжайлық салты бойынша, құрметті мейман шаңыраққа ат басын тіресе, оған арнап қой немесе тай сойылады, қонақасы беріледі. Сойыс малы қонаққа көрсетіледі. Себебі ол мал-дың күйін, дені таза екендігін көреді. Қонаққа бата сұратады. Осындай қонақжайлықты көрген қонақ үй иесіне бата берген:

«Әуелі құдай оңдасын, Аруақтарың қолдасын. Бақыт, дәулет, бас пен мал, Басыңа мәңгі орнасын!» немесе *«Бақытты бол, малды бол, қатарыңның алды бол», Бақыт қонып басыңа, Аулақ болсын ажалың. Бақытты бол, малды бол, Бақытыңа мастанып, Бола көрме қанды қол»* деп келетін бата-тілектерді көбінесе қонақ, жасы үлкен қариялар берген. Сый-құрмет көрсеткен үйдің дастарханына арнап, келген қонақ: *«Бата» дедің маған, Бақ дарысын саған, Дастарханнан кетпесін, Адал тапқан тағам»* – деп бата берген. Бата сөздердегі «бақыт» сөзімен қатар айтылатын дәулет, ырыс, ұзақ өмір, амандық-саулық, мал, бала – халқымыздың осы дүниедегі басты қажеттіліктері болып саналады. Әсіресе, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі малмен байланысты болғандықтан, мал оның ең басты байлығы болып есептелген.

Буыны бекіп, қабырғасы қатайып, оқуға немесе ұзақ сапарға аттанған, тіпті кішкентай болса да ата-анасына қолғанат болып, көмегін көрсеткен баласына ата-анасы, жақсы ісіне сүйсінген жасы үлкендері былай деп бата беріп отырған:

«Бағың жозары өрлесін, балам» «Бақ жұлдызың сөнбесін, балам»; «Басыңа бақыт құсы орнасын, балам», Осы батадағы «бақыт құсы» деген тіркес кей жерлерде «бақ құсы», «дәулет құс» деп беріледі. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «бақыт құсы» тіркесі (бақ, шаттық) мифтік идиомалық тіркес деп берілсе, «бақ құсы» (бақ, бақыт, дәулет) поэтикалық тіркес деп беріледі /3. 647/.

Халқымыздың салтында құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру, некелесу, отау тігіп, шаңырақ көтеру секілді әдемі дәстүрлер орын алған. Аталған салт-дәстүрдің барлығы батасыз жүзеге аспаған. Болашақтың тұтқасы, иесі – ұрпағына амандық, парасаттылық, ізеттілік, мейірім, құт-береке, ұзақ өмір, үлкен табыс, үбірлі-шүбірлі болу – адамзаттың ежелден келе жатқан асыл ниеттері болса керек. Келін түсіргенде: *«Келінің баянды болсын»; «Келінің бақытты болсын»; «Алғаның хан Жәңгірдей бақты болсын»; «Іні қандырып илеген тулақтан мінезің жұмсақ болсын, қарағым»* деп бата берсе, үйленіп жатқан екі жастың тілеуін тілеген жұрт: *«Ер маңдайын баққа бер»; «Бақыттары баянды болсын; «Бақ-дәулет жыл құсындай қатар келсін», «Бақ жұлдызы сөнбесін»; «Бақыты зор отау болсын»* сияқты тілектер тілеп, бата берген. Денсаулық, амандық, ұзақ өмір, үлкенді сыйлау, жылы жүзділік, махаббат, балалы болу секілді тілектер айтыла келіп, осы баянды бақ, бақыт, құт сөздерімен толықтырылып, жинақталып берілген.

Ұлттық дүниетанымда «бармақтай ғана бақ» адамның өмір бойы бақытты болуына жеткілікті: «Таудай талап бергенше бармақтай бақ берсін» деген тілек осыны көрсетеді. Әсіресе, «бақ» көбіне қыз балаға, әйел адамға бағышталанып байқауға болады. «Оның прагматикалық интенциясы әйел бағының тұрмыс құруымен, бала сүюімен айқындалады. Той-жоралғыларда жасы үлкендер жас жұбайларды маңдайынан сүйіп, бақ тілеуі бақ маңдайда жазылады деген түсінікпен ұштасып жатыр: «Маңдайыңа бақ берсін», «Маңдайыңа шаң тимесін», «Маңдайыңнан жарылқасын», «Маңдайың ашылсын» т.б. /3/.

Сонымен қатар, бата сөздердің бір ерекшелігі – ұлыстың ұлы күні – Наурызда берілетін бата. Халқымызда Наурыз – жыл басы, жаңа күн, күн мен түннің теңелуі, жақсы мен жаманның, ақ пен қараның бірігуі, қардың еріп, көктемнің келуі, төрт түлік малдың төлдеп, ауызға ақтың тиюі, жаңа тіршіліктің бастауы. Осы күні үлкендер бір-бірімен амандасып, бата тілеген: «*Ұлыс бақты болсын*»; «*Тілеуіңді беріп, бағыңды ашсын, Айналып келіп ай мен жыл, аман-есен көруге жазсын*»; «*Бақ-дәулет қызығымен қатар берсін*»; «*Бақшаңа бақыт құсы қона берсін*». Осындай тілектердегі ай мен жылдың аман болуы, ақтың молдығы, бәле-жаланың жерге енуі бақыттың келуімен байланысты деген түсінік қалыптасқан. Сонымен қатар халық дүниетанымында ұлыстың ұлы күнінде «Қыдыр атаның келуі» деген мифологиялық түсінік қалыптасқан. «*Қыдыр қолдасын*»; «*қыдыр дарысын*» сияқты баталар осының дәлелі. Қазақ ұғымында Қыдыр – ақ киім киген ойшыл, қасиетті қария түрінде келеді. Ол келген үйге құт дарып, бақыт орнайды деп түсінген. Яғни қыдыр бақ, құт, бақыт секілді танымдарды жүзеге асырушы киелі құбылыс болып саналады.

Бата-тілекті жасы үлкен қария, елді аузына қаратқан абыз, аузы дуалы ақындар берген. Осының дәлелі ретінде Халел Досмұхамедовтың пікіріне жүгінсек, қазақ елінде кең қанат жайған мынадай бір ырым бар: «Өз ісінің әбден төселген, ысылған, тәжірибелі шебері, мәселен, би, ақын, бақсы, зергер және тағы басқалар өздерінің қасиетті өнерін ізбасар шәкірттеріне аманат етіп тапсырғанда ақ батасын береді» /4/. Соның дәлелі ретінде халық аузында «Сегіз серінің батасы», «Сүйінбайдың Жамбылға берген батасы», «Бейсен би батасы», «Нысан абыз батасы» деген тіркестер қалыптасқаны тарихтан мәлім. Олардың берген баталарының өзге баталардан ерекшелігі – тарихта болған ірі тұлғалардың жақсы қасиеттерін бата-тілектеріне қосуы. Мысалы, Сегіз сері ұлы Иманжанға берген батасында: «*Керейде Есенейдей бақытты бол*» десе, Сүйінбай өзінің шәкірті Жамбылға берген бата-сында: «*О, Жамбыл, бата дедің, бердім саған, Бақытты, өмірлі бол, жүргің аман. Соңынан Сүйінбайдың орнын басып, Тіліңнен балың тамсын сорғалаған*» деп айтыскерлігі мен ақындығын бала Жамбылға аманат етсе, Бейсен би Арқалыққа берген батасында: «*Абылайдың алдын берсін, Ер Қазыбек бақытын берсін*»; «*Ескендір Зұлқарнайындай бақытты қылғай, Ай хакім Сүлеймендей тақытты қылғай*»; «*Алғаның хан Жәңгірдей бақты болсын*» деген тіркестер қолданылады. Нысан абыз ер Кебекке берген батасында: «*Адалдан бер, ақтан бер! Пәлекетін жатқа бер! Ер маңдайын баққа бер! Абырой асар жаққа бер!*» – дейді. Халықтың өмірінде болған түрлі тарихи оқиғалардың барысында көптеген тұлғалар өзінің батырлығымен, шешендігімен, елді басқара білу қабілетімен, әншілігімен, ақындығымен ақылдылығымен есте қалса, кейбіреулерінің өмір жолдары халық үшін бақытты ғұмыр болып саналған. Мысалы, халық Қазыбек би, Есеней, Жәңгір хан, Зұлқарнайындарды бақытты ғұмыр кешкен деп түсініп, олардың жақсы қасиеттерін, елді басқара білудегі істерін, тіпті сөз саптауларын үлгі етіп батаға қосқан. Бұдан біз қазақ халқының тұрмыс-салт жырлары, яғни бесік жырынан бастап жоқтауға дейінгі жауһар үлгілері синкретикалық сипат-белгілерге ие екендігін көреміз. Әсіресе, педагогикалық, философиялық ойға, ұлттық бояу нақыштарға толы бата сөздер көпке өнеге /1. 11/.

Қорыта келе, тіл мәдениеттің пайда болуының, дамуының, сақталуының құралы ғана емес, мәдениеттің бір бөлшегі. Сол себепті тіл арқылы материалды және рухани мәдениеттің шығармалары жасалады. Тілімізде ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлтымыздың мұрасы, тәжірибесі, салт-дәстүрі мен мәдениеті көрініс тапқан. Халқымыздың дүниетанымынан, тұрмыс-тіршілігінен мол ақпарат беретін, тағылымдық-танымдық мәні зор, парасатты ойлар мен өнегелі лебізге толы бата-тілектерді мәдениет деп білсек, осы бата-тілектердегі ұлттық болмысты айрықша көрсететін «бақыт» концептісі мәдениетті танудың негізі. Ұлт өзінің шаттығын, жақсылығын, аман-саулығын, қуанышын, материалды байлығын, мамыражай бейбіт өмірін бір ғана бақыт деген ұғымға жинақтап, сыйғызып, мәденеттің асыл қазынасын жасап отыр.

1. *Ақ бата: Бата сөздер / Құраст. Негимов С., Қазыұлы Т. – Алматы: Жазушы, 1992. – 208 б.*
2. *Бизақов С. Көңіл-күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары. - Алматы: ТОО «Самара-Принт», 2007. – 308 б.*
3. *Бұхарқызы Х. Жиырма шақты тілде сөйлейтінім рас. // Айқын. 2011. 27 мамыр, - 8 б.*

4. Темірбекова Ш. Бата-тілектердегі негізгі концептілердің мәні. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №3 (119), 2009.

5. Досмұхамедов Х.Д. Қазақтың халық әдебиеті. 1928 жыл.

Резюме

В данной статье рассматриваются концепт «счастье» в казахских пожеланиях.

Summary

In this article written about conception of “happy” in kazakh wishes.

LEARNING LANGUAGES: INFORMATION AND COMMUNICATION TOOLS

B.Salykhova, B.Balgazina – *Almaty (Kazakhstan) Haileybury Almaty British School
Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

Strategies and different types of language methods occupy a special place in teaching foreign or second languages. The problem of language learning strategies discussed in cognitive psychology and was first described in the G.V. Yaeger, I.A. Rappaport, "Language and identity" [1]. There are two basic groups of policies that affect the process of language acquisition.

The first group includes:

- Cognitive strategies (used for understanding the material);
- Strategies for memorizing;
- Compensatory strategies (to help cope with the difficulties arising in the process of communication).

The second group of policies associated with the creation of conditions for learning and should help to overcome psychological difficulties in mastering the language. We consider a more detailed look at this group of strategies.

Creating conditions for learning requires not only the material and technical equipment of the institution but also a certain level of professional competence of teachers, the relevant date. Today's dynamic world requires to teachers timely introduction of new techniques and forms of work with students. In this respect, it is important to use the best of what is happening in the world educational space.

Thus, in recent years the British Technology Centre study (Centre for Learning & Performance Technologies) conducting research, which resulted in 2007 in a list of 100 most frequently used teachers (coaches) teaching tools [2]. The survey involved 155 professionals in the field of education, who presented the 10 most frequently used educational tools. The result of processing of these data was the above-mentioned list. All of these learning tools are based on information and communication technologies. For example, this list is familiar to a wide range of user tools such presentation material like PowerPoint, e-mail gmail, Excel, Adobe Acrobat, etc.

In the teaching of various educational tools depends on the technical equipment of schools, so the selection of learning tools should be approached on the basis of real possibilities. In our opinion, for the teaching of Russian as a foreign (second) language is most effective following learning tools: Audacity, Wordpress, Skype, Podcasting and BarCamp. Let us examine them in more detail.

Audacity – free digital sound file editor. The file can be downloaded to your computer at this address: <http://audacity.sourceforge.net/> In addition, we still need a file called “lame_enc.dll”, it can be downloaded from internet.

After installing Audacity into computer, students and teachers can study at home and record the conditions of speech, recite texts, edit files recorded on tape. If necessary, the working papers can be stored in a podcast platforms are widely represented in the virtual world.

Skype – a program that allows you to communicate worldwide via the Internet. The program was developed by Skype Limited. To use the headset with a microphone requires a webcam (if you want to see your companion). The program allows you to:

- individual correspondence, communicate, conduct a group chat;
- call anyone anywhere in the world, and talk on the phone;
- conduct a video conference, see the interlocutor, to hear him / her answer (you can hold the conference without a webcam, then get a conference call);
- send files to your note-book, get news, "go" to other interested students (teacher) conference.

Wordpress – a blogging platform, it can be found at <http://wordpress.com/> Blog - an easy-to-use web site where you can publish your thoughts, interact with people and enjoy many other features. Initially it was used for the conduct of its Internet blog, but blog has a feature-rich. In the world there are so many blogging platforms that are created by different companies, groups of people, but Wordpress is one of the most

convenient, user-friendly sources. It should be noted that this program is available to everyone free of charge and supports the Russian language. The teacher can use in the learning process both collective and individual blogs.

The possibility of using a blog in the learning process are:

- Blog - good assistant to update the information and dissemination;
- The opportunity to provide additional material by reference;
- Discussion and comments not only help to clarify difficult issues, but also to help with group work, contribute to the cohesion of students;
- You can give the right to blog for any student in one blog or student can separately open own blog, for example, when working on the course, degree project, when learning a foreign language (students can articulate and share their homework as podcasts), etc.

Blogging promotes a culture of thinking, writing skills, coherent speech, discussion, etc.

Podcasting (from the iPod and Broadcasting - widespread broadcasting, broadcast) – a way of publishing audio broadcasts (usually in the format MP 3) World Wide Web, in which listeners can subscribe and receive new editions of "transmission" as they appear on the Internet. You can find a lot of striking examples of the use of podcasts for learning English (website BBC Learning English) [3].

BarCamp – non-traditional format of the conference. In another way it is called the "unconference." First BarCamp was organized and conducted by experts in the field of information and telecommunication technologies, but is widely spread throughout the world. A variety of topics covered in barcamp, brings together around students, professionals in the field of new media technologies, researchers, journalists, teachers, etc.

There are some mandatory requirements for the barcamp:

- Creation of a website or blog, on which participants can communicate with each other;
- Virtual register for each participant;
- Participants are spreading information about the non-conference, attracting new members, discuss general organizational matters, prepare own presentation;
- No pre-determined schedule of speeches (all themes will write before the beginning of conference);
- The possibility of simultaneous 3-4, even more sections.

As a result, participants will be those who are really interested in this types of conference, and wants to share project ideas with others. This format can be adapted for the annual student conferences, and organize such a conference during class, inviting students from other groups, courses and instructors.

As you can see, all of the giving above teaching tools at the same time are the tools of learning, and give students an opportunity to not only gain knowledge as a finished product, but also "get" them and implement their projects into practice.

One of the most important issues in the methodology of language teaching is increase a students' motivation for learning. The role of the teacher is huge in the learning process and to increase students' motivation and has a significant impact on the success / failure to study a foreign language.

In relation to the activities there are two types of motivation: internal and external. Internal motivation brings satisfaction with the content of the activity, self-confidence, assertiveness, and external - "works" for a reward or avoiding punishment. The productive motivation has the great importance too, because the subject of professional activities aimed at making of social significance of their work.

Creating blogs, podcasts, etc., give students the opportunity to see the results of their work, who also will be available not only for students but for everyone. Consequently, increasing students' internal motivation, as well as their activity, concerned attitude to training activities and the product of their labour (productive motivation). As a result, the learning process will be closely linked with reality and turn into something more than just training.

It should be noted that these tools of language teaching, in particular, using a web-based technologies in teaching Russian as a foreign language, cannot be compared or confused with distance learning as well as goals, objectives, expected results and the software e-learning are quite different.

1. Yaeger G.V., Rappaport I.A., "Language and identity". - M., 1991.

2. Top 100 Tools for Learning 2008. <http://www.c4lpt.co.uk/recommended/top100.html>

3. BBC Learning English. <http://www.bbc.co.uk/worldservice/learningenglish/webcast/>

Түйін

Мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту үдүрүсінде, әсіресе шетелдіктерді орыс тіліне үйретуде пайдалану мәселелері қарастырылған. Бұл технологиялар үлкен мүмкіндіктерге ие, оқыту стилі-не және студенттерді оқыту әдісіне әсер етеді.

Мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту үдүрүсінде пайдалануға қатысты әр түрлі көзқарастар қарастырылған:

- 1) оқыту материалдарын беру әдісі және түрі ретінде;
- 2) студенттерді ымталандыруды қотеру ретінде.

Резюме

В статье рассматриваются проблема внедрения информационно-коммуникационных технологий в учебный процесс, а именно, в процесс обучения иностранцев русскому языку. Эти технологии обладают широкими возможностями, влияют на стиль преподавания и методы получения студентами знаний.

В статье использование в учебном процессе ИК-технологий рассматривается с разных точек зрения:

- 1) как форма и способ подачи учебного материала;
- 2) как повышение мотивации студентов.

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КОЛОРАТИВТЕР СИМВОЛИКАСЫ

А.С. Әділова

Әрбір көркем мәтін адамзат қоғамында ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан, орныққан мәдениеттің құрамдас бөлігі және оған сол өзі жазылып, өмір сүріп отырған қоғамның әсері қайтсе де болады, сондай-ақ мәтіннің өзі де қоғам мүшелеріне ықпал ететіні сөзсіз, өйткені жалпыадамзаттық қасиеттер мен құндылықтарды уағыздайтын көркем әдебиет ғасырлар бойы адамзат баласының сана-сезімін тәрбиелеп, бағыттап отырады. Қандай мамандық игермесін, қандай салада жұмыс істемесін, өзін жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті деп санайтын әр адам көркем шығарма оқуы тиіс, себебі «Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан кейін **үлгілі жазушылардың сөзін оқып**, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі» [1: 349], яғни қоғамның белсенді құрылысшылары – студенттер үшін де ұлттық тіліміздің бар байлығы көрініс табатын прозалық, поэзиялық шығармаларды оқудың, олардың вербалды қабатында-ғы түрлі бірліктердің лексикалық, символдық мағыналарын танып-білудің маңызы зор.

Кез келген тілдің лексикасындағы семантикасы жағынан аса бай, ауыс мағынада қолданылуға айрықша қабілетті, символдық қызмет атқаратын ерекше бір топ - түр-түс атаулары. Олардың осы қасиеттерін қазақ қаламгерлері мәтіннің мазмұндық-концептуалдық, мазмұндық-астарлы ақпаратын беруге қолданатыны белгілі.

Қазіргі қазақ ақын қыздарының бірі де бірегейі Гүлнәр Салықбай екені және оның өлеңдері мазмұ-ны, түрі, графикалық ресімделуі тұрғысынан жаңашыл болып келетіні оқырман тарапынан да, әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан да әрқашан атап айтылып жүр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген Г.Салықбаева өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасында-ақ алғашқы өлеңдерімен поэзия сүйер қауымды елең еткізіп, әдеби үдеріске еркін, нық басып қосылды. Түрлі басылымдарда тілші болып қызмет атқарған ақынның ерекше бір жобасы «Қазақстан» телеарнасында ұлттық, жалпыадамзаттық рухани құнды-лықтарды уағыздаған хабарлар циклі болды, яғни сол арқылы өз оқырманын, тыңдарманын, көрерме-нін ойландырып, олардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейтуге, Отан, ел, мемлекет, халық алдындағы жауапкершілігін жіті сезінуге, атқаруға ықпал-әсерін тигізді деуге болады.

Қаламгердің адами тіршілігінің әр қилы сәттеріндегі көңіл-күйіне байланысты туған өлеңдері философияға толы, өмірдің жалпы қарапайым заңдылықтары арқылы ортақ түйін жасайды.

Ақын лирикасы сан алуан тақырыпты қамтығанмен, оның басты нысаны – адам, оның сезімдері, сондықтан жақсылық пен жамандықтан, қуаныш пен реніштен, күлкі мен көз жасынан, мейірім мен қаталдықтан тұратын тіршілік деп аталатын үдеріс ұлттық танымы мен өзіндік дара әлеуеті ұштасқан шығармашылығында жаңа, соны бейнелерге, символдарға толы өлеңдер тууына әсер етті. Қаламгер төл туындыларының вербалды қабатында окказионалды, потенциалды сөздер, синкретті тіркестер, фразеологизмдер контаминациясы, мәтінаралық байланыстардың маркерлері - түрлі деңгейдегі цитация, аллюзия, реминисценциялар – жиі кездеседі.

Әрине, кез келген лирикалық өлеңде «...бәрі – мазмұн: сезім мен ойды бейнелеудің кезектілігі, сөздерді таңдау мен орналастыру, сөздердің, фразалардың, синтаксистік конструкциялардың қайтала-масы, сөйлеу стилі, сөйлеу ағынының шумақтарға бөлінуі және синтаксистік мүшеленуі, өлең өлше-мі, дыбысталу жолдары, ұйқас тәсілдері, ұйқас сипаты» [2: 9], алайда сол мазмұн-мағынаны, яғни өлеңнің мазмұндық-концептуалды, мазмұндық-астарлы ақпарын беруде түр-түс атауларының символдық мағынасын Г.Салықбаева жиі пайдаланғанын 2001 жылы шыққан

«Аспандағы аңсарым» атты жинағындағы мәтіндерден көруге болады.

Г.Салықбаеваның екі өлеңі табиғатта кездесетін барлық түр-түс атауларының семантикасына негізделген:

Ақ түс деген – ақиқат қой,
Суық тым.
Жасқанбайды одан ешкім жасында.
Ақ анамнан **аппақ** таңда туыппын
Ақ көбейген жылы жаздың басында
Ақ төсінен **ақ** армандар ішкізіп
Шомылдырды анам **аппақ** көбікпен.
Күнде ертеңге асығушы ем –
түс, қызық -
Аппақ кебін көргенімше өліктен...
Көк аспанға сұрақтарым жиі ұшып,
Көк өзенді мекен еттім мен енді.
Көкше бұлттай бұйра шашым ұйысып,
Көк қағаздан жасай бердім кемемді.
Қызғалдақтан дала кетті өртеніп,
Мен де іліктім жалынсүйер тізімге.
Қашып кетті балалық пен еркелік,
Қызыл жүрек билеп тұрды жүзімде.
Содан кейін жапырақтай сарғайдым,
Содан кейін... ұқсамадым өзіме.
Қазір қалай өртесе де жанбаймын,
Жауын сіңген жүрегіме, көзіме.
Сары түске еніп тілек, арманым,
Өткен түстер өтті **сары** електен.
Ең қызығы, **қара** бола алмадым,
Сары күнге **көк** қосылып кенеттен.
Жасылыммен Мәңгілікке аттанам,
Жол береді **қызыл, сары, ақ** маған.
Мен бақ тапсам, содан ғана бақ табам,!
Мен шаттансам, сонда ғана шаттанам...

Өлеңдегі түр-түс атаулары кейбір тіркестерде өзінің номинативтік мағынасында тұрса, енді бірін-де парадигматикалық, синтагматикалық байланыстары арқылы мағынасы кеңейіп, метафоралық, символдық қызмет атқарып тұрғаны байқалады.

Түр-түстердің косметика мен дизайн, интерьер саласында қолданылатын дәстүрлі жылы және суық деп бөлінісінде ақ пен қара не жылыға, не суыққа жатқызылмайды, сондықтан да ақынның ақты суық деп, оны келесі жолмен нақтылауы оқырманды елең еткізіп, түрлі ассоциациялар тудыратыны даусыз.

Өлеңнің алғашқы екі шумағында **ақ** сын есімі бес рет, ал оның күшейтпелі шырайы үш мәрте қолданылған. Бұл сөз өзінің номинативтік мағынасында және бірнеше туынды мағынада жұмсалған: аяулы, әзіз (**ақ ана**), таң әбден атқан кез (**аппақ таң**), сүт тағамдарының жинақтаушы атауымен тіркесе келіп, мезгілдің перифрастикалық номинативі (**ақ көбейген жаздың басы**), аса бағалы, қымбат (**ақ төсі**), пәк, биік (**ақ арман**), таза, кіршіксіз (**аппақ көбік**). Ақын танымында ақ номинативі жағымды – жағымсыз коннотацияға ие, бұл ұлттық дүниетанымдағы дәстүрлі символикамен сәйкес түсіп тұр.

Келесі шумақ **«көк»** сөзінің семантикасына негізделген, яғни мұнда қазақтың ұлттық дүниетанымына сәйкес және плеонастық тіркес, синтагматикалық қатынастар арқылы тек ақын қаламына ғана тән окказионалды қолданыстар пайда болып, арманшыл, алаңсыз жасөспірім шақтың символына айналған. Аспанның түсі сумен шағылысқандықтан және дәстүрлі **«жас»** ұғымын негізге ала отырып, көк өзен жасайды. **«Көк кеме»** тіркесі, біздіңше **«ақ кеме»**, яғни бұл - ақынның тағы бір өлеңіндегі **«ақ кеме** - прецедентті атаудың - Ш.Айтматов шығармасының семантикасындағы қиялшыл шақпен үндеседі, бұл орайда қазақ тілінде ақ түсті жылқының көк бие, көк айғыр т.б. аталатыны бірден еске түседі.

IV шумақтағы мағыналық ұйытқы сөз төртінші жолда тұрғанмен, оның ассоциациялық өрісіне кіретін **қызғалдақ, жалын сүйер, өртену** лексемаларынан туындаған жас адамның – қуанышты, айналаның бәріне тек сеніммен, үмітпен қарайтын, ширақ адамның бейнесі жүрек сөзімен тіркесте нақтыланады.

V-VI шумақтардағы сарғаю етістігі, сары сөзінің ауыс мағынасы арқылы эмоционалды-экспрес-сивтілігі айқын да жоғары қолданыс пайда болған, олар ақынның өкініш-мұңын, сезімінің кереғарлы-ғын, бейжайлықты вербалдайды, алайда психологиясындағы мұндай күй-қалып ақын жанының қасаңдануына, қатыгезденуіне себеп бола алмайды. Оның дәлелі – алтыншы шумақтың соңғы екі тармағында *сары, көк, қара* түс атауларының қолданылуы.

Соңғы шумақтағы *жасыл* сөзі ұлттық дүниетанымымызда жас, жаңа өсіп келе жатқан деген семантиканы беретіндіктен әрі жас адам, әдетте, таза, пәк болатындықтан, ақын контекстінде ойы, пікірі жаман оймен ластанбаған деген ұғым береді деуге болады.

Жалпы алғанда, ақын қолданысында түр-түс атауларының дәстүрлі семантикасы мен оның тек өзіне ғана тән танымы ұштасып, сабақтасып келіп, әсер-қуаты ерекше өлең туғанын айтуға тиіспіз. Ақынның мына бір өлеңінің мағынасына тоқталсақ:

Бақ атаулы арман етер ақ құсты,
Күннің түсі қызыл емес, Көп түсті.
Жасылы тұр мәңгілікті ән қылып,
Қызылынан жүрегіме шок түсті.

Жапыраққа айналам-ау, тегі, мен,
Жауыр аттай жарау күнге желігем.
Сары түсі сәуле құйып санама
Көңіліме көктем келді көгінен.
Қайдан бітсін қарбаласы қаланың,
Дана мұңға бара жатыр бала мұң.
Сұр түсінен суық тартып қаламын,
Қоңырынан қоңырайып қаламын.

Күннің түсі көп екенін кеш білдім,
Жай тіліне тұсауымды кестірдім.
Көп бояудың біреуіне боялмай,
Ақ көйлегім, неге ғана ескірдің?!

Төрт шумақтан тұратын өлеңде алты түрлі түс атауы мағыналық ұйытқы сөз ретінде қолданылып, қызыл және ақ лексемалары екі реттен қайталанып тұр. Алғашқы шумақтағы *ақ құс* тіркесі ұлттық және әлемдік танымдық кеңістіктен белгілі бақ құсы прецедентті айтылымын еске түсіреді. Ал қызыл түсін күнмен тіркестіру арқылы күнделікті тіршіліктің әр алуан қыры мензеледі. Ұлттық қолданыста-ғы дәстүрлі семантика әлеуеті басқа тілдік бірліктердің эмоционалдылығымен ұштасуы нәтижесінде прагматикалық әсер-ықпалы жоғары мәтін түзілген. Өз көңіл-күйіндегі барлық қалып-өзгерістің кезектесіп, ауысып отыруын түстер атауына тән дәстүрлі семантикамен көрсеткен ақын парадоксал-ды қорытынды жасайды: тіршіліктің сан алуан түйткіліне қарамастан оның ой-ниеті, пікірі, өмірге көзқарасы, адами ұстанымы өзгеріссіз қалғанын көрсетеді, аталған ойымызды дәлелдейтін - *Көп бояудың біреуіне боялмай, Ақ көйлегім, неге ғана ескірдің?!.* Осы жолдар өлеңнің модальділігін, яғни ақынның өзі жазып отырған жайға субъективті көзқарасын білдіреді.

«Сөздің тура мағынасы көркем әдебиетте оншалық үлкен роль атқармайды. Поэзияға керегі – оның қосымша, яки жанама мағынасы. Ал, енді сол сөз әрі тура, әрі қосымша мағыналарында қабат пайдаланылса, - нағыз ғанибет!» [3: 259] деген Қ.Мырзалиевтің пікірін растайтын екі өлеңде де алты түрлі түс атауы символдық мағынада жұмсалған, яғни алғашқысында тек қана қанық түстердің атауы қолданылып, коннотациясы кейде бейтарап, ал осы контексте жағымсыз *сұр* сөзі мен ұлттық дүниетанымда ерекше концепт болып саналатын *қоңыр* түсінің атауы жоқ болса, екіншісінде, керісінше, бұлар ақын танымының тілдік бейнесінде айрықша мәнге ие болып, мәтін модальділігін байқатады. Алайда қаламгердің көптеген өлеңдерінде мағыналық ұйытқы сөз ретінде кездесетін *қара* лексемасы соңғы туындыға енгізілмеген.

Осы орайда айта кету керек, Г.Салықбаева тілінде *қоңыр* сөзі бұдан басқа бір-ақ тіркесте кездесті. Ол – «*қатар-құрбы, замандас адамдар туралы айтылатын*» [4: 11] *ағайынды қоңыр қаз* тіркесі:

Кеттім сенен...
Мәңгілікке байланып.
«Адасасың енді...», - деді Ай налып.
Жаным қалды жаныңменен ұшуға,
Ағайынды қоңыр қазға айналып.

Деректі және дерексіз ұғымдарды – *мен* және *жанды* - қарсы қоюға пайдаланылған тұрақты

тіркес өлең семантикасын қоюлата, байыта түскен.

Ақын тілінде аталмыш түс атауының сирек қолданылуы – **қоңыр** сөзінің ұлттық танымдық көрінісіне ақынның нәзік болмысы да, өршіл рухы да сай келе бермейтініне байланысты болса керек.

Сонымен қатар ақын тілінде **қоңыр** сөзінің ассоциациялық өрісінің перифериялық аймағына кіретін (*қызыл күрең түсті бұта – қызыл қоңыр – қызыл мен қараның араласуынан пайда болған қоңыр түс*) **тобылғы түстес** номинативі де кездесті:

Жаралдың баққа, сорға ма,
Қиялдан туған ертегі ел.
Тобылғы түстес торы бала,

Өзінді ойлап, өртенем деп келетін өлең жолындағы **Тобылғы түстес торы бала** сөзі экспрессия-лы болса да, *қарапайым көптің бірі* деген мағынаға ие болып тұр.

Жалпы, ақын өз шығармашылығында **ақ** және **қара** түстерінің символикасын жиі қолданады, мәселен, қара сөзімен мынадай тіркестер кездесті: *қара жер, қара түн, қап-қара түн, қара бас, қап-қара ұл, қара тас, қара жел, қара нан, қара өлең, қара міндет, қап-қара мұз, қара тон, қара нүкте, қарасұр бұлт, қара шай, қара тамыр, қара көйлек, қара бұлт, қап-қара түтін, қара су, қарадай адал, қара кеш, қара көк түн т.б.*

Халық ұғымында **қызыл** – *оттың, күннің* символы. Сонымен қатар ол *жылу, қан, қыз, жастық, әдемілік, әшекей, ұялу, шешен* деген сияқты өзге де сөздермен ассоциацияланады.

айтқан сөзі де дұрыс: *«Жұртым, Қарабай он ойланып, жүз толғанып өз қолын өзі кесе алмады – жылата алмады Баянды!.. Жығылдым қатын-баладан... Аты озғанның асқақтап дегендей, артта қалғаның наза тұтып дегендей, Баянды алғаның асқақтамай, алмағаның айыптамай аттаныңдар... Қодар мырза, ренжіме... Еліңе қайт, шырағым... Жылатып алған сұлудан – жыламай қосылған су мұрын деген... Қозы шырағым, сен де қайт еліңе! Сән-салтанатымен кел... Бұл сөздерімен Қарабай – ақылдылықтың, талғампаздықтың үлгісі, бірақ осы дұрыс сөздің артында ашық түрде алдын-ала ойластырған жалған жатқанын білсе ғой! Бұл сөйлеу тілінде нақты байланыстылық – коммуникатив-тік-прагматикалық категориясы жатыр. Халықты өзіне қарату мақсатымен Қарабай осы мәнмәтіндегі сөйлеуші мен адресаттың кірігуін, мүдделері мен мақсаттарының ортақтығын көрсететін тәуелдік жалғау формасының бірінші жағында тұрған – «жұртым» сөзін халықты өзіне қарату мақсатында әдейі қолданған.*

Бірақ Қарабай өзінің аярлығына қуанышын жасыра алмаған Жантықтың аяусыз алдауына түседі: *«Ендеше іліккен шығарсың сақалыңнан!.. Тоқсан қос жылқың түскен-ақ шығар қолыма!.. Мен сені жеті жыл көшсең де өте алмайтын құмға апарып бір қамап көрейін, сен шығып көр содан!.. Бір құм боранда олай-пұлай боп кетсең ... иесіз қалған малды айдап, “Жантекең” болып елге қайтсам, құдай кешірет, адам кешірмеске амалы да болмас!..»*

Ескеретін бір жайт, Қарабайдың сөйлеу тілінде үнемі бір ғана тақырып – оның малдары, табындары сөз болады, оның қуанышы да қайғысы да, барлығы – байлыққа, малға, табындарға келіп тіреледі. Солайша, Қодардың артынан қуып барған қызын қарсы алып тұрып, қызына кінә таға алмаған ол былай дейді: *«О, мың жылқы бол, мың жылқы! ... Малдан озып кетпей-ақ қойсаң болмады ма? Түгел ме әйтеуір?»*

Мақтаулы Қодардың жақсы көретін тақырыбы – өзіне-өзі мақтау, паш ету, менмендігі – Баян сұлу тек қана соныкі болу керек. Ал мықты деген Қарабай мен Қодардың әлсіз жақтарын пайдаланған залым Жантықтың мақсаты біреу ғана – біреудің байлығына ие болу. Бұл оның ең қол жетпес арманы және тек соны ғана ойлайды. Қоғамның мықты күштері – Баян мен Қозыға қарсылас бағыт ұстанған еркектер осындай.

Пьесадағы Қозы ірі тұлға: ол ер кейіпкерлердің ішінен өзінің мәрттігімен, мейірімдігімен, тазалығымен ерекшеленеді. Оның сөйлеу тілімен ер кейіпкерлердің тілінде кездесетін өзіне-өзі масаттану, әлсіз әйел алдындағы өзінің артықшылығын баса айту сияқты сөздер мүлдем жоқ, нағыз ер кейіпкердің тілі берілген. Ол батыл, жылдам, өзінің ары мен намысын қолына қару алып қорғауға дайын, батыр жауынгер. Ол Қодардың бетіне тура қарап айыптайды: *«Жігіт пе деп қалып ем, ұры екенсің ғой жол тосқан!»* Және мұнда оның ұры деп айыптағаны тура мағынасында емес, Қодардың рухани қасиетінің төмен бағасын көрсетеді. Мұндай турашылдық пен шыншылдық, сөзсіз, оның батылдығымен бірге өзіне-өзі сенімділігін көрсетеді, Қозыны нағыз жігіттің серісі ретінде айқындайды. Ол өзінің сүйіктісінің атына кір келтірмеу үшін қорғауға, бәріне де дайын: *«Намыс таласы, жігіт таласы дегенді аузыңа да алма енді! Ол біткелі әлдеқашан! Қара қылмысыңның сазайын тарттыру-ға әзірмін қашан да! Қаласаң, қазір берейін!»* Басқа ер кейіпкерлерге қарағанда, Қозы өзінің қара басының, эмоциясының құлы емес, ол сабырлы, өзінің әрекеттеріне жауап бере алады: *«Қара жүрегіңді қанжарға тапсырар ем, қара қаныңды қайда қоярмын! Арам жаныңның арашасы мұндай көп болар ма?»* Осы қысқа ғана репликалардан-ақ біз Қозының басқаларға ұқсамайтын даралығын, мәрттігін, тазалығын көреміз. Ол Баян сұлудың қиялындағы жігіт.

Сөйлесімдік коммуникациядағы өзінің әлеуметтік статусына қарай әйел екінші қатысушының ролінде, ал ер адам – сөйлесімдік коммуникацияның бірінші қатысушысы ролінде болу керек. Алайда, басты кейіпкерлер – Баян сұлу, Ақтоқты, Еңліктер – өздерінің мінез-құлықтарына қарай әйел статусына қарама-қарсы асимметриялық сөйлесімдік жағдаятты туғызады.

Баян мен Ақтоқтының, Еңлік пен Қарағөздің тілдерін пьесаның басқа кейіпкерлерінің сөйлеу тілдерімен салыстыра отырып, олардың асқан ақылдылығын, сабырлылығын, ақыл-ой өткірлігін, сонымен қатар олардың сөйлеу тілдерінің образдылығы мен дәлдігін, тапқырлығын байқайсың. Мысалы, Қозы-Көрпешпен ең алғаш кездесу кезіндегі Баянның ақылды айтылған сөзі алаңсыз жігітті қатты қысылтады:

Бала қыран алғыр да келеді, аңғырт та келеді. Намысыңды құмай-ақ қой десең, көңілім оңай болар еді... Мен қуайын дегеніңе обалыңа қаламын ба деп те ойланам. Бұғанаң қатпаған көрінеді.

Әкесінің табындарын кім қорғауға дайын деген сұрауына ешкім жауап бермеген кезде алғыр да тәкаппар Баян: *«Мен бар! Әкел ерлер киімін, әкел ерлер құралын! Жауға аттанар мен бар!»*, - деп батыл жауап береді.

Жауға қарсы бару туралы шешімін қайталай отырып, Баян мұның ашулықпен емес, ойланып жасалған әрекет екенін түсіндіреді. Оны *«Мен бар!»* деген қайталама-дәлелі көрсетеді. Көріп отырған-нымыздай, мұндай жауапты сәттегі кейіпкердің сөзі үзілген, қысқа болып келген. Егер гендерлік ұстаным тұрғысынан қарастырсақ, Бұл Баянның сөзін феминді дискурсқа жатқызуға

болмайды, өйткені бұл сөзде қаншама күш-қуат, әрекетке бел бұған тәуекелдік, ер жүректік жатыр! Бұл нағыз жігітке ғана тән сөз!

Қодардың артынан қуғынға шығу әрекеті Қарабай мен Баянды әртүрлі сипаттайды: егер біріншісі өзінің табындарын қайтаруға ұмтылса, екіншісі тапталған намысы мен ары үшін осы әрекетке барады:

– *Құштіде кеткен кегін, төгілген ар-намысын қуып бара жатқан жанмын!*

Қодармен күресте Баян оны өзінің тапқыр да батыл репликаларымен жеңеді:

– *Сөз осымен бітсе де, іс мұнымен бітпес, мырза!.. Сұм тағдырым сен болсаң – сен де сына қыз күшін!*

Баянның ер жүректігі мен күштілігінен жеңілген Қодар қатты қысылады:

– *Шын-ақ құлаған жерім осы болғаны ма? Жарға соққандай қирадым да қалдым, міне! Кім бар күлетін – күлсін, кім бар көретін – көрсін! Шын-ақ, жұтатып қайтаратын бола ма осы қыз?*

Қодар Қозы-Көрпешті кездестіргеннен кейін Баянның жауласудың орнына – татуласуға, ұрыстың орнына – бейбітшілікке шақырған сөзінен кейін де қатты тосылып қалады. Бұл психологиялық жағдай көп нүктемен берілген:

Баян: *Баянның дәмелендірген уақыты, айтып-айныған, аярсыған жері бар ма еді, сірә?*

Қодар: *Бар еді дей алмаймын ...*

Баян: *Енді қалай өкпелей аласыз? Ашуға еріп, қастасудың не лайығы бар?*

Ұғынысып, достасып аттанайық та!... Тағы ұсынамын қолымды!..

Баянның дәлелі мен логикасынан жеңілген Қодарға бұл ұсынысты қабылдағаннан басқа амал да қалмайды:

Шалқая алатын не жәй бар менде! Бойдың басылмай, ойдың жасымай тұрған кезінен қалған базына да әшейін ... Сені сүйген Қодар отқа түсуге де әзір еді! Сол Баян достыққа шақырып қолын ұсынса, алмасыма не шара! Міне қолым!

Бұл Қодардың сөзі оның шыншылдығын, жұмсақтығын көрсеткендей болады; оқырман/көрермен, негізінде, Жантық пен Қарабайдың оның ашуланшақтығын, ақылының қысқалығын, менмендігін өздерінің жаман ойларын іске асырудың құралына – ойыншыққа айналдырғанын көреді.

Көріп отырғанымыздай, революцияға дейінгі қазақ қоғамындағы әйел және ер адамның әлеуметтік статусы бойынша ұстанымдары талданып отырған пьесалар кейіпкерлерінің тілінде тапқыр берілген. Қазақ драматургиясының классикалық үлгісіне айналған пьесалар кейіпкерлерінің сөйлеу тілі олардың көп компонентті, әлеуметтік-мәдени феномен ретіндегі – жынысқа қатыстылығын ғана көрсетіп қоймайды, соған байланысты патриархалдық қазақ қоғамындағы кейіпкерлердің әлеуметтік статусы, олардың мінез-құлқын, уәждемесін де айшықтайды деп нақты айтуға болады.

1. Нұрғалиев Р. *Күретапыр. Қазақ драматургиясының поэтикасы (монография) – Алматы: Жазушы, 1973.*

2. Агапова С.Г. *Основы межличностной и межкультурной коммуникации (английский язык) / Серия «Высшее образование». – Ростов н/Д.: Феникс, 2004. – 288 с.*

3. Нерознак В.П. *Языковая личность в гендерном измерении // Гендер: язык, культура, коммуникация: Тез. I междунар. конференции. – М., 1999. – С. 70-71.*

4. Антинескул О.Л. *Прагматический аспект анализа гендерной дифференциации в художественном тексте. Международная науч. конф. «Изменяющийся языковой мир» – Пермь, Пермский госуниверситет, ноябрь, 2001.*

5. Жаданова К.Х. *Культурологический аспект литературного образования в средней школе Казахстана. – Алматы, 2002. – 287 с.*

6. Гачев Г.Д. *Национальные образы мира. – М.: Сов. писатель, 1988. – 447 с.*

7. Сүлейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. *Әлеуметтік лингвистик терминде-рінің сөздігі. Словарь социолнгвистических терминов - Астана: Арма ПВ, 2008. – 392 б.*

Резюме

В статье раскрываются гендерный аспект речи героев казахской драмы, рассматриваются каким образом речь мужчины и женщины зависит от социолнгвистических факторов.

Summary

The article reveals the gender aspect of the Kazakh language characters of the drama, it is seen how the men and women's speech depends on the socio-linguistic factors.

ТҮР-ТҮС КОНЦЕПТІСІНДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨРІНСІ

Р.К. Садықова – ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті

Бүгінгі таңда әлемдік лингвистикада түр-түс атауларының зерттелуіне айрықша мән беріліп келеді. Бұның себептері көп: ең алдымен, атап айтар болсақ, көптеген ғалымдар түр-түс атауларын бірыңғай психологиямен байланыстырады. Өйткені психологтар табиғатта түр-түс толқындары болады, түр-түс дегеніміздің өзі адамның миы мен көзінің жемісі, бұл нерв қатысты деп есептейді.

Физика саласындағы ғалымдарды түр-түстің энергетикалық табиғаты қызықтырады, физиологтар болса, адам көзінің түр-түсті қабылдау үдерісін зерттейді, психологтар түр-түс адамның психология-сына қалай әсер етеді, қандай эмоция туғызады деген мәселелерді қарастырады, гуманитарлық салаларда (көркем әдебиет пен көркем өнерде) түр-түстің эстетикалық қызметіне көңіл бөлінеді.

Ал лингвистикада, оның ішінде, әсіресе, когнитивтік лингвистика саласында түр-түс атауларын сол тілді иеленушілердің әлем бейнесі тұрғысында жинақтаған өмірлік тәжірибесін, рухани болмы-сындағы ерекшеліктерді танытатын тілдік дереккөздер ретінде қарастыру қарқынды жүре бастады. Лингвистикада түр-түс атаулары американдық ғалымдар Л.Уорф, Э.Сепир еңбектерінде тікелей зерттеу нысанына айнала отырып, көптеген жекелеген тіл білімдерінде түр-түс атауларының концептуалдық, символикалық т.б. сипаттары туралы зерттеулердің туындауына түрткі болды. Мысалы, қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын осы тұрғыдан зерттеу нысанына айналдырған еңбектер қатарында Н.Н. Аитованың [1].

Ш.Қ. Жарқынбекованың зерттеулерін [2] атауға болады.

Жалпы тілді ұлттың таным-түсінігі, сана құрылымы, ойлау механизмі туралы мәліметтердің көзі ретінде қарастыру тілді белгілі бір ұлттың рухани-мәдени коды ретінде танытуға бағытталады В.фон Гумбольдт концепцияларымен іліктес жатыр деп ойлаймыз [3, 138 б.].

Түр-түс атаулары, түр-түс символикасы – әрбір халықтың өзіндік феноменін танытатын күрделі құбылыс. Осыған байланысты қазіргі кезде жедел даму үстіндегі тілдердің қолданылуының когни-тивті және прагматикалық аспектілерінің зерттелуінің аясында түр-түс атаулары да жиі қарастырылып келеді. Өйткені түр-түс атауларының лингвистикасы «тіл және ойлау», «тіл және қоғам», «әлемнің тілдік бейнесі» сияқты іргелі мәселелердің жаңа қырларын таныта алады. Сонымен қатар түр-түс атаулары мәдениетаралық коммуникацияда да ерекше маңызға ие. Түр-түс атаулары этномәдени жағынан барынша байлаулы (маркерлі). Түр-түс атаулары – мәдениеттің жемісі, әрі мәдениетті жасайтын фактор; ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі құралы. Зерттеушілердің бұл салаға қызығушылықпен қарауының басты себебі осында.

Сондықтан тілші-ғалымдар түр-түс атауларының барлық аспектілеріне назар аударып келеді. Ғалымдарды төмендегі мәселелер ойландырады:

– әрбір ұлтқа тән маңызды (когнитивті және прагматикалық тұрғыдан) түр-түс атауларын ажырату;

– түр-түс атауларына лингвистикалық парадигма ретінде қарап, зерттеу;

– түр-түсті қабылдау мен оны атаудың универсалиялары;

– лексикалық-семантикалық ақпарат беретін компоненттерді зерделеу;

– түр-түс атауларының семантикалық өрісінің корреляциясын анықтау;

– түр-түс атауларын метатіл ретінде зерттеу;

– әрбір халықтың түр-түс атауларының лингвомәдени ерекшеліктерін салыстырып, кешенді түрде сипаттау және т.б.

Осы аталғандардың ішінде бірнеше аспект айрықша маңызды болып, қазірге дейін, зерттеулердің көп болғандығына қарамастан, қызу пікірталас тудырып отыр. Атап айтқанда, мұндай мәселелердің бірі – әрбір ұлтқа тән маңызды, ұлттық этносимволиканы білдіретін түр-түс атауларын ажырату. Көптеген ғалымдар И.Гётедің жүйесін атап өтеді; ол барлық түр-түс спектрін үш топқа бөлген:

1. Негізгі түстер: сары, көк, қызыл; басқа түстер осы арқылы жасалады.

2. Бірінші дәрежедегі құрамдас түстер – жасыл, қызыл сары (оранжевый), сия көк, бұлар негізгі екі түстің араласуы арқылы жасалады.

3. Екінші дәрежедегі құрамдас түстер – бірінші дәрежедегі түстердің араласуынан пайда болған түстер [4].

Ал америкалық лингвистер Б.Берлин мен П.Кей пікірі бұл мәселенің анық-қанығын ашып берді деп есептеуге болады. Олар 98 тілдегі түр-түс атауларын зерттеп, жинақтаған материалдың негізінде 11 негізгі түсті көрсетеді: *basic colour terms* – *black* (қара), *white* (ақ), *red* (қызыл), *yellow* (сары), *green* (жасыл), *blue* (көк), *brown* (қоңыр), *purple* (алқызыл), *pink* (қызғылт сары), *orange*

(қызылсары), *gray* (сұры) [5].

Яғни, қайсыбір тілде бар болғаны үш қана түс атауы болатын болса, онда олар – *ақ, қара, қызыл*. Орыс тілші ғалымдарының көпшілігі осы жіктемені мойындайды және орыс тілінде 11 негізгі түс бар деп санайды, олар – ағылшын тіліндегі *blue* дегеннің орыс тілінде екі баламасы бар деп есептейді: *blue – көк (синий) және көгілдір (голубой)*.

Б.Берлин мен П.Кейдің жіктелімі негізінде ғалымдар барлық тілдердегі дерлік түр-түс атаулары төмендегідей иерархияда орналасады деп есептейді: *black, white* - > {*red*}- > {*green, yellow*}- > {*blue*}- > {*brown*} → > {*gray, orange, pink, purple*}. Бірақ орыс ғалымы Р. Фрумкина жоғары аталған жікте-меде түр-түс атауларының 11 болып көрсетілуі шартты түрде деп есептейді, солай бола тұрса да, өзінің негізгі түр-түс жіктелімін ұсынбайды. Р.Фрумкинаның пікірінше, негізгі түр-түс атауларының олардың реңктеріне (мысалы, көк-көкшіл) қарсы қойылуы мәдени-тарихи және психологиялық факт болып табылады, олар психофизиологиялық тұрғыдан қарағанда өзара теңбе-тең. Яғни, психофизио-логиялық жақтан түс пен оның реңктеріне бөлу мүмкін емес, бұлайша бөлу әлемнің қарапайым бейнесіне тән. Түр-түс атауларының негізгілерін, маңыздыларын, яғни ұлттық-мәдени ерекшеліктерді белгілей алатындарды ажыратып көрсетуде түр-түс атауының негізгі түбір болатындығы да айтыла-ды. Бұл пікір бойынша, *сұр* – негізгі түс; *сұрғылт* – негізгі түс емес, түстің реңкі. Осыған байланысты орыс тілінде 800-дей атау бар деп айтылады [6].

Ал қазақ тіліне келер болсақ, «Сырға толы түр мен түс» [7] кітабында қазақ тіліндегі түр-түс атауларының саны көрсетілмейді, авторлар түр-түс атауларын біршама санап шығады, бірақ олар толық емес. Бұдан басқа қазақ тіліндегі *құла, шабдар, тарғыл, күрең* деген түстер қазақ ұлты үшін маңызды, бұлардың қазақ халқы үшін этнобасымдығы мен этнорелеванттығы бар. Бұған қазақ көркем әдебиетінің фактілері мен паремология, бастысы, түр-түске қатысты ғылыми зерттеулер айқын дәлел бола алады.

Қазақ тіліндегі этнобасымдық пен этнорелеванттыққа ие түр-түс атауларының талдауына келген-де, А.Тоқтаубайдың ғылыми-зерттеу мақаласының маңызын ерекше көрсетуге болады [8, 15 б.]. Ол: «Қазақта жылқы түстеріне байланысты сөздер өте көп. Қазір біздің картотекамызда жылқы реңіне қатысты 300-ге жуық сөздер бар» деп көрсете келіп, оларды орыс, француз, неміс тілдеріне аудару-дың мүмкін еместігі туралы айтқан шетел ғалымдарының пікірін келтіреді. Және қазақтың жылқыға байланысты шыққан наным-сенімдерінің ішінде осы түлік түсіне байланысты жора-жосықтарды зерттеудің тұрарлық іс екенін дәйектей отырып, қадірленетін жылқы түсіне келгенде, алғашқы орында қаракөк, одан кейін шұбар (оның ішінде, бозшұбар, көкшұбар, байшұбар), бұлардан кейін тобылғы торы, күрең, жирен т.с.с. ретімен баяндайды. Тіпті «Абайдың әкесі Құнанбай өзінің түп-тұқиянын «Қаракөктің тұқымымыз деп ажыратқан» деген деректі де келтіріп, қаракөк түсінің қазақ дүниетанымында ерекше қастерленетініне көптеген дәлелдер келтіреді [8, 15 б.].

Парсы тілінде де түрлі тұқымдас жылқы аттарын беру түр-түс негізінде жүзеге асқан. Әр ақынның шығармасында жылқының дәрежесін оның түр-түсіне көңіл бөлгендігі зерттелінеді. Сонымен әр ақын жылқыға ат беру және түр-түспен суреттеуі шеберлікпен бейнеленген. Бұрынғы кезде түр-түсті тек қана өнер және әдемілікті тануда қолданған болса, бірақ қазіргі таңда түр-түс атауы экономика және өндіріс саласында кең қолданыста. Көптеген поэзиядағы теңеулер мен ойлар түр-түс негізінде туындаған.

Парсы поэзиясындағы түр-түс атаулары негізінен шығарманың мазмұны мен тақырыбына қатысты болған. Көне парсы қасидаларында «Ақындар мереке күндерінде патша сарайларында болып, көктем және күз мезгілдерін суреттеген». Бірақ ақындар өз шығармаларында көктем көрінісін өте көп сурет-теген. Ақындардың ойынша «Ертедегі ирандық ақындар шөл және қуаң даланы, көктемді, Каспийдің жап-жасыл айналасын және Мазендаранның түрлі түсті ормандарын өте керемет суреттеген» [9, 23 б.]. Парсы поэзиясында түр-түстер қолданылды, тақырыбы белгілі болды, бірақ шектеулі. Мысалы: ағарған шаш → кәрілікке, ақ және қара түс → қарға, сары және қызыл → алма, ақ түс → жасмин, лилия және нарцисс гүлге, қара түс → фиалка, жасыл жер → көк шөп және аспан табиғатты бейнелеу-де түрлі түсті формадағы мата немесе түрлі түсті гауһарлармен салыстырған. Қызыл, ақ, қара түстер арқылы сүйіктісін бейнелеген және сары, қызыл түстермен ғашығын суреттеген.

Табиғаттың бір тақырыбы түр-түспен ажарланады, түс әрдайым ақындардың көз елегінде елестей-ді. Түс жайында барлық ақындар ойының оянуы, бір-біріне ұқсамайды. Парсы ақындардың еңбегінде түр-түстер әртүрлі беріледі. Басқа ақындарға қарағанда Фарухи поэзиясында түр-түс атаулары ауқымды берілген. Хақани шығармасында жасыл (زیتونی зайтун-оливковый) және шұбар ала (غیرا ғобайра-шетен жидегі) түс, Низами шығармасында темір түстес түстер кең берілген. Кейбір ақындар шығармасында бір түр-түс атауды әртүрлі мағына берген.

Мысалы: ақындар سبز [сәбз] жасыл түсті → خضرا [хәзәра] → زمردگون [зоморродгун] ашық жасыл → زبرجدین [зәбәрджәдин] зеленый с оливковым оттенком → میناگون [минагун] ашық көк деп көрсеткен, бірақ оның бәрі тек жасыл түсті берген. Хафәз өлеңдерінде қызыл және қара түс көбірек қолданылған. Бұл жағдай ақынның психологиялық ерекше-лігіне қатысты берілген. «Өйткені әр адам өз өмірінде және әр түрлі дәуірде арнайы түстерден ләззат алған немесе өзін тамаша сезінген».

Соңғы жылдары әлем тілдерінде түр-түс атауларын беретін лексикалық тілдік бірліктер құрамы мен саны жағынан күрт өзгеріске ұшырады. Бұған ағылшын тіліндегі лексикалық модельдердің әсері болып отыр. Ағылшын тілінде, әсіресе, жарнама терминдерін беру кезінде сипаттама түр-түс атаулары жиі қолданылады: олар мәдениетаралық қарым-қатынас бойынша орыс тіліне де өтіп, колоростика термин-дерінің қатарын толықтыруда. Орыс тілінде негізгі түр-түс атауларымен қатар объектінің түсін нақты-лайтын атаулар (*изумрудный, малиновый, сиреневый*), түстің реңктерін айқын көрсету үшін приставка қосылып жасалған атаулар (*ярко-синий, светло-коричневый, бледно-розовый*) қолданылады.

Мәдениеттердің өзара тығыз байланысы нәтижесінде аталған түр-түстер қазақ мәдениетінен де орын алды. Алайда тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынаста түр-түстердің орысша атаулары қолданылады (*Көйлек сатып алдым. Түсі өте әдемі – цвета морской волны – ауызекі сөйлеу тілі*). Қазақ көркем әдебиетінде жоғарыда аталған түр-түс атауларының қазақша баламалары мүлдем кездеспейді деуге болады, қазақ суреткерлері негізгі түр-түс атауларын пайдаланады. Жазушы Ғ.Мүсірепов «Кофе с молоком» - дегенді «кофе түстес» деп тілге біртіндеп енгізе беру керек шығар» деп айтқан болатын [10].

Алайда, жоғарыда атап өткеніміздей, қазіргі заманда қазақ тілінде түр-түс атауларын білдіретін лексикалық топтың құрылымы мен құрамы едәуір өзгеріске ұшырады. Бұған әсер етіп отырған жағдайлар: а) экономикалық, әлеуметтік-мәдени байланыстар аясының кеңеюі; ә) жанрдың жеке типі ретінде жарнаманың дамуы; б) әлеуметтік-мәдени байланыстардың негізінде туындаған мәтіндер мен жанрлар типтерінің қазақ тіліне кеңінен аударыла бастауы және осының нәтижесінде өзге тілдердегі түр-түс атауларының қазақша баламаларының ұсынылуы.

Қорытындылай келгенде, соңғы кезеңдерде түр-түс атаулары тақырыбы көптеген зерттеушілердің назарын аударып отыр. Өйткені түр-түс атаулары - әрбір халықтың өз игілігі. В.А. Московичтің көрсетуінше, түр-түс атаулары лейтмотивті сипаттағы, әрбір ұлттың әлемнің бейнесін пайымдауын-дағы эмоционалды образға ие, сонымен қатар дербес авторлық дүниетанымды көрсететін үлкен категория [11, 84 б.]. Шын мәнінде түр-түс атауларын білдіретін сөздер әр тілде де болсын, күрделі және көп деңгейлі түс символикасын білдіретін ауқымды ақпараттық әлеуетке ие болып табылады.

Осыған байланысты бұрын түр-түс атаулары тек лексикология, семасиология саласында тақырып-тық топ көлемінде қарастырылып келсе, кейінгі жылдары бұл мәселе тіларалық коммуникация, концептология, когнитивті және антропоцентрилік лингвистика, психоллингвистика салаларының шеңберінде де кеңінен талдауға түсе бастады. Көптеген еңбектерде әлемнің тілдік бейнесіне қатысты концептілерге, ұлттың этноәлемінің бейнеленуі, менталды кеңістіктегі түр-түс атауларының көрінісі, қоршаған ортаны қабылдаудан туған түр-түс атауларын талдау мәселелеріне көбірек мән беріледі.

1. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 б.

2. Жарқынбекова Ш. Концепты цвета в казахской и русской культурах. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 с.

3. Гумбольдт В. О различении строения человеческих языков и его влияние на духовное развитие человека // В.фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2000, – 400 с.

4. قاسم زاده س.ع. 1382. ص-148. نیکو بخت ن. ، "روانشناسی رنگ در اشعار سهراب سپهری"، فصل نامه.

5. Гачичеладзе Г.Р. Художественный перевод и литературные взаимосвязи. - 2-ое издание, – М.: Советский писатель, 1972. – 262 с.

6. Фрумкина Р.М. Цвет, смысл, сходство. – М.: Наука, 1984. – 174 с.

7. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 95 б.

8. Тоқтаубай А. Тұлпарлар театры // Егемен Қазақстан газеті, 2003. Тамыз (№219-222).

9. de Fouchecour С.Н. La description de la nature dans la poesie lyrique Persane du XI siecle, librairie e.Klincksieck, - Paris, 1969. – 152 p.

10. Мүсірепов Ғ. Түстердің аясы // Қазақ әдебиеті газеті, 1966. - сәуір.

11. Москович В.А. Система цветообозначений в современном английском языке // Вопросы языкознания. – М., 1994. – №6. – С. 84-95.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности наименований видов цветов в культуре казахов.

Summary

The article considers the peculiarities of different kinds of colours in culture of kazakh.

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ГЕНДЕРА В ЯЗЫКЕ

И.В. Межакова

Понятие «гендер» впервые появилось в работе Р.Столлера в 1963 году. В дальнейшем, термин «гендер», заимствованный из лингвистики использовался для культурных характеристик мужчин и женщин в отличии от пола – совокупности биологических характеристик – генетических, физиологических, и репродуктивных. Введение понятия было подготовлено работами М.Мид по этнографии еще в 30-х XX века [1; 5].

Гендер создается обществом как социальная модель женщин и мужчин, определяющая их положение и роль в обществе и в его институтах (семье, политической структуре, экономике, культуре, образования и др.) [6; 6].

Гендерные системы различаются в разных обществах, однако в каждом обществе эти системы асимметричны. Таким образом, что мужчины и все «мужское/маскулинное» (черты характера, модели поведения, профессии и прочее) считаются первичными, значимыми и доминирующими, а женщины и все «женское/феминное» определяется как вторичное, незначительное с социальной точки зрения и подчиненное. Сущностью конструирования гендера является полярность и противоположность. Гендерная система как токовая отражает асимметричные культурные оценки и ожидания, адресуемые людям в зависимости от их пола. С определенного момента времени почти в каждом обществе, где социально предписанные характеристики имеют два гендерных типа, одному биологическому полу предписываются социальные роли, которые считаются культурно вторичными. Не имеет значения, какие это социальные роли: они могут быть различными в разных обществах, но то, что предписывается и приписывается женщинами, оценивается как вторичное (второсортное). Социальные нормы меняются со временем, однако гендерная асимметрия остается. Таким образом, можно сказать, что гендерная система – это социально сконструированная система неравенства по полу. Гендер, таким образом, является одним из способов социальной стратификации общества, который в сочетании с такими социально-демографическими факторами, как раса, национальность, класс, возраст организуют систему социальной иерархии [6; 6-7].

Важную роль в развитии и поддержании гендерной системы играет сознание людей. Конструирование гендерного сознания индивидов происходит по средствам распространения и поддержания социальных и культурных стереотипов, норм и предписаний [6; 7]. Гендерная роль понимается как выполнение определенных социальных предписаний, т.е. соответствующее полу поведения в виде речи, манер, одежды, жестов и прочего. Когда социальное производство гендера становится предметом исследования, обычно рассматривают, как гендер конструируется через институты социализации, разделения труда, семьи, масс-медиа [6; 8].

Современная гендерная теория не пытается оспорить существование тех или иных биологических, социальных, психологических различий между конкретными женщинами и мужчинами. Она просто утверждает, что сам по себе факт различий не так важен, как важна их социокультурная оценка и интерпретация, а так же построение властной системы на основе этих различий. Гендерный подход основан на идеи о том, что важны не биологические и физические различия между мужчинами и женщинами, а то культурное и социальное значение, которое придает общество этим различиям. Основа гендерных исследований является не просто описание различия в статусах, ролях и иных аспектах жизни мужчин и женщин, но анализ власти и доминирования, утверждаемых в обществе через гендерные роли и отношения [6; 9].

Социальные и культурно значимые различия в поведении, обычаях и социализации в целом мужчин и женщин спорадически фиксировались в научном описании, особенно в антропологии и этнографии. Однако идея о разграничении понятий биологического пола и пола социального (гендера) возникла лишь в период постмодернизма [5; 6].

В отличии от категории *sexus* гендерный статус и, соответственно, гендерная иерархия и

гендерно обусловленные модели поведения задаются не природой, а «конструируются» обществом, предписываются институтами социального контроля и культурными традициями [5; 6].

Категория gender была введена в понятийный аппарат науки в конце 60-х начале 70-х годов XX века и использовалась сначала в истории, историографии, социологии и психологии, а затем была воспринята и в лингвистике. Гендерный фактор, учитывающий природный пол человека и его социальные «последствия», является одной из существенных характеристик и на протяжении всей ее жизни определенным образом влияет на ее сознание своей идентичностью [5; 7].

Термин гендер, таким образом, использовался для описания социальных, культурных, психологических аспектов «женского» в сравнении с «мужским», то есть при выделении всего, что формирует черты, нормы, стереотипы, роли, типичные и желаемые для тех кого общество определяет как женщин и мужчин [5; 7].

Вместе с тем в науке до сегодняшнего дня нет единого взгляда на природу гендера. Его относят, с одной стороны, к мыслительным конструктам, или моделям, разработанным с целью более четкого научного описания проблем пола и разграничения его биологических и социокультурных функций. С другой стороны, гендер рассматривается как конструкт социальный, создаваемый обществом, в том числе и посредством языка [5; 7-8].

В США, где гендерные исследования получили статус официальной учебной и научной дисциплины, в справочных изданиях дается следующее определение гендера: «Термин, введенный феминистками с целью выделения социального аспекта различия полов. Когда говорят о различии между существами женского и мужского пола как о различии «пола», то имеется в виду их биологическое различие. Когда говорят о гендере, то исходит из определенных социокультурных дефиниций (определений) понятий женщины и мужчины и предполагают изначально установленное различие их социального положения» [2; 9].

Определение американского социолога Э.Гидденса, на которое в основном опираются отечественные исследователи: «Если пол имеет отношение к физическим, телесным различиям между женщиной и мужчиной, то понятие «гендер» затрагивает их психологические, социальные и культурные особенности. Разграничение пола гендера является фундаментальным. Так как многие различия между женщиной и мужчиной обуславливаются причинами, не являющимися биологическими по своей природе. Если пол индивида биологически детерминирован, то род (гендер) является культурно и социально заданным. Таким образом, существует два пола (мужской и женский) и два рода (мужественный и женственный)» [2; 9-10].

Структуралистическая антропология и социология начала XX века дали принципиально новую перспективу анализа социальных отношений между полами в обществе. Как показывают, например, этнографические исследования Маргарет Мид, в истории цивилизации уже существовала иное распределение ролей в обществе, иное воспитание, иные ценности. И они не как не связаны непосредственно с биологией. Биологическим чертам, особенностям репродуктивной функции, анатомическим параметрам мужчин и женщин придается отличный от западноевропейского смысл [2; 12].

Современная гендерная история – одна из самых бурно развивающихся исторических субдисциплин [3; 95].

«Женская история» как особое научное направление появилась на Западе, на рубеже 1960-1970 гг. Хотя сама «Женская тема» привлекала внимание историков, уже начиная с XIX века, в связи с «первой волной» феминизма, до второй половины XX века женщины редко становились объектами научных сочинений [3; 95].

«Лингвистический поворот» оказал сильное влияние на гендерную историю. Большое внимание стало уделяться изучению литературного дискурса и его связи с социальной действительностью, особенно в переходные эпохи. Были введены в научный оборот понятия женского и мужского письма [3; 96-97].

Понятие «пол» включает в себя черты, непосредственно обусловленные биологическим полом, тогда как «гендер» подразумевает те аспекты мужского и женского причины, возникновения которых неизвестны. В отличие от пола, гендер представляет собой психологическое явление, относящееся к усвоенным формам поведения и установкам сопряженным с биологическим полом (Герриг Р., Зимбардо Ф.) [4; 14].

На смещении половых и гендерных различий асто строится критика гендерного подхода к поведению людей. Вместе с тем далеко не все психологические различия между мужчинами и женщинами тесно связаны с биологическими, а пол и гендер- не взаимодополняющие категории, социальные конструкты человеческой сексуальности. Только один термин делает акцент на биологических особенностях психологических различий и сводит все встречающееся

многообразии к тому или иному строению гениталий, тогда как другой термин подчеркивает социокультурное происхождение психологических различий. И пол, и гендер являются системами условных обозначений, которые формируют определенный порядок между людьми, их отношение к различным проявлениям сексуальности, а также определяют формы представления себя другими людьми в разнообразных практиках социального взаимодействия [4; 15].

В целом вопрос о половых различиях остается достаточно запутанным, и одна из задач заключается в том, чтобы выяснить в какой мере полоролевые стереотипы целесообразны, т.е. соответствуют природе мужчины и женщины, а в какой мере они ошибочны [4; 16].

Выявить мужскую и женскую специфику можно только при их сравнении, а не при изолированном изучении мужчин и женщин. Для науки и женщины и мужчины представляют одинаковый интерес [4; 18].

Основной смысл введения и самого термина «гендер», и всей терминологии гендерных исследований заключается в том, что бы признать: «пол» является продуктом человеческой культуры и должен рассматриваться именно так. Это особенно актуально в наше время, когда культура пола считается важнейшей составляющей общечеловеческой культуры. Гендерная теория оказывает, таким образом, своеобразной метакультурологической теории, которая пытается разобраться с теми смыслами, которые появляются в той или иной культуре по поводу полового диморфизма и отношений возникающих в связи с этим [2; 15-16].

1. Бем С. *Линзы гендера: Трансформация взглядов на проблему неравенства полов [Текст] / Бем С. - М.: РОССПЭН, 2004. - 336 с.*

2. *Введение в гендерные исследования [Текст]: учебное пособие / под ред. Костиковой И.В. - М.: ЗАО Издательство «Аспект Пресс», 2005. – 255 с.*

3. Зайцева, Т.И. *Развитие гендерных исследований в свете истории раннего времени [Текст] / Зайцева Т.И. - Изд-во: Научная редакция «История», 2010. - С. 94-98.*

4. Ильин Е.П. *Пол и гендер [Текст] / Ильин Е.П. - СПб.: Питер, 2010. – 668 с.*

5. Кирилина А.В. *Гендер: Лингвистические аспекты. Монография [Текст] / Кирилина А.В. – М., 1999. - 155 с.*

6. *Словарь гендерных терминов [Текст] / под ред. Денисовой А.А. - М.: Информация XXI век, 2002 - 88 с.*

Түйін

Осы мақала бүгінгі күнгі лингвистикадағы гендердің рөлін қарастырады. Мұнда мәдениет пен қоғамның ерлер мен әйелдерге және олардың тілдік коммуникациясына қатынасын анықтайтын әлеуметтік және мәдени факторлар көрсетілген.

Summary

The article studies the role of gender in the modern linguistics. Here is shown the social and cultural factors, constitutive relations between culture and society for men and women and their language communication.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚИТУ МАЗМҰНЫНЫҢ МӘДЕНИТАНЫМДЫҚ КОМПОНЕНТІ

С.Қ. Рахымжанова – магистр-аға оқытушы

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігі шетел тілін (ШТ) оқыту мазмұнын қайта қарастырудың, оны қалыптастырудың тиімді жолдарын іздеудің қажеттілігін талап етеді. Жаңа ғылыми парадигма шеңберінде мәдениет оқытудың негізі болып табылады. Бұдан мәдени компоненттің мазмұны оқыту үрдісін ұйымдастыруда үлкен мәнге ие болатындығы байқалады.

Бүгінде «мәдениет» концептуалды категориясы анықтамаларының шамамен екі мыңдай түрі бар. ШТ оқыту әдістемесіне қатысты, неғұрлым көпшілікке танымал анықтамалары өз бойында құнды-лықтарды, салт-дәстүрлерді, рәсімдерді және т.б. қамтиды.

П.В. Сысоев мәдениет ұғымының неғұрлым қолайлы анықтамасын берген: «...бүгінде оқытылатын тіл елінің мәдениетін ғалымдар оқушыларға мәдениетаралық қатынастың барабар қатысушылары болуға мүмкіндік беретін білім мен тәжірибенің жиынтығы деп түсінеді. Бұған жоласты мағынаны және түрлі реңкті айтылымдарды ұғыну, газет, журнал және басқа да әдебиеттерді оқу, фильмдер мен теледидар бағдарламаларын көру барысында мәдени, тарихи эпизодтар мен реалияларды дұрыс түсіну, тіл мен мәдениет тасушыларымен қатынас жасауда тәлім мен жоғары толеранттылықты ұғыну жатады» [1, 13].

Жоғарыда айтылғандай, ғылымда шетел тіліне оқытудағы мәдениеттанулық компоненттің атқара-тын рөлінің маңыздылығы айқын болуына қарамастан, бұл мәселеге мүмкіндігінше кең теоретикалық талдау жасала тұра, мәдениетаралық коммуникацияны оқыту үрдісінің технологиялық жағы жеткілік-ті қарастырылмаған. Теория тәжірибе жүзінде бекітіліп отыруы тиіс, бірақ, іс жүзінде, мақсаты өзгер-генімен, оқыту үрдісінің өзі өзгеріссіз қалып отыр: қазіргі кезде шетел тілдері оқытушысының маман-дандырылған дайындығында «тілге мәдениет аясында оқыту» орын алады [2, 22], дегенмен барлық зерттеушілер бір ортақ пікірді бөліседі: шет тілді мәдениетке тілдің көмегімен үйрету қажет, яғни мәдениет шетел тілін меңгеру үрдісінде оқыту пәні ретінде орын алуы тиіс.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, мәдениеттің концептуалды категория ретінде күрделілігі мен көпқырлылығын ұғыну өте маңызды болып табылады, және бұл жерде студенттердің шетел мәдениетін толық меңгеруі жөнінде айту орынсыз. Осыған орай, мынадай бір сұрақ туындайды: егер де мәдениетті зерделеу үрдісі мақсатты түрде бағытталған болса, онда ол мәдениеттің нақты қай бөліміне бағытталуы тиіс? [2, 23].

Бұл жерде А.В. Вартановтың көзқарасымен келіспеуге болмайды, оның көрсетуі бойынша, мәдениетті зерделеу оның дифференциациясын білдіруі тиіс. Бұдан оқытылатын тіл елінің мәдениеті-не қарасты элементтерді таңдау принципі қажет екендігі айқын байқалады.

Ғылыми әдебиеттерде мәдениетті шартты түрде екі компонентке бөлуге болатындығы жөнінде пікір қалыптасқан: зиялы және бұқаралық мәдениет. Зиялы мәдениетке адамды мәдениетті ететіннің бәрі, атап айтқанда: тарихты, өнерді, әдебиетті, дінді, ғылымдарды және т.б. білу, яғни ұлттық қазына деп атауға болатынның бәрін білу.

Бұқаралық мәдениетке әдетте өмір салтын, дағдыларды, тамақтануға, киім киюге және т.б. тән мысалдарды білу, яғни күнделікті өмірдің қалыпты жағдайларындағы тәлім негіздерін білу.

Бұл мәселені зерттеушілердің пікірі бойынша, тәлімдік мәдениетті қамтитын осы қабат, яғни оның тілдік және тілдік емес тәлімнің ережелері бекітілген бөлігі, мәдениетаралық құзыреттілікті қалып-тастырудағы бастау (негіз) ретінде ең үлкен мәнге ие болады.

Бұл пікір П.В. Сысоевтың анықтамасында да көрініс тапқан: «әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің ақырғы сатысы ретінде оқытылатындардың қажетті білім-концептілермен пайдаланып, (қажет жағдайда) өз тәлімін тіл тасушының тәліміне барабар немесе жақын етіп ыңғайлау қабілеті орын алады...» [1, 13].

«Мәдениетті зерделеу үшін, қандай да бір елтанулық реалияны жай түсіндіру жеткіліксіз болады, бұл жерде тіл тасушыларының тәлімдік мәдениетіне көбірек назар аудару қажет» [2, 24].

Осы пікірді бөлісе отыра және тіл тасушыларының тәлімдік мәдениетін нақтылай келе, коммуни-канттардың сөйлеу акіндегі тәлімі, яғни тілдік тәлім туралы айта кеткен жөн.

Аутентті тілдік тәлімді меңгеру мәселесіне өз жұмыстарында О.М. Корчажина да көңіл аударған, ол мұны ШТ оқытуға коммуникативті көзқарас шеңберіндегі маңызды дағдылардың бірі ретінде қарастырады [3, 33].

Аталған автордың жұмысына сүйене отыра, тілдік тәлім мазмұнын құрайтын негізгі ұғымдарды қарастырып көрейік.

Тілдіктәлім мәдениеттің бір бөлігі бола тұра, ұлттық менталитет (немесе «әлем бейнесі»)

ұғымы-мен тығыз байланысты болып табылады, мұндағы ұлттық менталитет нақты қауымдастықтың қорша-ған әлемдегі адамдарды өзіндік қабылдауын қамтитын нақты мәдениет тасушыларының ерекше психологиялық өмір салтын білдіреді. Осы ұғымнан бастау ала отырып, О.М. Корчажкина ұлт пен оның өкілдері үшін ұлттық менталитеттің маңызды құрастырушылары ретінде тілдің өмір сүруі мен қызмет жасауының нысандары, тілдік менталитет ұғымымен біріктірілетін ұлттың тілдік мәдени құндылықтары – тілдік сана мен тілдік қызмет болып табылатынын көрсетеді. «Тілдік менталитет – бұл тілдік сана бейнелері мен оның бұл әлемге тілдік қызмет арқылы енілу тәсілдерінің көмегімен ұлттың қоршаған әлемді қабылдау, көру амалдарының жиынтығы» [3, 34].

Автор тілдік тәлімде көрініс табатын адамның қоршаған ортаға енілуінің тілдік тәсілдерін қарас-тыра келе, тілдік қызмет – тілдік акт – тілдік тәлім сияқты ұғымдардың өзара байланысын ашып көрсетеді.

Тілдік қызмет (ТҚ) деп тіл арқылы ортақ тілдік қауымдастыққа қарасты адамдардың қатынас үлгісі ұғынылады. Тілдік акт (ТА) мақсатты тілдік әрекет, тілдің түрлі жағдайларда және қатынас аяларында дербес, әрі әр кезде жаңаша қолданылуының үрдісі болып табылады. ТА мен ТҚ-ның өзара байланысы екіжақты болып келеді: бір жағынан, ТҚ жүзеге асырылған ТА-ның өнімі ретінде болса, екінші жағынан, ТА-ны жүзеге асыруды мақсат ететін адамның тақырыптық қызметінің бір түрі ретінде бола алады. Тілдік акт тілдің өмір сүруінің, өзектіленуінің нысаны бола тұра, осы тілдің құралдарымен, осы тілдің ережелерімен және осы тілдік ортадағы қатынас жасау ережелерімен жүзеге асырылады. Тілдік актіге ерекше әлеуметтік-мәдени дәреже мен тәртіптілікті тілдің қатынас-тың сыртқы нысанының тасушысы болып табылатын тілдік тәлім береді. Тілдік тәлім тәсілдері ұлттың «мәдени ережелерінің» жасырын жүйесінің сыртқы көрінісі болып табылады.

Сөйтіп, адам тілі тілдік актілерде түрлі айтылымдар түрінде орын ала келе, тілдік тәліммен экстралингвистикалық шындыққа енілудің сыртқы нысаны ретінде рәсімделеді. Айтылымның мазмұнды тұсын айтылатынның мәндік («ұғымдық») сипаттамасы, сонымен қатар, айтылымның шындыққа мағынасының растылығы жағынан (объективті модальділік) қатынасы құрайды. Тілдік тәлімнің мазмұнды тұсы айтылатынның эмоционалдық сипаттамасы болып табылатын сөйлеушінің қарым-қатынас тақырыбына деген қатынасын көрсетуші айтылымның «ұғымдық емес» жағы (субъективті модальділік) болып саналады. Бұдан басқа, тілдік тәлімнің көрнекі компоненті болып қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени аспекті табылады: ТА қатысушыларының нақты тілдік мәдениетке қатыстылығы, олардың өзара жеке тұлғалық қатынастары мен ТА-ге деген көзқарастары, қарым-қатынас жағдайларында бағдар ұстай алуы, қатынас жасау тілін меңгеруі.

«Тілдік тәлім» ұғымына келесі компоненттерді жатқызу орын алған: 1) әңгімелесушілердің вербалды елінулері; 2) әңгімелесушілердің вербалсыз елінулері; 3) тілдік тәлімнің формализаторлары.

Аталған компоненттердің мазмұнын былайша ашуға болады: әңгімелесушілердің вербалды еліну-лері дегеніміз нақты әлеуметтік-мәдени жағдайларда айтылатын және ТА түрлі аспектілерін білдіре-тін «тілдік сөздер» немесе тілдік индикаторлармен берілген фразалар болып табылады. Бұл тілдік әрекеттерді білдіретін айналымдар, яғни ТА-ның басы, барысы және тоқтатылу айналымдары, логикалық біріктіру элементтері, модальдік сөздер мен айтылымдар, түрлі репликалар, жауаптар, қайталаулар, қайта сұраулар және т.б. Мұндай айналымдар тілдің «өнерлі» аспектілері түрінде көрініс табады: атауыш және көмекші сөздердің, қаратпа сөздердің, одағай, түрлі күшейткіш элементтердің түрінде. Бұл тілдік индикаторларды лингвистер, әдетте, тілдегі жүйеліліктің бұзылуы ретінде қарастырады, бірақ, оларсыз «ешбір тірі фраза құрылмайтынын» көрсетеді.

- әңгімелесушілердің вербалсыз елінулері – бұл тұрыс, ымдау, мимика, проксемика элементтері (қарым-қатынастың кеңістік жағдайлары), сөйлеудің рәсімделуінің әуенді-интонациялық компонент-тері және фразалық екпін.

- тілдік тәлімнің формализаторлары немесе тілдік стратегиялар – бұл бейнебір ұйымдастырушы негіз болып табылатын және әңгімелесушілердің вербалды және вербалсыз елінулерін біртұтас тілдік актіге біріктіретін ерекше «дағдылар», стереотиптер немесе тілдік тәлімнің тенденциялары. Тілдік тәлім мәдениетін И.А. Зимняя да қарастырады [4, 398]. Оның пікірінше, адамның тілдік тәлімінің мәдениеті оның айтарлықтай әлеуметтік сипаттамасы ретінде неғұрлым көпқырлы құбылыс болып табылады және өзінің бойында 5 компонентті қамтиды. Бұл компоненттер тілдік қызметке қарасты ішкі де, сыртқы да аспектілерді көрсетеді.

Ішкі аспектілерге И.А. Зимняя келесілерді жатқызады:

- ойлау мәдениеті – ойлау, коммуникативті мәселелерді қалыптастыру мен шешу үрдісі;

- тіл мәдениеті ойды жеткізудегі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құралдар жүйесі-нің жеке тәжірибесіндегі тәртіптілік ретінде;

- тіл мәдениеті сөйлеу барысында тілдің көмегімен ойды қалыптастырудың тәсілі ретінде.

Тілдік қызметтің сыртқы аспектісі (О.М.Корчажинаның өзіндік тілдік тәлім деп атайтыны) келесі компоненттерден тұрады:

- тілдік этикет мәдениеті – әңгімелесушілердің өзара қарым-қатынасын орнату мен оны таңдалған әуезділікте ұстап тұру үшін қоғаммен қабылданып, ұсынылған арнайы ұлттық бірліктердің микрожүйесі;

- соматикалық (денелік) коммуникация мәдениеті барлық вербалсыз құралдардың жиынтығы ретінде (ым, мимика, пантомимика) [4, 398].

Көріп отырғанымыздай, О.М. Корчажина. тілдік тәлімге тек ТҚ-нің сыртқы түрін жатқызады, ал И.А. Зимняя тілдік тәлімге ТҚ-нің сыртқы да, ішкі де аспектілерін жатқызады, дегенмен, компонент-терді осы аспектілерге бөлу орын алған. Дегенмен, біз үшін өте маңызды болып табылатын нәрсе – шетел тілінде коммуникацияны жүзеге асыру барысында ТҚ-нің сыртқы түрін, яғни тілдік тәлім элементтерімен меңгеру, ТҚ-нің ішкі түрімен, яғни лексикалық, грамматикалық және фонетикалық дағдыларымен, тілдік актінің мазмұнды тұсымен – өз ойын жеткізе білумен меңгеруден маңыздылығы еш кем емес болуы.

«Тілдік дағдылар мен біліктерді жақсы меңгеру оқытылушының шет тілді сөзін тілдік тұрғыда дұрыс қылады, ал барабар тілдік тәлімді меңгеру оны тілдік аутенттілік аясына енгізеді: оның нақты жағдайда жүзеге асыратын тілдік актісі оны тілдің тасушысы орындап жатқандай болып өтеді» [3, 34].

Сонымен бірге, И.А. Зимняя «...жеке тұлғаның тілдік тәлім мәдениеті тұлғаның өзекті тілдік тәлімінің сол тілдік қоғамда (тілдік мәдениетте) қабылданған вербалды қатынас, тәлім нормаларына қоғамдық дамудың нақты сатысындағы тілдік этикеттің ережелеріне сәйкестік дәрежесімен айқындалады» [4, 398].

Вербалды елінулерді қоғаммен белгіленген, нақты жағдайларда айтылатын, ерекше ұлттық вербалды бірліктердің микрожүйесі ретінде анықтай келе, бастау айналымдары, ТА барысы мен тоқтатылуы, логикалық біріктіру элементтері, модальды сөздер мен айтылымдар, түрлі репликалар, қайталаулар, қайта сұраулар және т.б., тап осы спецификалық бірліктер оқыту бірліктері болып табылады деп қорытындылауға болады.

А.В. Вартанов тап осы әртүрлі ұлттық спецификалық бірліктердің жүйесін культурама деген жалпы бір ұғым астына біріктіреді.

Әңгіме мәдениетті оқыту жөнінде болғандықтан, А.В. Вартанов мәдениетке оқыту бірлігінің тек тілде көрініс тауып қана қоймай, халықтың мәдениеті мен менталитетін көрсетуі қажет екендігі жөнінде жазады.

«Оқыту бірлігі лингвистикалық сипаттамаларға ие болып қана қоймай, сонымен қатар, мәдени контекстімен тікелей қатынаста қарастырылып, тіл тасушыларының тәлімдік мәдениетін де көрсетуі керек. Ол тілдің лингвистикалық және мәдени компоненттерін қатар иеленетін бірлік ретінде культу-рема бола алады» [2, 24].

Культуреманы оқыту бірлігі ретінде сипаттай келе, А.В. Вартанов бұл тілдік белгінің анықтайтын лексикалық, грамматикалық және интонациялық құрылым, ал анықталатыны – өзіне тән барлық сипаттамалары, қатынас жасау байланыстары мен шарттары бар, оған қатысты болмыс кесіндісі екендігін болжайды, яғни, бұл жерде контекстіге, жағдайға, сөйлеушілердің фондық білімдеріне жүгіну болжалданады, ал тілдік семантика прагматикамен бірігіп кетуі тиіс.

Мәдениетті оқыту бірлігін анықтаудағы мұндай көзқарас, прагматикалық аспектіні тілдік семантикамен байланыстыра отыра, тілдік мәдениет пен менталитеттің бөлігі болып, тілдік тәлімде көрініс табатын, қоршаған болмысқа елінудің ерекше тілдік тәсілдерінің мәнін өте айқын көрсетеді. Демек, культуреманы осы мағынасында оқыту бірлігі ретінде анықтай келе, біз тек елтанымдық ақпаратты айқындаумен шектелмейміз, бұл жерде біз коммуникацияны мәдениетаралық қарым-қатынас контекстінде оқытамыз (немесе П.В. Сысоев бойынша мәдениет бөлігі болып келетін әлеуметтік коммуникацияны оқытамыз).

Прагматика жөнінде айтқан кезде, тағы бір көрсетіп кететін жайт, мәдениетті тіл арқылы оқыту тек түрлі тілдік формулаларды, құрылымдарды, шаблондарды қолдану дағдыларын қалыптастыруды ғана болжап қоймайды. Онда сонымен бірге культуремаларды қолданудың ситуативті ережелері, тілден тыс фактылардың жиынтығы ескерілуі тиіс.

«Культурема күрделі лексикалық құрылымдардан тұрмауы да мүмкін. Мұнда бастысы жағдайдың барабарлығы» [2, 33].

Барабарлық жөнінде И.А. Зимняя да жазады. Ол Н.И. Формановскаяға сүйене отыра, сөйлеу этикетін қолданудың бірнеше аясын береді, мысалы, танысу, қаратпа сөз, амандасу, қоштасу,

кешірім сұрау, өтіну және т.б., оларды тандау барысында ресмилікті (биресмилікті) ескеру, қарым-қатынас жасау жағдайы, адресант пен адресаттың ерекшеліктері (олардың жасы, білімділігі, рөлдік қатынаста-ры және т.б.) көрініс табуы тиіс.

ШТ оқыту мазмұнының мәдениеттанымдық компонентін қарастыра келе, мынадай тұжырымдама-ларды жасауға болады:

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру барысында мәдениет тілдің көмегімен оқытудың тақырыбы болып табылады.

Тіл мен мәдениетті оқытудың негізінде тәлімдік аспект, атап айтқанда, экстралингвистикалық болмысқа еліну тәсілі ретіндегі тілдік тәлімге жатуы тиіс.

Аутентті тілдік тәлім мәдениетаралық коммуникацияны оқыту шеңберіндегі ең маңызды дағды-лардың бірі болып табылады, оларды меңгеру вербалды тәлімнің (тілдік этикеттің) нормаларын меңгеруді білдіреді.

Мәдениетті оқыту бірлігі ретінде культурама тіл дамуының прагматикалық аспектін өзектендіре алады.

Тіл мен мәдениетті оқыту шынайы ортадан тыс жүргізілетіндіктен, яғни коммуниканттар тіл тасушымен шынайы коммуникация жасай алмайтындықтан, ақпараттың аутенттігі өте маңызды болып табылады, мұндай ақпараттың тиімді көзі интернет бола алады.

1. Сысоев П.В. *Язык и культура: в поисках нового направления в преподавании культуры страны изучаемо-го языка.* // *Иностранные языки в школе.* - 2001. - №4. - с. 13.

2. Вартапов А.В. *От обучения иностранным языкам к преподаванию иностранных языков и культур.* // *Иностранные языки в школе.* - 2003. - №2. - с. 22-24.

3. Корчажкина О.М. *Что такое аутентичное речевое поведение.* // *Иностранные языки в школе.* - 2001.-№3. - с. 33, 34.

4. Зимняя И.А. *«Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке».* – М.: Просвещение, 1978. с. 241.

Резюме

В данной статье рассматриваются значение роли культурного компонента при обучении иностранному языку.

Summary

In this article the value of role of cultural component is examined at educating to the foreign language.

ПРОИСХОЖДЕНИЕ, ОБЩЕСТВЕННАЯ ЦЕННОСТЬ И ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ФОРМА ПОГОВОРОК

Э.Алиева – *Институт Фольклора Национальной Академии Наук Азербайджана*

Кашгари обратил внимание на перестановки букв в конце слов. Так, согласно Кашгари, буква *ğ* в конце слова, у огузов всегда превращается в букву *a*. Например, слова *barğı yer* и *turğı yer*, употребляемые другими тюрками, огузы произносят как *barası yer* и *turası yer*. В то же время, Кашгари затронул и вопрос отброса огузами буквы *ğ*, идущей в середине слова. Например, согласно Кашгари, слова *sutğıq* и *təmtəğ*, употребляемые другими тюрками, огузы озвучивают как *sutiq* и *təmtəğ*.

Таким образом, как видим, Махмуд Кашгари наряду с фонетико-морфологическими особенностями других тюркских языков обратил внимание на те же особенности огузского языка, выдвинул на передний план то, какими именно фонетико-морфологическими особенностями огузский язык отличается от других тюркских языков. Здесь следует отметить еще и то, что именно великий тюрко-лог неоднократно доводил до внимания то, что эти правила не мимолетное явление для тюркских языков, в том числе и огузского, а именно неизменяемые законы.

1. Махмуд Кашгари. «Дивану лугат-ит-Тюрк», перевод, перевел Бесим Аталай, - Анкара, 1985.

2. Кононов А.Н. Махмуд Кашгари и его произведение «Дивану лугат-ит-Тюрк». Советская тюркология, №1, - Баку, 1972.

3. Наджип А.Н. Исследование истории тюркских языков XI-XIV веков. – М., 1989.

Түйін

Мақалада Махмуд Қашғаридің «Дивани лугат-ит турк» шығармасындағы түркі тілдері, олардың жағрафия-лық орналасуы және ғылыми жағынан бөлінуі, этникалық ерекшеліктері туралы жазылған. Бұл «Дивани лугат-ит турк» шығармасының жазылуының ең басты мақсаты біріншіден, түркі халықтары туралы мағлұмат беру, лексикалық байлығын көрсету, ең бастысы

араб әлеміне түркі тілінің байлығын көрсету. Автор жалпы мақала-сын Махмуд Қашғари еңбегіне арнаған.

Summary

In the article the work by Mahmud Kashghary “Divani-lughati-it-Turk” becomes the object of research. It is underlined that, Mahmud Kashghary as the first great specialist in Turkic philology conducted the scientific and geographic distribution of the Turkish languages. It informed on languages qypchak, oghuz, tokhsy, yagma, argu and their original properties, has divided these languages mainly on two basic regions. Eastern and Western regions. But despite of all these divisions in the center of “Divan” he has basically included the oghuz language, has given the extensive information on properties of this language. It is possible to tell that, the great apecialist in Turkic philology has shown in comparison all other Turkic languages basically with the oghuz language, tried to compare their distinctive and similar properties to this language.

СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИАЛОГОВОЙ И МОНОЛОГОВОЙ РЕЧИ В СОВРЕМЕННОМ АЗЕРБАЙДЖАНСКОМ ЯЗЫКЕ

Р.Мамедова – Диссертант института языковедения

Диалог - это:

- 1) разговор между двумя или большим количеством людей и организация основной речевой формы в драматических произведениях;
- 2) художественное произведение, записанное в форме разговора.

Диалог - это такая форма речи, при которой каждое выражение направляется непосредственно адресату. С другой стороны, по синтаксическому строению диалога, отличается ограниченной относительной краткостью и простотой отдельных выражений.

Диалог – эта такая форма интеракции между двумя и более собеседниками, при которой собеседники своим репликами отвечают на реплики противной стороны или же, наоборот, побуждают противную сторону проявить реакцию (даже не желая этого напрямую).

Мы исследовали коммуникативные типы реплик, относящихся к диалоговой речи, и исследуются семантические и структурные свойства пар реплик (групп реплик). При изучении реплик мы обратили внимание на изменение их коммуникативной направленности в зависимости от цели. Реплики можно поделить на такие виды, как реплики-реакции и реплики-стимулы. Оба вида носят определенную семантическую нагрузку и служат цели переправления информации.

Реплика-стимул, преимущественно, поощряет (приглашает) собеседников к выражению мыслей. Вторая группа реплик является репликой-реакцией на предыдущие реплики. Информация, переданная посредством реплик, служит различным коммуникативным целям. В реплике может быть дана информация о наличии объекта, происшествии события, существовании и сущности, времени события, или же об общем отношении говорящего к положению дел.

Кроме этого, реплики могут воздействовать на вовлечение собеседника в беседу, выказывание реакции или же продолжение обсуждения, на наведение в коммуникативном направлении.

Свойства реплик-стимулов заключаются в том, что в них часто используются глаголы, обращения и восклицания (междометия) в повелительной форме. Их коммуникативная направленность – это стимулирование беседы, приглашение к разговору.

Реплика диалогической речи может быть реакцией на первую реплику. Подобная коммуникативная направленность присуща репликам реагирующего характера. Реплика-реакция разъясняет, отрицает или же дополняет первую фразу, содержание предлагаемого выражения. Реплика-реакция зависит от предыдущего контекста.

Структурная и грамматическая зависимость вторых реплик в современной лингвистике называет повторной репликой. Монологическая и диалогическая речь без подобных повторов невозможна. Повторение – конструктивный элемент разговорного языка. Даже разделение предложения на части включает в себе конструктивные повторы. Первые реплики могут выражать различные эмоциональные реакции.

В диалогической речи современного азербайджанского языка мы выделили 11 лексико-структурных видов повторений. Выступая с подобных позиций, определить коммуникативную функцию вопроса заметно легче. Принимая во внимание коммуникативную адресацию и характер ответов, возможно выделение следующих соответствующих спрашивающе-отвечающих реплик:

- 1) нейтральный вопрос, подразумевающий ответ;
- 2) включающий примерный характер вопроса-ответа;
- 3) повторный вопрос спрашивающий задает тогда, когда не получает ответ на свой вопрос.

Можно подвести следующие итоги в связи с диалогической речью: изучение синтаксиса азербайджанской диалогической речи со всей ясностью показывает, что во многих случаях диалогическая речь формируется в форме вопросов и ответов. Связность диалогической речи и реплик достигается путем повтора отдельных слов, словосочетаний первых и вторых реплик.

Эти повторы обеспечивают и структурно-грамматические, и смысловые связи между репликами, и, таким образом, имеющиеся в диалоге повторы отличаются от лексико-грамматических повторов. Повторы слов в диалоге может различной по форме и содержанию. Но вместе с тем, он, преследуя структурные цели, привлекает эти диалоги к единому диалогическому единству.

Кроме этого необходимо отметить, что повторы глагольных реплик отличаются от повторов реплик с существительными. Более активными по модели использования среди глагольных повторов являются глагольные соединения, завершающиеся на *maqda*, условная форма глагола. Как языковые особенности исключительно азербайджанского языка, парные типы как *olsa olsun, olmasa olmasın* используются как средство общения между репликами.

Повторы с существительным в составе структурно формируются таким образом, что являются противоположностью моделей глагольных повторов. Отметим, что реплики всех видов носят эмоцио-нально-экспрессивную окраску. Обычно мысль (возражение, подтверждение, недовольство, отрицание, ирония, отвращение), выраженная каждой репликой, является носителем модального отношения. Реплики выражаются модальными словами и особыми модальными интонациями.

Пары реплик являются фундаментальной единицей речи диалоговой формы, они в процессе контактирования выполняют непосредственно коммуникативную цель. Анализ пар реплик (одна из которых стимулирующая, другая же – реагирующего характера) создают условия для обобщения следующих результатов:

1. Вторые (второго типа) реплики диалогической речи структурно-семантических условий порой закономерно выражают себя повторно и, таким образом, появляются особые случаи диалогической речи

2. Вопросительная реплика коммуникативно-синтаксического характера требует определенную схему ответа.

3. Построение ответных реплик не определяется только функционально-семантическим типов вопросительных реплик. Оно связано с общими условиями речевого контекста, глубиной смысловой степени выражения, состоящего из ответа, и, особенно, возможностями субъективного восприятия собеседником вопроса

4. В структурной и смысловой связи диалогового единства повторы реплик должны считаться значимыми. Повторы в диалоге создают фон для нового выражения, новой реплики. Существование и актуализация предложения в репликах достигается определёнными словами, выражениями предложения.

5. Диалогическая речь является основной формой разговорного языка. В нем язык в наглядно выражает свою коммуникативную функцию.

6. Структура вопросов и ответов диалога объясняется с позиций коммуникативной направленности и с этой точки зрения может быть отнесена к речевым универсалиям. Во всех языках вопросительные местоимения и вопросительная интонация является характерным и общим выразительным средством для выражения вопроса.

7. Вопросительные и ответные реплики необходимо воспринимать вместе, как диалогическое единство.

В диссертационной работе исследована и монологическая речь, и получены следующие результаты.

Монолог – принятый литературный способ выражения потенциальных (скрываемых) мыслей персонажа.

В драматическом произведении монологом - относительно широким и являющаяся выражением обширных мыслей героя речь. Это очень интуитивная и страшная речь для сообщения другим персонажам. В лирической поэзии монологом (или драматическим монологом) называется адресованное предполагаемому, молчащему слушателю, и оживляющее речь какого-либо героя стихотворение. В прозе монологом (или же внутренним монологом) выражаются мысли или же чувства персонажа. Монолог в литературной форме характеризует состояние персонажа.

- диалектика размышлений – этот монолог представляет собой логически выстроенную последовательность смысла и ритмических оппозиций;

- поток сознания (внутренний монолог) - рассказ.

В работе проанализированы следующие виды монологов:

1. технический монолог, повествование героем о произошедших или происходящих событиях;

2. лирический монолог, рассказ, раскрывающий все мучения героя;

3. монолог-размышление или монолог-решение, высказываемый перед трудным выбором или принятием какого-либо ответственного решения. В нем герои приводят доказательства «pro» и «contra»

В диссертационной работе были выведены следующие результаты по поводу монолога:

Коммуникативная классификация ответных реакций опирается преимущественно на их смысловой план. Анализ фактических материалов показывает, что выраженная даже одним словом ответная реакция может раскрыть значения искомого неизвестного понятия. Сохранением единства значения и формы, анализ был проведен с учетом логики и структуры речевых сегментов.

Подобное исследование создает почву для создания оптимальной классификации и научного исследования коммуникативных и интонационных свойств ответов на азербайджанском языке. Повторы, используемые в монологической речи, сохранили свой речевой (диалогический) оттенок. Были выведены следующие результаты, связанные со структурно-коммуникативной характеристикой ответного компонента диалога:

- подтверждение фактов в диалогической речи формируется тематическим богатством и множественностью выражений; неизвестный факт определяется, разъясняется, о нем предоставляется информация. При этом констатация фактов всегда осуществляется собеседником и воспринимается говорящим.

Известно, что подтверждающие факты ответы относятся к 4 коммуникативным группам. Различна и структура ответов: эллиптическая, неполная и завершённое синтаксическое построение:

- так, резкий ответ во второй позиции диалога отличается от других коммуникативных видов ответа своей совершенной структурой и более конкретным смыслом;

- в выражении ответа предположение и коммуникативные виды оценки формируются множеством выразительных средств во втором компоненте диалога, структурами, выражающими формальную резкость и завершением;

- коммуникативная направляемость (наведенность) соглашающихся ответов сообщает о единстве мнений, общности взглядов собеседников или же положительной реакции собеседника на вопрос или просьбу говорящего.

Таким образом, в диссертации описаны 7 видов коммуникативных особенностей диалогических единств, существующих в азербайджанском языке. Ответы, охватывающие 30 групп и 150 подгрупп, в зависимости от коммуникативно-смысловой направленности речи собеседников, характеризуются особо.

1. Два типа связной речи - диалог и монолог. Особенности их усвоения детьми // <http://www.detskiysad.ru/rech/395.html>

2. Макарова Л. Монолог и диалог: правила построения и ведения // <http://www.pravmir.ru/monolog-i-dialog-pravila-postroeniya-i-vedeniya/>

Түйін

Автор мақалада қазіргі азербайжан тіліндегі диалог пен монолог тілінің семантикалық-құрылымдық қырла-рына тоқталады.

Summary

Dialogue is conversation between two or a large number of people and the organization of the main speech form in drama works; the work of art which has been written down in the form of conversation. Dialogue is such form of speech at which each expression goes directly to the addressee. On the other hand, on a syntactic structure of dialogue, differs limited relative brevity and simplicity of separate expressions.

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕНУІ

Г.С. Балтабаева – филология ғылымдарының докторы

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, қоғамдағы болған әлеуметтік, саяси, мәдени өзгерістер қазақ прозасына үлкен серпіліс әкелді. Адамның рухани бостандығы мен ерікті ұмтылыстарына қатаң шектеу қойылған, адамның болмысқа деген классикалық қарым-қатынасын түбірімен өзгертіп жіберуге, көркемдік танымға тұсау салынған кеңестік тоталитарлық жүйе – адамзаттың тарихи көшінде, қазақ халқының да даму жолында жүріп өткен бір белес. Тарихтың жарқын беттері болсын, зұлмат кезеңдері болсын ешқайда жоғалып кетпей кейінгі ұрпақтан өзінің бағасын күтіп жататыны белгілі. Сол сияқты кейінгі жылдарда тоталитарлық жүйе қысымын басынан кешкен қазақ халқының қиын тағдыры туралы қазақ прозасында толымды туындылар дүниеге келді. 1920 жылдардан басталған «кеңестік адам» жасау үрдісінде сөз өнері бірте-бірте өз бағыты мен классикалық даму бетінен жаңылып, тізгінін партиялық идеологияға біржола мойын ұсынған болатын. Сөйтіп, тоталитарлық эстетиканың ресми доктринасы – социалистік реализм пайда болды. Бірден жойқын күш алып кеткен социалистік реализмді дәріптеушіліктен «жылмық» жылдары ғана арылып, көркем әдебиетті дамыту-дың альтернативті жолдары қарастырыла бастады.

«Тәуелсіздік жылдар» деп аталатын кезеңнен басталған жаңашыл пайымдаулар рухани түлеудің жаңа бір кезеңі болды да, қазақ әдебиетіне көркем ойлаудағы жаңа ұстанымдарды алып келді. 1991-2009 жылдар көлемінде қазақ прозасында әлемдік өзгерістер мен қоғамдағы қайшылықтар, атап айтар болсақ, саяси, әлеуметтік-философиялық, рухани-психологиялық мәселелер түрлі формада көрініс тапты. Осындай жоталы-жоталы проблемалар адам болмысына әлеуметтік пайыммен анағұрлым тереңірек, жан-жақтылық тұрғысынан келудің, қоғамдық құрылыста қалыптасқан қатынастарға сыншылдық позициядан үңілудің нәтижесінде туған. Мысалы, М.Мағауиннің «Құмырсқа қырғын», «Коммунистік реализм», «Ұлтаралық жанжал», «Қасқыр – Бөрі», «Қисық ағаш», «Қос Ағаш», Т.Нұрмағамбетовтің Ә.Асқардың, А.Алтайдың, Б.Қанатбаевтың т.б. шығармалары әлеуметтік өмірдің ең бір өзекті мәселелеріне, қоғамның рухани келбетін шамалауға сыншылық-философиялық тұрғы-дан келді. Бұл жазушылардың өз қоғамының саяси-рухани нормаларын терістеу философиясы шығармаларындағы сыншылдық пафосқа нұқсанын тигізе алған жоқ.

Әлеуметтік өмір шындығы Б.Қанатбаевтың «Ескі жұрт» әңгімесінде шеберлікпен беріледі. «Жыңғылдың балықшылары ескі қонысты тастап ел ортасына – аймақтың арғы басына ауысып қонған». Каспий теңізі аумағы, Ақтау маңы. Ұлболсын кемпірді ағайындары көшіріп алғысы келсе де ол үш үй ғана тұратын ескі жұрттың қимайды. Тұрғындар кілең кәрі-құртан: құныс шал, Ұштап атты кемпір, әңгіменің аяғында оны да қызы мен күйеу баласы көшіріп алып кетеді. Автор қазақтың ұлттық мінезін Ұлболсын кемпір образы арқылы береді. Қазақтық – ол туған жерге адалдық, аруақты сыйлау, жадпен өмір сүру, жаны қиналса да туған, үйренген мекенін айырбастамау. Балықшылардан қалған жер көзге елестейді. Бұл тұста, автор шынайы суреткер. Ол жасанды мінезді өз кейіпкерлеріне таңбайды. Ұлболсын шалы мен шиегтей кезінде шетінеген үш баласының төмпешік болып жатқанын, дүниедегі ең қимасына санайды. Әңгімеде Ұлболсынның жұма күнгі иіс шығарып, аруаққа құран оқытуға зиратқа барғаны суреттеледі. Ол бұрын шалы барда бейқам болатын: «Шалы барда ұйқысы бір қанбаушы еді». Енді міне, өткенмен өмір сүру пешенесіне жазылған екен. Асыранды ұл Қоныс ержеткенмен өз жөніне кетті. Келінді кемпір бір-ақ рет көрді. Есек пен мысық бұл ескі жұрттың тұрғындарының қатарында, кемпір мысықты да ес көреді. Дүние өзгеріп, ұрпақ ауысқандағы құнды-лықтардың құнсыздануын көрсетеді автор.

Әңгімедегі жалғыздық тақырыбы биік адамгершілік идеясын ұлықтайды. Орыс прозасында Валентин Распутин тәрізді жазушылардың прозасында ғаламдану дәуірінде ескі жұртта қаңырап кәрілік қана қалатынын, келешек жоқ, өткен күннің елесі ғана барын керемет суреттелген.

«Тәуелсіздік кезеңі тіршілігіміздің алуан саласындағы жаңа да жарқын бетбұрыстарға, жаңғыру-ларға бастап отыр. Сондықтан өмір шындығын, өмірлік материалдарды авторлық концепция мен өткір проблемалдарға сабақтастыра таңдау мен толғаудың мән-маңызы айырықша» [1, 94 б.].

Көсемәлі Сәттібайұлының «Жылқыбай жездемнің сақалы» әңгімесінің [2, 94 б.]. астары бүгінгі ұсақталып кеткен қазақ қоғамының бейбіт күнгі мінез-құлқы.

«Осының бәрінің артында, әрине, қабаттасып асыра жамандау деген албасты мен асыра мақтау

деген аяр жүреді. Мен білсем, ақын атам, «дүниедегі қиянаттың бәрін де, міне, осы екеуінен бастала-ды» деп тұр». Автор қоғамда әбден белең алған жағымпаздықты әшкерелейді.

Әңгімедегі айтыскер ақын атанған Жылқыбайдың сақал қоюы кәдімгідей қысыр сөзге айналды, ол кейбіреуге жақпай қалып, сан-саққа жүгіртті.

Жазушы қазақтағы ескілік қалдығын юмормен беруге шебер. «Біздің айдың-күннің амаңында үш төбеге бөлініп отыратын ауылымызға сол «Сақал сүргінінен» аман-есен жеткендердің біреуі Жылқыбай жездемнің иегін сағалап еді, міне, әлгі той мен қазада үш төбеге бөлініп, берілген сый-сияпатқа көңілі толмай қарадай қыңырайып жүретін ағайындарым оны да көп көріп, сыпсыңдай бастады», - осы мәтіндегі үш төбеге бөліну – қазақтың үш жүзге бөлініп, протекционизмге ден қоған трайбализмін тұспалдап тұрған тәрізді. Шығармада қазақтың бүгінгі күні суреттеледі. Қазақ қызын қытай жігіті алған. «Қытайдың қазымыр баласы қазақшаға шорқақ болса да, үш төбенің басында үш күн сайын жиылып, өзді-өзінің ұраны мен ұланын айтып, мақтанудан басқа түк бітірмейтін ағайындарымның аузын топайдай ғып бір сұлуына үйленіп алды. Кәсібі – сауда». Осы Вань-Цзыға Жылқыбай қайнаға болды. Бұл да бір өмір шындығы.

Әңгіменің идеясы қазақ ұлттық тұтастығына зияны тиетін майда-шүйде қылықтарын малданып жүргенде («...біздің үштөбеліктер (төбе-төбе деп бөліне берген соң Жылқыбай екеуіміздің қойып алған атымыз ғой) батыспен де, шығыспен де әлдеқашан андаласып үлгерген. Бұрын орыс келін мен неміс күйеубалаға бет шымшитын апаларым, қазір африкалық абысындарының «амбициясына» да үйренген. Ол жазғандар да анда-санда ат сабылтып келіп тұрады. Мынау қақсаған ханзу бала да әлгі жампаздар шошып жүрген үдерістің біздің ауылға тән бір сипаты», - яғни жаһандану деген жалма-уыздың қазаққа да ауыз салуын жазушы жеңіл қалжыңмен айтады. Туындыда дін тақырыбы да әдемі қозғалады. Мұса пайғамбардың бір мінезін баяндау ретімен қойылған, бүйректен сирақ шығарғып зорлап жамалып тұрған жоқ.

«Бірақ мен өмір бойы мінез-құлқымдағы жаман әдеттерден арылта гөр деп бір Аллахқа жалынып жалбарынумен келемін» - дегенде патша жағасын ұстап таң қалған екен дейді». (Бұл Мұса пайғамбар-дың бейнесін салғанда одан қатыгездік, менмендік, пайдакүнем, таққұмарлық көрініп тұрғанына наразы болған патшаға берген өз жауабы). Яғни, адам баласының болмысы өте күрделі екенін жазушы мойындайды.

Жылқыбайдың жанынан мейірімділік шуағы еседі. Ауылда өмір сүретін зиялы дегісі бар автор Жылқыбайды. Ендеше оның қарсыластары да төңірегінен табыла қалуы заңды. Жылқыбайға жұлды-зы қас – Балғабай. Жылқыбаймен айтысады Балғабай, себебі ол-дағы ауыл ақыны ғой. Екеуі шарпы-сып-ақ қалады сахнада.

«Жақында Балғабай мектепке деректір боп тағайындалды. Жылқыбай жездем де біраз жүгіріп еді, бірақ аудандық білім бөліміндегі сірескен шенеуліктер «сақалыңды күзеп кел, сосын көрерміз» депті. «Көрерміздің» ар жағы шығарып салма сөз екені айтпаса да түсінікті ғой. Қазір ауылдағы білім мен руханияттың басы, көзі, құлағы һәм мұрыны – Балғабай».

Осы Балғабай құлдың ұрсып қарсы алатын аудандық білім бөлімінің бастығының шұлығы тесік екен. Ауылға келгенде, намазға тұрғанда мұнысы көрінді. Шынтуайтында бұл да бір нышан, жазушы-ның көркем образды жасау тәсілі. «- Шұлығын жөндеп кие алмай жүрген мәнжүбас, ел-жұрттың ой-өрісін қалай көтерсін, - деп күрсінді» - бұл Жылқыбайдың балдызына назаланып айтқан бір ауыз сөзі күллі әңгіменің астары мен салмағын көтеріп тұрғаны анық. Артынша ол Мұқағали ақынды еске алады.

«– Көркемтай, бүгін мен түнімен Мұқағалимен сырластым. Аллаһты таныған ақынның бірі сол екен. Кезінде шалақ белсенділерден әбден қорлық көрген Мұқаш: «Я, жаратушы Аллаһым, қолдай гөр! Сүйей гөр мені, сүйей гөр! Қолдары да, қорғаны да жоқ жан ем. Жасаған ием, құлап барам, сүйей бер, пенделерге табына-табына болған ем!» депті». Жылқыбай сияқты адамның қадірін замандастары білмеуін жазушы осы бір Мұқағали ақын образын киліктіру арқылы берелі.

Қазақ қоғамының өркениеттің көшіне ілесе алмай, жақсы мен жаманның, асыл мен жасықтың арасын бөліп, ажырата алмай жүргенін жазушы ұлттық жоғалтуға теңгереді. Ұтыла беретініміз де сол жақсы, құнды дүниелерді өз деңгейінде бағалай алмай, соның себебінен қоршылыққа ұрынатыны-мыздан. Ұлттық идея бұл әңгімеде өте бір нәзік һәм сырты юмор, іші зар астыртын ағыстармен көркем берілген. Мынау әңгімедегі оқиға – қазақтың әр ауылының басындағы хал. Жазушы мұны шебер жеткізе алғаны хақ.

Мәселен, Т.Шапайдың «Домбыра» [3, 79 әңгімесінде автордың дүниені қабылдау сезімі тұнық, нәзік иірімдерге толы мұңымен көңіл аудартады. Домбыра жансыз зат деген ұғым жоқ онда. Әсіресе, ұлттық дүниелерге ерекше елжіреп тұрады. Онысы қазақтығының кепілі дерсің. Кейіпкердің домбыраға сағынышы мистикалық сипат алған. Үйіндегі екі домбыраны ол ескі мен жаңаның мәңгілік тартысы, дилемма ретінде алған. «Шығарма сюжетіне, көркем тартыс барысына тың тыныс, көрікті бояу қосатын да осы этнографиялық детальдар» [4, 79 б.]. Кейіпкер шеберден

домбыра жасап бер деп сұрағанда, ол әнші домбыра ма, күйші домбыра ма деп айырып сұрайды. Бұл екеуі де деп қалады. Расымен сары домбыра ерекше әуезді үнді болып шықты, шапқан сайын зырлаған Құлагер текті домбыра. Ең кереметі, жанаға бауыр басқан сайын ескі домбыра құлазыған тәрізді болады, семіп бара жатты дейді. Бұл ненің белгісі? Қазақ халқының ұлттық құндылықтарының символы. Жаңа әлем кеулеген сайын, модернизация мен ғаламдану молынан енген сайын ескі дүниелер керексіз болып, ысырылып қала береді. Руханиятта да солай. Жаңаның кейде құны жоқ, бірақ оны мүдделі адамдар істейді, сондықтан ескіні шедевр болса да уақытша болсын лақтыруға бейім тұрады.

Кейіпкер домбыраны үнемі жалғызсырап жүретін алыстағы досына арнатып жасатқан. Өзі оны қолына ұстағанда шабыт кернейді: «Күнде жұмыстан соң саусақтарым шымырлап, бойымды зарық буып, үйге асығамын». «Саусақтарым перне қуалай, көсіп сауғанда, жалғанның жарығына ең бір елеусіз, татымсыз дыбыстың өзін қалт жібермей алып шығатын сезімталдығы қандай!». Автор бұл жаңа домбыраны «тылсым, аққу мойын домбыра» деп атайды. Жаңа домбыраға ескі домбыра қарама-қарсы тұрғандай: «дүмі жарық», «қаңсып қалған шанақ үмітсіз, жарықшақ дауыспен мағынасыз қаңқ-қаңқ етті. Домбырада күй жоқ еді». Автор ескісіне еміреніп, оны текті деп атайды. Тектілік бұл контексте қазақтықтың синонимі. Қазақтықтан алыстаған сайын тектілігімізден де арылып бара жатқанымыз ащы шындық. Мынау прагматизм мендеген ессіз дүние өз таңдауын жасады. Әңгіменің идеясы осы. Тұрсынжан Шапайдың барлық әңгімелерінде лықсыған мұннан көз ашырмайтын булығы бар. Оған жалғыздықты түп қазық қылған гротеск қосылғанда тіпті үдеп кетеді.

Бұл әңгімедегі домбыра – тұлға. Ол зат емес, адам бейнелі. Жазушының табысы осы. Домбыра – ұлттық ұғымның символы. Жалпы ұлттық әдебиет - ғасырлар куәсі, бабамыз бен кейінгі ұрпақтың жан сыры, келбеті. Ұлтық болмыс, ұлттық рух, эстетикалық күрделі құбылыс кейіпкер сипатына елеулі әсер етті. Әдебиетімізге Әуезов дәстүрінен нәр алған ұлтжанды кейіпкерлер тобы келіп жатты. Ғалым С.Нұрмұратовтың пікірінше: “Ұлтжандылық – әрбір халықтың ішкі халықтық психологиясы-нан туындайтын құбылыс. Ол - жеке адамның (тұлғаның) өз халқына, жеріне жанашырлықпен, патриотизммен қараушылығын туындаған көзқарастар мен іс-әрекеттердің жиынтығы” [5, 30 б.].

Жазушы Қ.Түменбайдың «Қобыз мұңы» әңгімесінде де [6, 150 б.] ұлттық таным пайымымен жазылған туынды. Мұнда автордың баса назар аударатыны жалғыздық мәселесі. Жалғыздық сипатын өзгеше көрсету үшін онда әкелі-балалы екі ұрпақ өкілінің көзқарас алшақтығы негіз етілген. Қала мен дала дилеммасы көне заманнан жалғасқан, Гилгамеш туралы эпоста да бар. Далада өскен қазақ урбанизация – қалаға шоғырлануға көшті. Далалық болмыстың аяғына тұсау түсті. «Қобыздың мұңы» – қазақтың ұлттық шері. Таршылыққа басын салып, асфальтта өскен ұрпақтың санасы жоғалды. Бірақ ішінде бірен-саран тектінің тұяқтары өз болмысын жоғалтпауға тырысты. Әңгіме кейіпкері жас қыздың аты Бәла. Ол әуелде скрипканы оқиды. Желтоқсан көтерілісі кезінде оның ұлттық рухы оянады, ол скрипкадан жеріп, қобызға ауысады. Әңгіменің екінші кейіпкері қыздың әкесі Хайдар Алпамысов органда істейді. Қызы мен әкесі екі түрлі болмыс. Бір қанның екіге жарылуы. М.Мағауин таңбалаған жармақ жаратылыс, ұлтсыздану зардабы. Қыздың әкесі жаны қаламаса да өз қағынан безінуге мәжбүр. Ол бастық, бұйрыққа бағынады. Әкесі кофе ішеді, коньяк жұтады, қызының кенет қобызға ғашық болғанына наразы. Әкесі қобызды жамандағанда еуропалықтың эстеттігімен күстана-лайтын тәрзіденеді: «Бақсылар тартқан. Ескіліктің қалдығы. Екі аяқтың арасына қысып алып тарта-ды. Скрипканы мойнына тигізіп... как красиво. Қобыздың тілеуі жаман дейді». Қыз болса қыл қобыз-дың күңіренген үнінен марқұм анасының үні құлағына келеді. Бәлаға скрипканы Крепс деген кемпір-ді жалдап үйреткен. Бірақ ол жат кемпір қазақ қызына бір жібімей кетті. Қыз «Отырар сазы» ұлт-аспаптық оркестрінен соң қобызды жанына балайды.

Уақыт желтоқсан көтерілісінен соңғы ызғарлы кезең. Қазақтықты, ұлтқа етене тән дүниелерді айтуға болмайды. Бәла қобызды қоғамдағы қысастыққа қарсы төтеп беру үшін сүйіп таңдайды. Әйтпесе жанын жеген жалғыздыққа төзу қиын. Әкесінің бас құрамай жүргені де жанына батады. Автор Бәла сияқты адал сүт емген қыздар ұлттың анасы болуға лайық екеніне мегзейді. Қызы тартқан қобыз сарынынан әңгіме соңында әкесі жылайды. Отанына оралу, жадын жаңғырту киелі қобыз бейнесі арқылы беріледі, ол бабалар рухы.

Автордан көркемдік деталь ретінде алып отырған қобызы – халқымыздың ұлттық аспаптарының ішіндегі ең көне аспап. X-XI ғасырларда өмір сүрген Қорқыт ата дәуірінен бері қылқобыздың сарыны үзілмей келеді.

Қылқобыз – екі ішекті, ыспалы музыкалық аспап. Жалпы, ұлттық аспаптардың ішінде қобыз үнге бай, киелі, қасиетті деп танылады. Сонымен қатар, қанша ғасырлар қойнауынан жетсе де қобыздың бұрынғы түрі мен қазіргі түріндегі үні бір сарынды. Себебі, оның ішегі ықылым

заманнан бері жылқының қылынан тартылып келеді һәм ысқышы да қыл. Оның қылқобыз аталуы да сондықтан.

Әсілі, қобызға ұқсайтын тері тартылған аспап Қытай мен Кореяда да бар. Бірақ, олар қылдың орнына темір ішектер салады. Сондықтан, олар қазақтың қобызындай қоңыр үн бермейді. Қылқобыз-ды халқымыз киелі аспап ретінде қастерлейді. Қазақ қобыздың үні шыққан жерге жын-шайтан жоламайды деп ырымдайды. Ертеде бабаларымыз қобызды төріне іліп қойып, бақсыларға оқытатын болған. Ондай ырым қазір де кездеседі.

Яғни, бұл әңгімедегі кейіпкер жалғыздығы ұлттық сипат алуымен де құнды. Ұлттың жанына түскен зардаптар аңғартылады.

Шығармада желтоқсан оқиғасының лебі бар. Мысалы: әңгімеде шынайы образдар эпизод арқылы болса да айтылады: Қасен Қожахмет пен Қайрат Рысқұлбеков. Отаршылдыққа деген – өшпенділік пен тәуелсіздікке сүйіспеншілік сезімінен туған рух күші шығарманың әлеуметтік айқын бағдары.

Қорыта келгенде, тәуелсіздік кезеңімен бірге келген қоғамдық-экономикалық өзгерістер қазақ прозасына да жаңа леп алып келді. Ұлттық идеяға негізделген біршама дүниелер келді. Осы аталмыш кезеңдегі жер мен ел тағдыры, «қазақтың алтын бесігі – ауыл» тақырыбы мұғалімнің ұлттық таным, ұлттық рухты бейнелеп жазған туындылардың өзіндік ерекшеліктері болды. Ол ерекшелік алдымен өмір шындығының көркем шындыққа айналу формасында болды. Аталмыш кезеңге дейін кеңестік жүйе қыспағынан еркін ажырап шыққан қазақ әдебиеті алғашында абдырап қалғаны да рас-тын. Ұлттық салт-дәстүрімізді, ислами құндылықтарымызды дәріптеп, қазақшылығымызды жоғары көтеріп бейне-леген туындылармен бірге саяси-әлеуметтік өміріміздегі болып жатқан өзгерістер: ауылдың қаңырап бос қалуы, алып-сатқан саудагерлермен, бизнесмендер мен қарапайым адамдар бейнесінің шындығы шынайы әлеуметтік пайыммен бедерленді.

1. Әбдезұлы Қ. Тәкен Әлімқұлов және қазақ прозасы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 174 б.
2. Көсемәлі Сәттібайұлының «Жылқыбай жездемнің сақалы» әңгімесі // «Қазақ әдебиеті» газеті №13, 28.03.2008 ж.
3. Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. Әдеби-сын мақалалар. - Алматы: Жазушы, 1989. -190 б.
4. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. - Алматы: Паритет, 2008.- 407 б.
5. Нұрмұратов С. Ұлттық болмыс пен ұлттық сана. - Алматы: Жазушы, 1996. – 185 б.
6. Түменбай Қ. Қобыз мұңы. – Алматы: Жазушы, 2008.

Резюме

Автор в статье рассматривает национальную идею в современной казахской прозе.

Summary

The article is considered national idea of modern kazakh prose.

ФОЛЬКЛОР КАК ОТРАЖЕНИЕ ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА

А.Шинтемирова - преподаватель кафедры практического русского языка КазНПУ им. Абая

Как известно, фольклор является сокровищницей народной мудрости. На земле нет ни одного народа без своих обычаев, обрядов, традиций. Все они испокон веков накапливали и сохраняли свою культуру. Художественная литература казахов из-за кочевого образа жизни своих предков более всего сохранилась в словесном выражении, в устном народном творчестве.

Открытое пространство, свежий воздух, прекрасное звездное небо, звуки природы, уединение располагали номада к тонкому, поэтическому восприятию мира.

Эпос, сказки, пословицы и поговорки, песни, легенды отражают историю духовной культуры. Борьба батыров казахского героического эпоса с врагами, обряды (свадебные, траурные) передают реальные события, быт и традиции нашего народа.

Степные батыры являются олицетворением лучших народных общечеловеческих черт и качеств: благородства, честности, неподкупности, храбрости. Қобыланды, Ер Тарғын, Алпамыс, Қамбар – не вымышленные герои, а скорее всего реальные лица. Надо отметить, что степняки были далеки от свободы художественного вымысла в современном понимании. Это батыры с недюжинной силой, мужеством, благородством, умом. Например, Қара Қыпшақ Қобыланды является исторической лично-стью, жившей в государстве “кочевых узбеков”, о чем пишет

Шакарим Кудайбердыұлы.

В фольклоре передаются думы народа, его помыслы, чаяния и надежды, т.е. мировосприятие, миропонимание наших предков.

Общеизвестно, самыми лучшими воинами считались степняки. Слава о их доблести гремела и на Руси, многочисленные отборные войска Иран-шаха состояла из номадов, в далеком Мисре (Египте) пользовались успехом воины из кипчаков (вспомним хотя бы султана Бейбарыса). Именно физическая сила, выносливость, смелость оцениваются лишь как следствие, производное от духовных качеств. Как писал О.Сулейменов, “аруахи” поддерживали воинов. Батыр берет силы не столько из пищи и сна, а сколько из трансцендентного начала – “аруах”.

Бермесен, өзің қуат, Құдайым-ай,

Мен жалғыз, өзің жалғыз бұ қалмақ көп /1; 144/.

Кыдыр-ата, чильтены, аруахи - ведущие персонажи устного народного творчества казахов. Таково было восприятие степняков, и не случайно в борьбе за свободу казахские воины обращались к Аллаху, святым.

Персонажам эпосов “Алпамыс”, “Қобыланды батыр”, “Қамбар батыр”, “Ер Сайын” приходят на помощь Кыдыр ата, Баба Тукты Шашты Азиз, “Жеті пір” “Семь святых”, “кәміл пірлер” (“совершен-ные святые”), сам пророк Мухаммед, праведные халифы.

«Алла көмек берген соң, Пірлер қолмен сүйеді» /2; 201/

Или:

«Сексен сегіз серулер тоқсан тоғыз мың машайық менің атым шашты Әзиз» /3; 174/

В казахском эпосе положительным героям покровительствуют чильтены. Представления об этих сверхъестественных силах пришли к казахам под влиянием суфизма. Шейхи считали, что во все времена миром по воле Аллаха незримо руководят святые. О покровительстве и чудесах “чильтенов” в “Алпамысе” говорится:

“Сол уақытта батырға

Атса мылтық өтпеді.

Шапса қылыш кеспеді.

Ғайып ерен қырық шілтен

Қолтықтан сүйеп демеді”./3; 208/

Особняком в казахском фольклоре находится образ Хидра, известного в народе как Кыдыр-ата. Это, пожалуй, самый запоминающийся и яркий образ в устном народном творчестве казахов /1; 96/.

Образ старца, странника, чудотворца оказал колоссальное влияние на мировосприятие, на уклад жизни степняков. С именем удивительного Хизра связаны успех, божья благодать, богатство, рождение детей. Казахское гостепримство берет свое начало именно со слов “Қырықтың бірі - Қыдыр”. Народная мораль, высокий гуманизм, благородство связаны с верой в Хизра.

Он вечен, так как испил живую воду. Постоянно покровительствует плывущим по морю, спасает от джиннов, оберегает от краж и пожаров. Дарит людям счастье и достаток. Но он незряч и невидим. Чтобы получить от святого помощь или благо, надо увидеть его или же нужно быть видимым им. Для этого необходимо зажечь костер, лампу или что-нибудь другое, лишь бы был свет. Он любит белый свет и является только к свету. Считается, что там, где прошел Хизр, вырастает зеленая трава. Вот и прозвали его с детства Хизр, что в переводе с арабского означает “зеленый”.

Считают что Хизр пьет, ест, спит, даже был несколько раз женат, нередко гостит у людей, беседует с ними. Каждые пятьсот лет части тела у него обновляются. Может являться и во сне.

О встречах с “накиб ал – аулие” и беседах с ними говорил Иассави: “Известно, что на протяжении всей жизни святые люди и пророки-хранители и передатчики божественного сакрального знания сопровождали и опекали Иассауи, оказывая ему всяческую помощь.

Ахмет был отмечен особыми знаками внимания со стороны божественных сил. Его посещали и с ним общались в первый год жизни – аруахи, во второй – пророки, в третий – чильтены, в четвертый – пророк Мухаммед и Хизр-Баба /8; 41/. Одни из этих святых людей и духовных существ были связаны с местными доисламскими верованиями, шаманизмом (аруахи, чильтены), другие с исламом и суфизмом. Они подготавливали Ахмета к вступлению на путь служения Аллаху, передавали ему сакральное знание, благословляли и посвящали его.

В «Диуани хикмет» есть эпизод, где 31-летний Иассауи пьет “вино” с святым Хызыр Баба, /8; 48/, ведь способ общения со святыми людьми, согласно доисламской традиции у иранцев и тюрок, проходил “путем передачи избраннику символической чаши с вином, либо совместного винопития у шейха”. С ними связаны многочисленные проявления божественной любви.”

В одной из своих работ Ибн Араби отмечает, что за всю свою жизнь он виделся с Хизром несколько раз. Хаким-Ата, Бистами, Зуннун Мисри, Тирмизи, Абу Саид, ибн Аби-л-Хайр и др. делились, что им посчастливилось видеть и говорить с самим “Хизр Ильясом” /11; 95/.

К героическому эпосу близки по форме и идейному содержанию исторические песни или сказания о ханах и батырах. В исторических сказаниях «Қаракерей Қабанбай», «Жанқожа батыр», «Өтеген батыр», «Райымбек батыр», «Бөгенбай батыр» и других героями выступают известные в истории борцы за национальную независимость, которые также в бою выступают за исламскими идеями: «Исатай мен Махамбет қылыш ұрып кәуірге Жеткерген ерлік шыңдауын».

Жанхожа батыр в песне восхваляется за то, что он неизменно, с презрением отказывался брать подарки от «кафиров», когда те (калмыки, китайцы, русские) желали подкупить его:

*“Бір мінезі батырдың
Қолына нәрсе алмайды
Кәуір, қалмақ, шүршіттен” /4; 177/.*

В средние века в степи особой популярностью пользовались сказания о подвигах Мухаммеда и его сподвижников - «киссы», «дастаны», возникшие из раннеисламского жанра-сиры. Исполнителей киссы называли «киссашы». Известны многочисленные тиражи их в типографиях Оренбурга, Казани, Уфы. Киссы о доблестных подвигах пророка Мухаммеда и его сподвижников (сахаба) сильно напоминали традиционный казахский героический эпос. Киссы оказали положительное воздействие на воспитание народных масс, укрепили веру в бога, учили стойкости, терпению.

Именно через киссы, дастаны пришли в казахский язык арабо-персидские слова, усилилось присутствие религиозной терминологии.

Среди казахов широко известны киссы о Халифе Али, который был образцом для подражания не только для шиитов, но и суннитов. В казахском фольклоре Али именуют по-разному: «Әли батыр», «Ер Әли», «Әлішер», «Шажимардан», «Әзірет Әлі арыстан». В поэмах Али – богатырь и истинно верующий, поборник справедливости, совершающий подвиги во славу Аллаха. Мощь и храбрость дает ему Ислам, Коран заряжает его неиссякаемой энергией, духом и мудростью. Незабвенный конь героя – Дюль-дюль, а также меч Зульфикар, который получен в дар от самого пророка помогают ему в борьбе с врагами.

Благодарным казахским слушателем были приняты, обработаны в казахском духе киссы и дастаны. «Сейфульмалик», «Жусип - Зулейха», «Лейли и Меджун», «Тахир и Зухра», «Бозжигит», «Сақыпжамал», «Жум-Жума», «Асылбек и Гульжахан», «Бозторгай», «Сын царя Абдиль Малик» вошли и заняли достойное место в казахской литературе. Считаю, что восточные произведения обогатили нашу культуру, привнесли новое и интересное .

Основная тема дастанов о Сейфульмалике и Бозжигите – религиозная. Герои мечтают о возвышенной любви, в победу правды и справедливости. Жизненные невзгоды персонажей преодолеваются благодаря вере в Аллаха /5; 52/.

*«Басты берген Алламыз, Ризық берсе керек-ті.
Дене жаратқан Алламыз, өзі сақтар пендесін».*

В дастане «Сейфульмалик» действие разворачивается на Ближнем Востоке. На пути к любви и счастью багдадский юноша Сейфульмалик и его возлюбленная Бадигульжамал проходят через испытания, им встречаются враги, пери, джинны, драконы и пр. Силой духа, верой, терпением и мужеством они добиваются справедливости. Киссы сыграли важную роль в формировании духовных идеалов казахского народа. Ш.Уалиханов отмечает, что степняк вырос на восточных сказаниях о Сулеймане, багдадских царевичах.

Песни, сказки, легенды, пословицы и поговорки, загадки, анекдоты основаны на суфийской морали, образцом здесь выступает верующий мусульманин. Большинство казахских сказок имеют арабское происхождение (“Тысячи и одна ночь”). Их сюжеты, главные герои характерны всем мусульманским сказкам и навеяны религиозными верованиями.

Общеизвестны сказки о Лукман-хакиме, мудрейшем Сулеймане, о щедром Атымтае. Сказки насыщены восточным колоритом. В них присутствуют пери, джинны, шайтаны, дивы, птица Самрук, ковер-самолет. Часто события разворачиваются в Багдаде, Мисре (Египте), действующие лица-цари, визири, духовные лица .

До сих пор самым любимым персонажем является чудак Ходжа Насреддин. Перед нами набожный, религиозный, немного наивный, простодушный человек. Все, что связано с этим муллой (мастером), имеет суфийскую подоплеку. Он «является классическим персонажем, придуманным дервишами для фиксации ситуаций, в которых определенные состояния ума проявляются более отчетливо» /12; 81/. До революции казахи называли этого знаменитого юмориста мусульманского фольклора «Қожа насыр аулие».

Глубокое проникновение в народное сознание религиозной морали, хадисов Пророка, суфийских заповедей показывают поговорки, афоризмы: «Ұят бар жерде, иман бар», «Ерлік білекте емес, жүректе», «Аққа Құдай жақ», «Құдай деген құр қалмас», «Жалғыздың жары Құдай», «Халықтан ұял, Құдайдан қорық», «Құдайға сенген құстай ұшар, адамға сенген мұрттай ұшар», «Таңдағы тамақ Тәңірден», «Киімі жаманды ит қабады, пейілі жаманды Тәңірім табады», «Пәледен машайық қашып құтылыпты», «Өз нәпсісін жеңген батыр» и др.

Рупором мусульманских идей является жарамазан. Эти песни исполняются во время мусульманского поста. В них глубоко религиозные идеи и образы выражены самым непосредственным образом. Немаловажно отметить, что исполнители эпосов, жырау, дастанов или акыны всегда начинали свое выступление со слов «Бисмилля» (перед айтысом соперники приветствовали друг друга и собравшийся народ со словами «Ассалаумалейкум»).

Таким образом, это лишь часть «айсберга» под названием фольклор, который отражает миропонимание, мировосприятие, духовную культуру в (свете ислама) казахского народа.

1. Көпеев М.Ж. Екі томдық - Алматы, 1992.
2. Ел қазынасы - ескі сөз. В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. - Алматы, 1994.
3. Алпамыс батыр // Ақсауыт. 1т. - Алматы, 1979.
4. Жұлдыз. 1999. №1.
5. Ғашықтық дастандар. - Алматы, 2005.
6. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Діни дастандар. 11 том. - Алматы, 2005, 12, 15, 16 том.
7. Рахманқұл Бердібай. Эпос - ел қазынасы. - Алматы, 1995.
8. Қожа Ахмет Иассауи. Хикмет жинақ - Алматы, 1998.
9. Каскабасов С.А. Золотая жила - Астана, 2000.
10. Батырлар жыры. 3 томдық - Алматы, 1964.
11. Вестник КазНПУ. Серия "Филологические науки" №1 (31), 2010.
12. Идрис Шах. Суфизм. - М., 1994.
13. Андреев М.С. Чильтаны в среднеазиатских верованиях. - Ташкент, 1927.
14. Ислам на территории бывшей Российской империи. - М., 1999.
15. Кумисбаев У.К. Казахские и персидско-арабские литературные связи XIX-XX вв. - Алма-Ата, 1989.
16. Сатпаева Ш.К. Казахская литература и Восток (Из истории литературных связей.) - Алма-Ата, 1982.
17. Вестник КазНПУ. Серия "Филологические науки" №3 (31), 2012.

Түйін

Аталған мақалада ауыз әдебиет арқылы қазақ халқының рухани мәдениеті, тарихы, діни көзқарасы көрсетіледі.

Summary

The article talks about what folklore is a reflection of the worldview, spiritual culture and the history of Kazakh people.

М.КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ БАСТАУ КӨЗДЕРІ

А.Тоқсамбаева – ф.ғ.к.

Қазақ халқының орыс еліне бодандығы елімізді ең алдымен тәуелсіздігінен айырды. Бұдан соң өзгеріс ұлтымыздың өзіндік ерекшелікке толы шаруа тіршілігіне келеді. Алаш жұртының өз әкімдері, жоғалып, өз билігі өз қолынан кетіп, патша үкіметінің қолымен сайланған ұлықтар отырған соң, орыс үкіметі қазақ даласын уысынан біржола шықпайтындай қылып, саяси-экономикалық бағындырудың әдіс-амалын бұрыннан ойлап, дайындап жүрген дәстүрлі өз нәтижесін беріп жүрген жолы бойынша жылдамдатып жүргізе бастады. Талай жылдай қазақтың этно-психологиялық аңысын аңдып, әлсіз тұстарын есепке алып, тамыршыдай тамырын ұстап келген соң, біржола басына нокта түсіретін мезгіл жетті деген уақытта қазақ сахрасының көзі түскен шұрайлы жерін елмен еш есептеспей тартып ала бастады. Бұл алаштың көптен күткен зор сұмдығының бірі осы еді, орыс үкіметі оны да іске асыруға белсене кірісті. Жерлердің патша меншігіне біржола алынумен қатар, үкімет әуелі қазақ даласын айнала сызып, шеткі қалаларын салып, ел қондырды. Содан біраз заман өткен соң қалың қазақтың ортасын жарып, тағы бір рет бекіністік маңызы бар қалаларын салды. Барлығына да үкіме-тін, әскерін, саудагерін әкелді. Осы өздері қазаққа керексіз басы артық жер санаған алқаптарға Ресей-дің қара шекпен мүжықтарын әкеп қондырды. Бұрынғы азат та, бұла кезеңдегі хан тұқымы, бұрынғы би, бұрынғы елдің қамын ойлайтын түзу адамның бәрі шетке қағылып, қыбыр еткен ісі болса барлығы да орыс қуатымен, орыс қолымен жүргізілетін әрі істейтін болды. Бір “заңнан” кейін екінші “заң” шығарып, ел тіршілігінің азаттық шеңбері мүлдем қусырылып тарыла бастады. Бұрын орыс билігі қайыс нокта болып созылса, енді ол көндей кеуіп, темір құрсаудай болып, алаштың тынысын тарылта қысып қинай бастады. Сайлау, билік, жүріс-тұрыс, көші-қон түгелімен бұрынғыдай ел ықтиярында емес, елдің үстінде қара бұлттай төніп тұрған жаттың ықтиярындағы шаруаға айналды.

Кешегі Абылай ханның тұсында орысқа бағынуды сөз қылғанда осы хал болады-ау деп қайғырып, қаралы сөз қылған ел басшылары көп еді. Сол дәуірдің ханы мен биі, кәриясы мен жырауы, игі жақсысы түгелдей келесі заманның түнеріп бұзылатын қалпын айтып, зарлатып күйін айтып, жырлап өткен секілді. Солардың сөзін есіткен кейінгі толқын өз тұсында алдыңғының айтқан сөзі айна қатесіз келіп, солардың сәуегейлікпен айтып шошытқан дұзақ орнаған заман болатындығы айна қатесіз қазақ басына орнағанына куә болды. Сол себепті олар бұрынғы жақсыларын ғайыпты болжаған әулиедей көрді, кейінгі заманда көріп тұрған күннің ауырлығын айтып күніренген ел, алдыңғы өткен жақсыла-рының аруағынан айналып, басқан ізін торқадай көріп тәуіп етті.

Осындай хал-ахуалда дүние есігін ашқан М.Көпейұлы көкірегіне өлең ұялаған кезден бастап, көбіне халық ауыз әдебиетінен сусындап өскен болатын. Сондықтан, ақын шығармашылығы қалыптасуының түрлі кезеңдерінде қазақ әдебиетінде әбден қалыптасқан дәстүрлі екі бағытта өрбіді: бірі – фольклор жинаушысы; екіншісі – ауыз әдебиеті жанрларын жаңа әдеби жағдайға байланысты өз шығармаларында жазба әдебиеті ерекшелігіне орайластырып пайдаланғаны. Бұл туралы М.Әуезов [1], С.Мұқанов [2] т.б. ғалымдар тарапынан жан-жақты сөз етілді.

Сол дәуір ақындары халық ұғым-түсінігіндегі эпикалық жыр, көне миф, тарихи-діни аңыздар мен ертегілердің барлығын өзінше барлап, өзінше көкірегіне тоқып, ақындық қазанында пісіріп, әсем сөзбен айшықтап елге танытты. Солар сияқты Мәшһүр ақын да ұлттың ортақ қазынасына бей-жай қарамай, одан үйреніп, өз шығармашылық үдерісінде қажетіне жарата, романтикалық рухта асқақтата жырлады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, романтик ақын ретінде Мәшһүрдің фольклор үлгілерін пайдалануы түрліше болып келеді. Ескі түркілік талғам мен талап ислам түсінігіне ыңғайлана түрленіп, жаңғырып жаңаша ұғындырылса, енді бірде халық ескілігі еш боямсыз беріліп отырылады. Қазақ әдебиетінің классигі С.Мұқанов өзінің діни-имандылық тәлім-тәрбиені қалай алғандығын және діни дастандардың ауылдастарына қалай эстетикалық әсер еткенін “Өмір мектебінің” бірінші кітабында жеріне жеткізе тамаша баяндап, өзі куә болған қисса оқу дәстүрінің елдің рухани қажетті-лігін XX ғасыр басында қалай өтегендігін ағынан жарыла жазып кетті.

Қазақ әдебиетінде осы айтылған жүз жылдық дәуірден қалған ізбен келген белгі өлгенше көп, сол белгілердің бір алуаны Кенесары, Исатай өлеңдері сияқты болса, екінші бір алуаны – елдің ақыны мен жыраулары айтқан толғау, тақпақ өлеңдері болады. Енді осылардың қатарына Молда Мұса, Тұрмағанбет, Мәшһүр сияқты жаңа буын ақындардың өмірді өздерінше ескі үлгімен, енді есік қаққан жаңаны араластырып баяндауы қазақ әдебиетінің бағы болды десек қате айтқандығымыз.

Мәшһүрдің шығармашылығындағы әдеби дәстүр жалғастығы бір-бірімен астасып, әрі қоса

қабат-тасып жатқан ірі-ірі төрт арнадан тұрады: оның біріншісі – ауыз әдебиеті үлгілерін заманалық қазақ әдебиетінің дамуына сай жаңартып, оның жанрлық түрлерін өз туындыларында кеңінен пайдалануы; екіншісі – өзіне дейінгі шығармашылық ғұмыр кешкен ақын-жыраулар үрдісін қазақ әдебиетінде туындаған жаңа тарихи жағдаймен байланыстыра өзінше байыптауы; үшіншісі – қазақ әдебиетінің дамуына, өсіп-өркендеуіне зор ықпал еткен шығыс классиктері мен түркі суфизмі өкілдерінің өлмес-өшпес шығармаларына өз поэзиясына рухани серік етуі; төртіншісі – орыс әдебиетінің Жуковский, Рылеев, Одеевский т.б. сияқты танымал ақындарын түп нұсқадан оқып білу және Байрон, Гете сияқты әлем әдебиеті алыптарының орысша аудармасымен жете таныс болып, ондағы өрнекті ойлар-ды, тартымды идеяларды ретін тауып өз шығармашылығында орынды кәдеге жаратуы.

Ресми емес қазақ ғылымында біздің әдеби тарихымызда үш әдеби мектеп қалыптасты деген ойлар қылаң беріп жүр. Оның бірі - Махамбет пен Дулаттар түрлеген ақын-жыраулар мектебі; екіншісі – әлемдік әдеби дәстүрге негізделген Абайдың ақындық мектебі; үшіншісі – Шығыстық дәстүрді ұстанған Сыр сүлейлерінің ақындық мектебі деген ойдың дұрыс-бұрыстығын ресми ғылыми орта өзі айта жатар.

Батыстық озат әдеби оймен жете таныс, ұлттық ақындар да, шығыстық идеямен қанаттанған дәстүршіл ақындар да, фольклор аясынан ұзап шыға қоймаған халық ақындары да шағын әрі көлемді өлеңдерімен емес, оның ішінде көкейге қонатын тауып айтқан мақал-мәтелге орайлас шумақтарымен ұлт жадында жатталды.

Ауызша айтып өлең шығарушылар да, жазбаша өлең шығарушылар да мұсылманша оқып, білім алған, молда алдын көрген өз дәуірінің сөзін ел тыңдаған зиялылары еді.

Біз осы тұстағы, яғни XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы әдеби үдерісте орын алған әдеби дәстүр-лерге тоқталар болсақ, олар төртеу:

- 1) Ақын жыраулар мен фольклор үлгісі;
- 2) Шығыс әдеби үлгілері;
- 3) Еуропа әдебиетінің әсері мен ықпалы;
- 4) Абай өнегесі.

Бұрынғы ауыз әдебиеті жанрлары (жоқтау, арнау) ендігі жерде ұлттық нақыштағы элегия мен одаға айналып, ақын-жыраулар поэзиясында кең орын алатын жорық жырлары, жауынгер ақындар-дың жұрттан өзгеше ақындық «мені» мен автопортреті т.т. орысқа бодан болған замандағы бұрынғы ел еркіндігін аңсаудан туған азаматтық лирикаға айналды.

This article identifies a number of problems associated with the concepts of "Russian", "marginal", "bilingvistic" literature and its development in the context of a sovereign state, the problems indicate a need for serious research in the field of literary science, primarily in Comparative Literature.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ

Ш.Е. Ауелбекова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің шетел тілдері және халықаралық қатынастар факультеті, Шығыс тілдері кафедрасының PhD аға оқытушысы

Ахмет Байтұрсынұлы 1873-ші жылы 28 ші қаңтарда Торғай облысы (қазіргі Қостанай облысы Торғай аймағы А.Байтұрсынұлының ауылы болған жер.) Сарытүбек деген жерде дүниеге келген ¹. Кейбір мақалаларда Байтұрсынұлының туған жылы 1870, кейбірінде 1872 деп жазылған. Ахметтің өмірбаянындағы мәліметке сүйенсек, ол 1873 жылы туған. Ғалымның 50 жылдық мерейтойының 1923-ші жылы тойланғанына қарағанда, А.Байтұрсынұлының туған жылын 1873 жыл деп қабылдаған дұрыс ². Әкесі Байтұрсын Шошақұлы арғын руынан шыққан, атақты қазақ батыры Үмбетай батыр-дың немересі. Байтұрсын Шошақұлы елдегі сыйлы адам болып, орыстардың жергілікті халыққа көрсеткен зорлық зомбылықтарына шыдай алмай ояз бастығы полковник Яковлевке қарсы шығады. Ахметтің балалық шағы осындай қиын кезеңде өтеді. 1885-ші жылы әкесі мен оның інісі бір тартыста полковник Яковлевтің басын жарып, сол үшін олардың дүние мүлкін тартып алып, абақтыға қамалып, Сібірге жер аударылады. Осылайша Ахмет 13 жасында әкесіз қалады. Әкесінің Сібірге жер аударылуы 15 жылға созылады ³.

А.Байтұрсынұлы ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы орыс қазақ училищесіде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектебінде оқып, білім алады. Оқуды бітірген соң мұғалім болады. 1895-1909 жылдары арасында Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы қалаларын-да бала оқытады. Жұмыс істеп жүріп өмір тіршілікке араласады, әділет үшін күреседі, бай- шонжар-ларға қарсылық білдіреді, орыс патшасының отаршылдық саясатын айыптайды. Ауылдық, болыстық кейін екі класстық мектептерде ұстаз болады. Мұғалім болып жүріп сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жазады, аударма жасайды, өлең жыр жазады және фольклор нұсқаларын жинайды. Ел ішінде жас, еркін мінезді оқыған, батыл ойшылдылығымен атағы жайыла бастайды. Үкімет тыңшыларының жаласымен күйе жағылып сотталады. Осылайша, губернатор Тройницкий жарлығы бойынша, Қарқаралы екі классты училищенің меңгерушісі А.Байтұрсынұлы 1909-шы жылы 1 шілде күні Семей абақтысына алынып, сотсыз, үкімсіз, нақақтан нақақ 8 ай бойы азап қорлық көреді. Ақыры Қазақстанда тұру құқығынан айрылғандықтан, 1910-шы жылы 21 ақпанда түрмеден шығып наурыз айында, Орынбор қаласына келеді. Сол жерде 1910-1917 жылдар арасында халық өмірінің сан алуан көкейкесті мәселелерін көтеру және елді прогреске, өнер білімге үндеу жолында бірқатар жұмыстар жасайды. Солардың бірі, 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетінде редак-тор болып қызмет атқаруы еді. А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінде жазған мақаласында тіл мәселесі-не ерекше тоқталады. Қазақ тілін қорғап дамыту керектігін айтады. Сол үшін қазақ балалары ана тілінде оқуы керектігін және мектептерде оқу жұмысын жақсарту керектігін жиі жиі тілге тиек етеді ⁴.

¹ Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. (дай.) Енесов, Мектепов. – Алматы, 1992. - 8 б.

² Сыздықова Р. А. Байтұрсынұлы. – Алматы, 1990. – 4 б.

³ Budak F. Kazakistan Dünü. Bugünü. Yarını. Ocak yayınları. – Ankara, 1999 - s. 288.

⁴ Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. (дай.) Енесов, Мектепов. – Алматы, 1992. - 9-10 б.

Осы газетте және басқа да басылым беттерінде жарияланған мақалаларында қазақ халқының әр түрлі мәселелеріне тоқталып, соларды шешу үшін жұмыстар атқарды. Айтылған пікірлерге қараған-да, ол сол дәуірдегі қазақ ағартушыларының арасында рухани көш басшысы болды. 1917-ші жылы қазақтарды орыс патшалығының отаршылық саясатынан құтқару саясатынан құтқару мақсатында құрылған «Алаш Орда» партиясының ұйымдастырушысы және лидері болды. Алаш орда үкіметінің халық ағарту комиссары болды (1917-1919) ⁵.

А.Байтұрсынұлы 1920-шы жылдан бастап әртүрлі мемлекет органдарында қызмет ете жүріп, мұғалімдік жұмысын тастамады. Ол 1921-1926 жылдары арасында Оренбургтегі Білім институтында, 1926-1928 жылдары арасында Ташкент қазақ педогогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті дәрісін берді. 1928 жылы қыркүйекте Алматыда ашылған қазақ ұлттық университетінде қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде профессор болып қызмет атқарды.

А.Байтұрсынұлына 1929-шы жылы ұлтшыл, тұраншыл және Кеңес үкіметіне қарсы шықты деген айып тағылып, түрмеге қамалады. 1934-ші жылы босатылғанымен, 1937-ші жылы тағы репрессияға ұшырап 1938-жылы атылады. Оның шығармаларын оқуға 1929-шы жылдан бастап 1988-ші жылға дейін тыйым салынды.

А.Байтұрсынұлы, ағартушылық қызметін туған халқы үшін қалтықсыз қызмет етуге арнап, өзінің өмірінің басты міндеті деп есептеді. Өлеңдерінде халықты оянуға, құлдықтан құтылуға, бостандыққа, тәуелсіздікке шақырды. Сонымен қатар қазақ даласындағы мектептердің жағдайы, балалар оқуының қалай болу керектігі жайында мақалалары газет журналдарда жарияланды ⁶. 1913-ші жылы қазақ газетінде «Оқу жайы» деген мақаласы шықты ⁷.

Балалар оқуында ең негізгі баспалдақ бастауыш мектеп. А.Байтұрсынұлы білімнің бұл саласына ерекше мән беріп, керекті мағлұматтар берген. Осы тақырыпқа қатысты пікірін 1914-ші жылы жазған «Бастауыш мектеп» атты мақаласында көрсетті ⁸.

А.Байтұрсынұлы 1910-шы жылдан бастап қазақ әліппесімен айналысады. Түркі халықтары сияқты қазақтардың да қолданып келген араб әліппесі қазақ тілі үшін қолайсыз екендігін біліп, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп қазақ әліппесін жасауды қолға алады. Ол үшін бірінші қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеуді бастайды.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі және оларды таңбалаған әріптер туралы пікірін 1912-ші жылдан бастап «Айқап» журналы және «Қазақ» газеті беттерінде жариялай бастайды.

А.Байтұрсынұлының араб әрібінің негізінде қазақ тіліне сәйкестендіріп жасаған әліппесін қазақ қоғамы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешқандай қарсылықсыз қабылдады. Себебі, Байтұрсынұлының жасаған жаңа әліппесі, қазақ тілінің құрлысына сәйкес, ғылыми дәйектерге сүйенген жазу түрі еді. 1912-ші жылынан бастап оның жасаған жаңа жазу түрі қолданыла бастады. 1915-ші жылы ғана жаңа әліппемен жазылған он бес кітап жарық көрді. 1912-ші жылынан бастап бұл әліппе мұсылман мектеп-терінде және қазақ орыс мектептеріне енгізілді.

Осылайша араб әліппесі негізінде жасалынған қазақ әліппесі 12-ші маусым 1924-ші жылы Оренбургте өткізілген Қырғыз (Қазақ) ғалымдарының тұңғыш құрылтайында қолға алынды. Жиында А.Байтұрсынұлы әліппе мәселесін қолға алып, «Әліппе тақырыбы» атты баяндама жасады. Ол баяндамасында түркі халықтарының қолданған жазуының болғандығын, ол жазуды тастап басқа әліппеге көшудің оңай еместігін дәлелдеп береді.

А.Байтұрсынұлы 1926-шы жылы Баку қаласында өткізілген халықаралық бірінші түркологтар жиынында реформаланған қазақ жазуын танытып, қазақтардың латын әліппесіне көшуіне қарсы шыққан. Бұрыннан қолданылып келе жатқан халық тіліне сәйкестендіріліп түзетілген қазақ жазуын тастап, латын әліппесіне көшудің, саяси идеологиялық және экономикалық тұрғыдан мағынасыз екенін тілге тиек еткен. Керісінше, жазу жүйесін өзгерткен жағдайда ғасырлар бойы жазылған мұрадан, жазу дәстүрінен алыстап кету қаупінің бар екендігін айтады.

А.Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде оқи білулері үшін көп еңбек сіңірген. Сондықтан да қазақша оқу жазуды үйрету мақсатында әліппе кітабын жазды. Бұл «Оқу құралы» алғаш рет Оренбургте жарияланады. Бұл кітап 1912-1925 жылдары арасында жеті рет жарық көрді. А.Байтұрсынұлы 1926-шы жылы «Әліппенің» жаңа басылымын жайындады. Бұл қазіргі уақыттағы суретті дәріс кітабы еді. Байтұрсынұлы тек мектеп оқушыларына ғана емес ересектер үшін де оқу жазуды үйретуді мақсат еткен «Әліппе» кітабын жазды. Бұл кітап 1924-1926 жылдары жарық көрді ⁹.

⁵ Тамир Ф. а.а.е. – Анкара, 2000. – 263 б.

⁶ Байтұрсынұлы А. а. а. е. – 13 б.

⁷ Қазақ газеті, - Орынбор, 1913. - б. 26. 15 тамыз.

⁸ Қазақ газеті. – Орынбор, 1914. - б. 61. 9. мамыр.

⁹ Байтұрсынұлы А. а.а.е. - 16-20 б.

1929-шы жылдың 18 наурызында өз қолымен жазған өмірбаянында, былай дейді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен, екіншіден қазақ әліппесін, орфографиясын, жеңілдету және реттеу үшін реформа жасау-мен, үшіншіден қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен, ақыры ең соңында прозалық тілді, публицистиканы, ғылыми тілді, жазба тілін әдеби тіл тұрғысынан зерттеп, қателіктерді түзетумен айналыстым. Терминдердің қазақшадағы баламасын тауып, оларды белгілі бір жүйеге келтіруге тырыстым. Бұлар өзін жасаған оқулықтар мен өзін редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты¹⁰.

А.Байтұрсынұлының 1912-ші жылы жарияланған «Оқу құралы» кітабынан кейін, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін үйрету мақсатында үш бөлімнен тұратын «Тіл құралы» атты кітабын жазуды бастайды. 1915-ші жылы кітаптың бірінші бөлімі, яғни фонетика тарауы жарыққа шықты. Кейін бұл бөлім өзгертіліп, толықтырылып қайтадан шығарылды. 1914-ші жылы қазақ тілінің морфологиясымен байланысты, екінші бөлімі жарияланды. Бұл бөлім де бірнеше рет өзгертіліп, қайтадан басылды. Ал синтаксиспен байланысты үшінші бөлім 1916-шы жылынан бастап алты рет жарық көрді¹¹.

А.Байтұрсынұлы «Тіл құралы» оқулығының кіріспесінде былай дейді: «Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиын күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де, тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман¹².

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің оқыту әдістерін ұсынады.

«Дүниедегі жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1. Түбіршек тіл. 2. жалғамалы тіл. 3. қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады. Мәселен, қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып, өзгерілетін тіл, мәселен түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгерілетін тіл, мәселен орыс тілі, араб тілі¹³.

Біз де тіліміздің бүлінбей сақталуын тілесек, өзгелерше, әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз. Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар, тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерінде үйрету керек...

«Тіл Құрал» оқулығы мынадай бөлімдерден тұрады:

* Сөз басы (1-3 б.)

* Тіл мүшелері, сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буындар, буын мен дыбыс (3-10 б.)

* Қазақ тіліндегі дыбыстар, олардың таңбалары (11-14 б.)

* Сөз тұлғалары (15-16 б.)

* Сөз жазуының жалпы ережелері (17-18 б.)

* Жұрнақтар (19-26 б.)

* Атауыш сөздер (27-33 б.)

* Шылау сөздер (34-37 б.)

* Үстеу, демеу, жалғаулықтар, одағай сөз (38 б.)

* Тасымал (39 б.)

Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлының оқыту мақсатында жазылған «Оқу құралы» және «Тіл құралы» кітабынан басқа грамматикалық жаттығулар енгізілген тағы бір еңбегі бар. Екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсар» кітабы 1928-ші жылы екі кітап болып жарияланды. Автор бұл еңбегін үш бөлімнен тұратындығын атап көрсеткен, бірақ бітіре алмай 1929-шы жылы ұсталып, абақтыға қамалады. 35 беттен тұратын тіл жұмсар кітабының бірінші бөлімі «сөйлеу, оқу және практикалық жазу тілі» тарауларынан тұрады. Екінші бөлімінде, бірінші бөліміндегі тақырыптар толықтырылып берілген. Сонымен қатар бұл бөлімде, әртүрлі мәтіндер, жаттығулар, сұрақтар берілген. Жазушының бұлардан басқа «Баяншы» атты кітабы бар. Бұл шығарма әріптерді түсіндіреді. Кітап 1912-ші жылы бірнеше рет басылды.

Сонымен қатар, автордың оқу, жазу әдістемесімен байланысты шығармалары да бар. Бұл тақырыппен байланысты «Әліппе- астар» әліппеге методикалық нұсқау шығармасы бар. 1927-1928 жылдары арасында «жаңа мектеп» журналында, «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен суретшілік әдісі туралы» («Қай әдіс жақсы») атты методикамен байланысты көптеген мақалалары басылды.

¹⁰ Өздемир А. Казак түрклеринин бүйік едеби миллетчи айдын А.Байтұрсынұлы. А.Яассауи уни. Ерзурум 1995.

¹¹ Байтұрсынұлы А. а.а.е. - 20 б.

¹² Байтұрсынұлы А. а.а.е. - 141-142 б.

¹³ Байтұрсынұлы А. а.а.е. - 143 б.

А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиеті жайындағы зерттеулері

А.Байтұрсынұлының әдебиетпен байланысты да еңбектері бар. 1895-ші жылы 24-ші қыркүйекте «Тургайская газета» журналының 39-шы санында «Киргизский приметы и пословицы» деген мақала-сы жарияланды. Бұл мақалада, егіншілік, мезгіл, ауа райы болжамына байланысты халық арасында айтылған отыз алты мақал мәтелдер тілге тиек етілген. 1923-ші жылы Москвада «Ер Сайын» жыры жарыққа шықты. 1926-шы жылы «23 жоқтау» атты еңбегі Москвада жарияланды. Бұл еңбегінде ауыз әдебиетінен мысалдар келтірілген. Қазақ тарихының 400 жылдық мерзімін қамтитын 23 жоқтау, трагедиялық жырлар берілгендігін кітабының кіріспе бөлімінде атап көрсеткен.

Әдебиетке байланысты пікірін 1913-ші жылғы «Қазақ» газетінің 39-41 сандарында шыққан «Қазақтың бас ақыны» мақаласында жариялаған еді. Бұл мақала, ұлы Абайдың шығармаларына байланысты жазылған алғашқы еңбек еді. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты кең көлемді еңбегі, әдебиет тарихына байланысты жазылған тұңғыш ғылыми еңбек болып табылады және бүгінгі таңда әдебиет зерттеушілерінің алғашқы үлгісі болып саналады.

А.Байтұрсынұлының музыка саласында да хабары болған. Домбыра, скрипка тартқан, пианинода ойнаған. Қазақтың музыка өнерін алғаш зерттеп, дүние жүзіне танытқан Александр Затаевич, 1925-ші жылы «Қазақ халқының мың әні» деген атпен басылып шыққан кітабында, А.Байтұрсынұлының халық әндерін жақсы білетіндігін және жақсы ән айта алатындығын, домбыраны шебер тартатындығын жазған.

А.Байтұрсынұлы, тіл, әдебиет саласымен ғана айналыспай, этнография және тарих салаларына да қызығушылық танытқанын атап көрсетуге болады. 1923-ші жылы жазған мақаласында М.Ауезов: «А.Байтұрсынұлы 1923-ші жылы «Мәдениет тарихы» атты кітабын жазыпты. Өкінішке орай, бұл жұмыс жарық көрмеді және біздің қолымызға жетпеді» деп жазған¹⁴.

А.Байтұрсынұлының ақындығы

1927-ші жылы Смағұл Садуақасов, «А.Байтұрсынұлына ұста ақын деп айтудың орнына, оны үлкен сот ісі адамы және ғалым деп айтқанымыз дұрысырақ болады», деп жазады. Бұл пікір Байтұрсынұлының 10-15 жыл бойы (1927 жылына дейін) өлең жазбауынан, өлең кітаптарының шықпауынан да болуы мүмкін. Әйтсе де, Байтұрсынұлының ақындық қабілетін артында қалдырған өлең кітаптары, оның үлкен ақын болғандығын дәлелдей алады. А.Байтұрсынұлының өлеңдері «Маса», «Қырық мысал» атты кітабында 1912-1922 жылдары арасында Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор қалаларын-да бірнеше рет басылып шықты.

«Қырық мысал» атақты орыс мысалшысы Крыловтың туындыларының аудармасы және осы бағытта жазылған өлеңдер Байтұрсынұлының әдеби мұрасында бұл бағыттағы шығармалардың болуы орасан зор мәнге ие. Мысал жанрының қазақ халқы үшін жат болмағандығын білген ақын, осылайша халықты жақсылыққа шақырып, жамандықтан аулақ болуды үйрететін, сезіміне әсер ететін жолдарын іздеген.

«Маса» кітабына енген өлеңдер ақынның өз еңбектері еді. Кезінде Мұхтар Әуезов «Қырық мысал-да» қалың қазақ халқының төңкеріс рухында естіген алғашқы сөздері» деп атап көрсеткен. «Маса» кітабыны қазақ оқырмандарына жеткізілген екінші ұлттық ұран деп атап өткен.

А.Байтұрсынұлы журналист және жазушы

А.Байтұрсынұлы сол замандағы маңызды баспа сөздің бірі «Қазақ» газетінде редактор болды, «Айқап» журналының кезекті басылымдарына көптеген мақалалар жазып, өз пікірін білдірген және қоғамның жағдайын жақсы білген, сан алуан көкейкесті мәселелерін көтерген бір журналист ретінде халықтың жадында қалды.

А.Байтұрсынұлы негізінен мақалалар жазды. 1911-ші жылы «Айқап» (№2) журналында жарияланған «қазақ өлкесі» мақаласынан бастап, 1912-1914 жылдар арасында «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналына жазған «Оқу жайы», «Бастауыш мектеп», «Қазақ жерін алу турасындағы нұсқа», «Қазақ нем төрт дума», «Жауап хат» (Жанша Сейдалиев мырзаға), «Шаруа жайынан», «Бұл заманның соғысы» сияқты мақалаларында көтерген тақырыбы, қоғам үшін маңызды журналистік еңбек болып табылады. А.Байтұрсынұлының газетке шыққан мақалалары тек қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де жарияланған. «Жизнь национальностей» журналында «Революция және қазақтар» (1919. №29, 37) «Тағы да Қазақстандағы аштық жайында» (1921. №23, (121) сияқты мақалалары жарық көрді.

Осылайша А.Байтұрсынұлы біріншіден, тұңғыш қазақ әліппесін жасаушы және оқу құрал кітаптары жазушы, екінші, араб әліппесін негізге ала отырып жасалған қазақ жазу тілінің реформасын жасаушы. Бұл жазу ХХ-шы ғасырдың онжылдығынан бастап 20 жылдарға дейін қазақ мәдениеті мен біліміне қызмет еткен А.Байтұрсынұлының әліппесі бүгінгі күнде де қолданыста.

¹⁴ Ауезов М. «Ахаңның елу жылдық тойы» Ақ жол газеті. 1923. 4 ақпан - 270 б.

Қытай халық республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты мемлекеттерде тұратын қазақ бауырларымыз осы әліппемен сауаттарын ашып, жазуларында да қолдануда. Үшіншіден А.Байтұрсынұлы, қазақ тілі мен әдебиетін, мәдениеті мен тарихын зерттеген тұңғыш филолог. Қазақстан ғылымын қалыптастырған тарихшы және ғұлама.

1. Байтұрсынұлы А. *А.Байтұрсынұлы шығармалары*. – Алматы, 1989.
2. Байтұрсынұлы А. *Жаңа нызам, жеті жарғы*. – Алматы, 1996.
3. Байтұрсынұлы А. *Шығармалары*, - Алматы, 1989.
4. Байтұрсынұлы А. *Тіл тағлымы. (дай) Енесов, Мектепов Ф.* – Алматы, 1992.
5. Байтұрсынұлы А. *Ақ жол*. – Алматы, 1991.
6. Будак Ф. *Kazakistan Dünü. Bugünü. Yarını*. – Анкара, 1999.
7. Сыздықова Р. «А.Байтұрсынұлы және қазақ жазуы» Егеменді Қазақстан. 1997. 1 шілде.
8. Сыздықова Р. *Тіл тағлымы*. – Алматы, 1992.
9. Тамир Ф. “*Kazak tarihine bir bakış*” Күнге ұшқан сұңқар. – Анкара: Толқын баспасы. 2000.

Резюме

В статье рассматриваются обзор жизненного пути и деятельности А.Байтұрсынұлы.

Summary

Are considered in the article Review of a life path and work of A.Baitursynov

AND THEIR LITERARY FEATURES

Irada Abdullayeva – *Postgraduate student of Azerbaijan National Academy of Sciences (ANAS) named after Nizami*

Reading the book of poems published in 1827 called “Tamerlane and other Poems” it was not difficult to feel that he had taken advantage of prominent masters of word such as Shakespeare, Milton, Pop and others.

In the specimens of poems included into the book “Tamerlane and other Poems” by E.Poe, the described oriental colourings and other similar elements have found their reflections. Different from Byron, Poe had never been to the East. East for the young poet possessed aesthetic character. One can't come across other oriental motives excepting a few names, namely a few names of places and mountain names and personal name Tamerlane.

The work of art begins with the monologue of Teymur in which he repents. Remorse here is not aimed at excuse for the committed quilts. The hero of the poem simply regarding his way of life, which he had exercised, tries to recall them and appreciate his way of life.

E.Poe in this poem brings back to his memory all the years of the hero's youth, his first love and the way of life he has lived. He tries to evaluate what he has lost and what he has gained. The feelings of invasion, kingdom and ruthlessness kill all the other feelings of kindness and kills the feeling of love in him. The Ruler Teymur realized all his dreams; he achieved conquering the world, captured all the riches of the world, and gained fame. In substitution he lost his love, happiness even his hope for future. He lost not only his morality, his humane qualities, but also his heart. In the image of a warlord the poet tried to depict the description of fight between spiritual world and the existing physical being. Lust of a person for substantial world, his greediness, his passion to capture the world, his love for kingdom, his ruthlessness expressed in giving torments to the spirits of other people, compels him to burn with troubles. The calamities committed by the body of a person dictated by wisdom, evilty which he had committed tortures, his spirits. The warlord waiting for the end of these sufferings sees the vermilion tongues of flame symbolizing the hell and at this moment his spirits joyfully leaves his body.

The poet trying to express first of all the character features of his Titanic hero his sorrow, loneliness, the unrealized happiness who had been a world over invader, and depicts the episode in which at the end of his life he kneels down to repent with bitter recollections. After two years, while preparing this poem for a second publication E.Poe made some changes so as to conceal his obviously felt inclination to Byronism. The poet in 1829 wrote: “Byron is not an example for me and I think this is to my advantage” (3, 75).

His first poem included into his book of poems Tamerlane and other poetic verses were valued as something not sufficiently original by the critics. The main themes included into this book is loneliness, sorrow and grief, getting happiness in the dreams, namely the main motives containing classic European romantic lyricism. Though lyric poetry differed by its extra-ordinary qualities, by its abstract thoughts, E.Poe's poetry strongly expresses these motives. In his poems understanding of place and time notions are minimized and even these notions do not exist at all. Real life is substituted by the ones existing only in dreams, memories, and abstract visions. The things that he remembered were not the occurrences that he had lived; but they were feelings, excitements emotions. In the romantic art as to the conception of double world we can meet reality in the form of dreams, reality which is expressed in dreams. In above-mentioned poem of E.Poe and in his collection of poems such features are characteristic of his creative activity. Different from the ideal world vivifying in the mind of the poet, the surrounding us world is an obscure vision unworthy for the man of world. Sometimes it seems to the hero of the poem that the events taking place around him is a mere dream, it is an inexplicable occurrence. But reality is too far away from the human being. It is in a distant, unreachable place. Generally, the motive of characterized dream in the romantic literature reflects double senses. As to the romantic writers “sweet dream” expresses the notions which are not possible to be realized in real life, but “bitter dream” is the one which we exercise in real life and which is contradicting the “sweet dream”. Romantic writers expressed such an assumption that as soon as a person awakens from the “bitter dream” and get freedom from it they enter the world which is worthy for a human being. It is a light world, a happy world and the men of world can be happy only there and only then (1, 81). Romantic writers were sure that just true life must be like this. But they didn't describe and didn't know what actions to do so, as to make the real world as nice as they imagined. Such a method brought forth the conception of double world, which later on put foundation for the creation of symbolic tendencies in art.

In the creative activity of E.Poe we may often come across double, different from each other worlds – real world and the fantastic world. It's not occasional that three poems out of seven which he published in his book of poems in 1827 were associated with the understanding of dreams such as: “A dream” (1827), “Dreams”, “A dream within a dream”, etc. But his other poems as “Lake”, “The Happiest day, the happiest hour”, “To I saw thee on thy bridal day” are though not associated directly with the dreams; they are extremely rich with

emotions, feelings and thoughts.

E.Poe's notion of dream is uncertain and changeable. It does not only change from one poem to another one but also it changes even within one poem and acquire different meanings. The poem "Dream" may be indicated as an example.

The conception of dream in the poetry expresses happiness which has already passed away, joyfulness and other feelings of this kind. Poet as if awakens from sleep but awakening from is also happening in a sleep. It is just a dream in itself; it is a "dream of life and light". But though the first dream brings happiness to him but the second one upsets him.

Poet comes to think that all that happens in this world is a dream but it is for those who consider life with his eyes fixed to the past.

In the poem we meet three types of dreams. Dream-wish, dream-awakening and description of dream which can be regarded as the symbol of life.

In the lyrics of E.Poe's early creation the understanding of dream is the description of dreams, fancies, imaginations, just the manifestation of anti-reality. The first collection of his poems are distinguished by their self-belonging features. In these poems as to the poet men are not considered as beings who have passed through the categories of events and occurrences, they are in fact the ones who live by remembering old events and occurrences, past emotions and feelings vivifying in their minds. His past is a dream which does not obey the rules of reality; it is just a world of visions, dreams, wishes, and imaginations which have acquired the form of dream. The readers in the first poems of the young poet may meet a strange world of the poet's creation; sleep, slumber, dream, vision, day dream and their colourful manifestations in which they can observe the liquidation of the barriers of world of dreams with the world of reality.

As it is known from the names of the poems there is no limit for the poet among the notions of death, dream, life. Life for the poet is something which can exist only in dream, but death as to him is a mere dream.

Basing on the thoughts of some critics we may say that the poet who was sorry for the surrounding him events, tried to get a refuge in the fancy dreams which he had exercised in his childhood. As we know E.Poe's childhood didn't speak of happy childhood. Just the imagination of a childhood world, a world resembling a tale, a world described as a fantastic world, saving him from bitter realism of his life.

E.Poe didn't seem to know his own parents. His mother, being actually an English, Elizabeth Arnold was from the family of a musician. In his early childhood together with his mother Poe acted in small parts on the stage and managed performing them perfectly well. His mother, possessing charming voice, unusual talent was like a mermaid described as in fairy tales. Though she gained great successes on the stage, quite opposite of this in the life she was an unhappy one. Having performed more than 200 parts, being a mother of three children, all in all she managed leading a way of life full of troubles and struggles for about 20 years. Having lost her husband at an early age carried on her shoulder heavier load than she managed to. Edgar Poe's father David Poe's acting was not a successful one. David Poe whose background was from an Irish royal family, in spite of his father's will quitted his law school and decided to be an actor and entered the same group in which Elizabeth Arnold acted. After a while he was lost on unknown reasons and never came back to the city where he acted. Edgar Poe, who lost both of his parents in a very short period of time, was brought up by one of the very rich families called the Allan, and his other sister and brother were adopted by wealthy families of Richmond. There Edgar Poe took the name of Edgar Allan in spite of the fact that Con Allan had not adopted Edgar.

Melancholy, loneliness, agitation, sufferings failure to find himself in life and such-like other romantic feelings are the most typical forms of the hero associated with real life. The poet is choked not only by the evilities surrounding him, but also by the dirty environment. His heart is beating like the bird struggling to get rid of iron-lattice. The romantic hero in his search for finding himself in life tries to study the main reasons of such-like feelings and occurrences. When he was unable to accept the laws of society, when he was unable to change them he wanted to run away from these laws and find his ideals in an another place. But his romantic search, pursuit each time ends with tragedy (5, 102). Sadness liquidation of illusions, collapse of his dreams and wishes, such are the motives which we come across in the creative activity of romantic poets. These motives can also be met in the creative activity of Edgar Poe. In his poem Eldorado written in 1849, a knight going on a tour to realize his illusions confronts with the collapse of his dreams. The existing conflict between the hero and the society ends with tragedy. The hero having become old and having lost his power in the end confronts irrefutable reality:

And, as his strength	Over the Mountains
Failed him at length,	Of the Moon,
He met a pilgrim shadow –	Down the Valley of the Shadow,
Ride, boldly ride,	

Shadow, said he,
If you seek for Eldorado! (5, 217)
Where can it be –
This land of Eldorado?

The shade replied –

Symbolic character described in the poem is the triumph of inevitable reality on the ideal reality. The fighting spirit of the hero from such a position leads him to chaos, death.

A black shadow predicting the collapse of dreams, unrealized illusions, approach of bitter end, has been described in the poem “The Raven” published in 1845 which brought him fame among the readers. The plot of the poem was built up around the character of raven. The described black-coloured raven being the symbol of evil forces bringing calamities to the people is a demonic character spreading terror among the people.

The theme of death which occupies main place in the romantic works, bears double character. On one hand death is described as a reality to put an end to moral sufferings and senseless existence of men, on the other hand it reflects solution of conflicts and emancipation from sufferings, namely it indicates the beginning of ideal life.

Reality was described as something faint, lifeless, something deprived of livelihood by the romantic writers and in case if a person refused all this might join a real, true life.

One of the characteristic features of E.Poe’s poetry is harmony and melody in them. As the poet had a good sense of music since his childhood, and as he could tell a good piece of music from any collection of noises he considered music as the highest peak of art. It’s not occasional that E’Poe’s poetry being closer to the spirits of the world composers gave way for the famous musicians to compose songs to his poems. During the last years of his life, i.e. 1849 his poem “The Bells” attracted attention of the composers and it is not occasional that famous Russian composer S.Rakhmaninov composed music to the poetry bearing the same name “The Bells” in 1913 (2, 155). In fact his above mentioned poem “The Bells” differed from all the other poems for its rhythm, harmony and melody. In the poem one might feel rhythmic music on every word, harmony, sounds of jingling of the bells, and dominant sounds of church bells. Feelings and excitements, thoughts are lost in the ocean of noises.

Basing on the book written about the biography of the poet by famous American biographer, critic Hervey Allan we come across a very interesting fact. It is indicated in the book that the theme of the poem “The Bells”, generally the idea of the creation of the poem is directly associated with the impact of church bells. Thus, the poet having got great blow from the life by the loss of his devoted wife, the one who gave him inspiration for creative activity, wrote on the impact of his wife which was a great one in 1848 when he stayed in the house of his close friends (4, 284).

In 1836 E.Poe’s marriage to Virginia whom he had loved since his children was expected to bring him happiness, successes and joyous days of life. But fate was very hard on him. Virginia and Edgar’s love to each-other was immense. As if they were born for each-other, but this marriage didn’t bring them happiness, on the contrary it brought them poverty, troubles and sufferings which brought them to the cruellest tragedy of their lives. Material necessity, having no money, unbearable living conditions made a bad influence on Virginia’s health; both her mental and physical state became worse and worse day-by-day. Edgar tried to agree to these unbearable conditions and describing his ruined love to his dearest woman Virginia he wrote his most famous works, such as “Leonore”, “Raven”, “Annabel Lee”, etc. In these poems he created Virginia’s character and made her inscribed in the memories of the readers which brought her immortality in the memories of those who read those poems. This tragedy – the tragedy of his wife’s death happened to her when he was going to sparkle with success in writing. Just this period was the most productive period of his creative activity. People began accepting him not only as an editor-critic, but as a romantic poet. Already specialists considered his views as a critic and took advantage of his views. The work called “Tales of Grotesque and Arabesque” published in 1839 was a book of collection of stories and these collections made him known as a writer of stories written on psychological motives. But in 1845 his poem “Raven” which he published in the newspaper “Evening Mirror” made him known among the mass of readers and readers discovered him as a master of lyric poems. The interest of the readers to his poem “Raven” increased their interests to the other poems of the poet which he had written before and the thoughts of the writer had turned to the subject of discussions among the workers of art and literature. His unrealized dreams which he dreamt in his youth, the existing tragedies in his life didn’t let the poet enjoy his life as well as he wished to.

1. *Foreign literature, Middle century. Renaissance literature. Composed by Ali Sultanli, - Baku, Azerneshr, 1955, - 810 p.*

2. *Anastasyev P.Q. literature of USA. M. Publishing house of MSU (Moscow State University), 1973, - 480 p.*

Түйін

Бұл мақалада Эдгар По өлеңдеріндегі символизм туралы сипатталады. Оның шығармашылығында адам өмірінің қуанышы мен қайғысы, сондай-ақ әдеби шығармашылығындағы өмірінің сарыны түрлі символдармен суреттеледі.

Резюме

В этой статье описывается символизм в поэзии Эдгара По. В ней анализируется поэмы и их версии принадлежат Эдгару По.

В его произведениях мастерски, с помощью различных символов, описываются все страдания и радости человеческой жизни, а также мотивы его жизни в литературной деятельности.

«ДАЛА ИЛИАДАСЫНЫҢ» ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Г.Тоқшылықова – қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ

«Манас» түркі халықтарының ауызша-әдеби шығармашылығы ескерткіштері арасынан көркемдік жағынан да, ғылыми маңыздылығы тұрғысынан да талассыз бірінші орын алатын алып жыр. Ал көлемі жөнінен «Илиаданы» ондаған есе орайтын бұл жойқын эпос ең ұзақ (сонымен қатар біртұтас мазмұн кеңістігін құрайтын) дастан ретінде өзге ұлттардың бізге белгілі барлық жырлары арасынан әлемдік біріншілікті иеленуі тиіс» деп Е.Поливанов әділ көрсеткен [1, 6]. Өзінің көп ғасырлық даму тарихында қырғыз халқының әдеби мәдениеті дамудың ең биігінде көрінді. Көршілес жатқан қуатты державалардан өз еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін үнемі күресіп отыруы, көшпелі жағдайда жазу-сызуының болмауы және «жоғарғы поэтикалық дарындылығы» қырғыздардың ауызекі эпикалық жанрларының пайда болып, өркендеуіне ерекше ықпал жасады. Бұл жөнінде қырғыз ғалымы Ш.Айтматов: «қырғыздар өзге халықтың тарихты баяндауда көркем әдебиетте, театрда, сурет галереясында және мүсіндемеде бейнелеген нәрсесін өз эпосында көрсете алды. Мұнда лирикалық махаббат та, әлеумет-тік тұрмыс та, мінез-құлық эпикалық тақырыптар қоса өрілген. Мұнда ежелгі қырғыздардың жағра-пия, медицина, сәулет, астрономия, әскери өнер туралы мәліметтері кездеседі. Мұнда көркемдік үлгі мен әдістің, жай сатира мен әзілден бастап, адам жанына рухани азабы мол трагедия шыңына симво-лизм мен ресмилік терең мінез-құлықтықпен егіз өрімді» деп терең баға берген [2, 4].

Ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатқан орасан зор эпикалық туындыны қазақ халқының ұлы перзенті Ш.Уәлиханов алғаш рет 21 жасында бүкіл әлемге танытты. Ол 1856 жылы қырғыз жерінде болған сапарында манасшылардан «Көкетай ханның асын» жазып алып, оны орыс тіліне аударды. Орыс тіліндегі Шоқан түсіндірмесі арқылы «Манас» жыры әуелі Ресей жұртшылығына, кейін Еуропа халқына белгілі болды. Ол «Қырғыздар туралы жазбаларында», «Жоңғар очерктерінде» эпосқа жоғары баға берді. Сөйтіп, «Манастың» басқа тілдерге аударылуына, орыс және еуропа ғалымдарының жырды зерттеуіне жол ашты. Эпосқа: «Алатау қырғыздарының поэзиялық ең басты және жалғыз десе де болғандай данышпандық халық шығармасы – «Манас туралы» дастан екені күмәнсіз. «Манас» – бір кезеңге және бір адамның – Манас батырдың төңірегіне топтастырылған барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, география, дін және салт-сана, әдет-ғұрып жөніндегі түсініктерінің энциклопедиялық жиынтығы. «Манас» – бүтін бір халықтың шығармасы, соның көп жылдық творчествосының жемісі – дала Илиадасы десе де болғандай» деп алғаш классикалық анықтама береді [3, 10].

Жас ғалымның осы ойын әрі қарай өрбіткен ғалым В.В. Радлов болды. Ол Шоқаннан 5-6 жылдан кейін «Манас» жырын жазып алып, 15 жылға жуық ой елегінен өткізіп, зерттеу еңбегін «Түркі тайпа-ларының әдебиет үлгілері» деген атпен 1869 жылы басып шығарып, «Манас» эпосы – халықтың бүкіл өмірі мен барлық ой-армандарының поэтикалық көрінісі. Бұл эпос дәл гректердің эпосы тәрізді тұтас бір халықтың рухани өмірі мен мінез-құлқының айқын бейнесін бере алады» деп дамытады.

Шоқанның мезгілсіз қазасынан кейін оның артында қалған мол әдеби, мәдени, тарихи мұраларының бір бөлігі орыс достарының кітапханаларында қалса, көпшілігі жоғалып кеткен болатын. Сол жоғалған дүниелердің ішінде «Манас» жырының Шоқан жазып алған «Көкетай ханның асы» атты нұсқасы да болатын. Осының салдарынан болар «Манас» жыры көп уақытқа дейін ғылыми айналым-ға енбей, белгісіз болып жатты. Жырдың зерттелу тарихына барлау жасай отырып, аталған жырдың тек Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда ғана ғылыми тұрғыда зерттеле басталғандығын аңғару қиын емес. Бірақ қай кезде болмасын жырдың тағдыры өте ауыр

болды. Себебі «Манасқа» қарсы қалыптасқан шовинистік көзқарастан жырды арашалап алу оңай болған жоқ. Атап айтқанда, «Манас» эпосының негізгі тарауларының бірі – «Ұлы жорық» («Чоң Ғазат») 1938 жылы орыс тіліне аударылып, 1946 жылы «Манас». Киргизский эпос. «Великий поход» деген атпен Мәскеуде орыс тілінде жеке кітап болып жарық көрді. Кітапта қырғыздың «Чоң Ғазаты» – «Великая война Манаса за веру» деп аударылып, Манастың жорықтары да, жеткен жетістіктері де Исламмен байланыстырылып айтылады. Тіпті кітаптың 361-бетінде: «Утвердился дух мусульман, утвердилась киргизская власть» деп келетін жолдар да кездеседі. Сонымен қатар, жырда Алмамбет бейнесіне де көп тоқталады: «Алмамбет был зачат непорочно мусульманкой Алтынай и, не успев выпасть на землю из чрева матери, закричал «Ислам!» [4]. Мүмкін буржуазия өкілдері манасшыларды мәжбүрлеп халық арасына кең тараған осындай аяулы, халық қадірлейтін жырды өз саясатына пайдаланғысы келген шығар. Қа-лай болғанда да жырда халыққа жат, панисламистік, пантүркілік идеялар молынан жырланып отыр-ғандықтан, жырды кітап етіп шығару большевиктік партияға қарсы шығу деген көзқарас тудырды.

Негізінде жырдың қырғыз тілінде нұсқасы 1949 жылы жариялануға дайындалып жатқан. Редакт-орлары ретінде қырғыз ғалымдары У.Джакишев, К.Маликов, К.Соронбаевтар белгіленген болатын. Бірақ партияның түсінігі бойынша «эпос «антинародный» қабатынан тазаланбағандықтан» жырды жариялауға тыйым салды. Осыдан кейін-ақ, Мәскеу газеттері жырды реакцияшыл, пантүркістік, буржуазиялық-ұлтшылдық тұнып тұрған туынды деген сарындағы мақалаларды қаптатып, жыр мәтіні оқулықтан алынып тасталды. «Манастың» елдік пен бірлікті уағыздайтын маңыздылығы мүлде айтылмай, керісінше, Манас деспот, ұрысты тұтандырушы, ислам дінінің жақтаушысы деген сыңар-жақ пікір таратты. Боровков: «Қырғыз эпосында идеялық қарама-қайшылық бар. Феодалдық-клерикалдық редакциясында басқыншы-хандық, мұсылман қолбасшысының образы айқын. Айтар болсақ, буржуазиялық-ұлтшылдық фальсификация Сағымбай мен Тоғолоқ Молданың варианттарында пантүркілік, Алашордалық версиялар шиырланған. Анда-санда жылт еткені болмаса, елдікті уағыз-дап жазған тұстарды табу қиын» деген жаңылыс пікір айтады [5, 8]. Тіпті, «Манастан» екінші «Илиаданы», манасшылардан «XIX, XX ғасырдағы Гомерлерді көрудің өзі артық» деп алғашқы манастанушы ғалымдар Шоқан, Радловтардың пікірін жокқа шығарады.

Эпостың 1952 жылғы жиында үлкен сынға ұшырап, одан ұлтшылдықтың сарқынын іздеу де осы әрекеттен туындаған құбылыс еді. «Манас» жырын тек қана ислам дінімен байланыста алып қарас-тырғандықтан, әрине жырдың тамырына балта шабылады. Мұндай қиындықты қазақ ауыз әдебиеті-нің мұралары да басынан кешіргені белгілі.

Бірақ, қырғыз халқының бақытына орай қазақ халқының заңғар жазушысы, ұлы ғалымы, академик М.Әуезов осы жиында ештедененен жасқанбай, жалтақтамай, асқан білімдарлықпен маңызды деректер келтіре отырып, «Манастың» елдік мазмұнына ерекше тоқталып, теңдесі жоқ бай мұраны жат көзқа-растардан аршып, тазартып береді. Осы 1952 жылы «Манас» жыры халықтық шығарма деп танылға-нымен оны сан рет дәлелдеуге тура келді. Солардың қатарында С.Даронянның «К вопросу о народности эпоса» (1958) атты кандидаттық диссертациясын атауға болады. Даронян жыр бірнеше әлеуметтік-экономикалық ғасырлардың жемісі болғанымен, одан шынайы тарихты іздеудің қажеті жоқ, жырда тарихи деректер сақталғанымен, оны халық өзінше жырлап жеткізген дейді. Мұнан соң В.Ромодиннің шығыстану институтының Ленинград бөлімінде тәжік тіліндегі «Жылнамалар жинағы» табылғандығын, онда «Манас» эпосымен байланысты бірнеше эпизодтар, қырғыз тайпала-ры жөнінде қызықты тарихи-этнографиялық мәліметтер бар екендігі жөнінде жазған «Новое о «Манасе» (1960) атты мақаласы жарияланады. Аталған мақаласында В.Ромодин «Манас» жырында қырғыздың және басқа да түркі тайпаларының тарихи этнографиясын зерттеуге қажетті тайпалар мен жер аттары жөнінде, сондай-ақ, Тянь-Шань топонимикасын зерттеуге қажетті материалдардың молынан қамтыған деген ой айтады. Л.Борисов «Манас» известен с XVI века» (1967) атты мақала-сында Манасты географ, ағартушы Ш.Уәлиханов жазбаларынан 1856 жылдан бастап таныс деу қалыптасқандығымен Ленинград қолжазбалар жинағынан XVI ғасырда Ферғанада молда Сайф аддин Ахсаканди бастап жазып, оның ұлы жазып аяқтаған «Маджму ат-Таварих» атты 2 жазба табылғанды-ғын жариялайды. Л.Борисов айтып отырған жазбада Манас, әкесі Жақып, қалмақ ханы Жолай туралы эпизодтар берілген. С.Бегалиевтің 1965 жылы жарияланған «Поэтика эпоса «Манас» атты мақаласын-да жырдың көркемдігі, поэтикалық ерекшеліктері, халықтық юмор, сатира сөз болады. Мұнан кейін З.Мамытбековтың, У.Джакишевтің, А.Мусиновтың, М.Әуезовтің, Р.Қыдырбаевалардың жырға қатысты ғылыми мақалалары, еңбектері жарық көрді. Десек те, Ә.Марғұланның 1971 жылы жарық көрген «Шоқан және Манас» атты еңбегі эпосты терең пайымдаулар жасай отырып талдаған «Манас-тану» ғылымындағы тұңғыш тыңғылықты ғылыми еңбек десек артық айтқандық емес.

«Манас» жырының Шоқан нұсқасын табуды Ә.Марғұлан әуелден-ақ, нақтылай айтқанда 1931 жылдан бастап алдына мақсат етіп қойған. Академик А.Н. Самойловичтің жырға қатысты айтылған ойлы, өкінішке толы сөзінен кейін Ә.Марғұлан «кейде үміттеніп, кейде түңіліп» ой толқынына батып жүргенде, көп заман ғылымға белгісіз боп жатқан, көптеген шығыстанушы ғалымдардың ынта қойып, табуға ерекше құлшыныс білдіріп, көп уақыттарын сарп еткен «Манас» жырын табу бақыты-на 1964 жылы архив материалдарын сарыла ақтарудың нәтижесінде қол жеткізген еді.

«Манас» жырының бұл нұсқасын табуға себепкер болған Шоқанның замандас досы, тарих, пәлса-па, заң ғылымдарын терең білген татар ғалымы Хұсаин Фаизхановтың Шоқанға жазған хаттары. Ә.Марғұлан Х.Фаизхановтың Шоқанға жазған екі хатын 1959 жылы Г.Н. Потаниннің архивінен тауып, хаттың жоғалған беттерін ұзақ уақыт таба алмағандықтан, қолында бар дүниесін газет бетіне жариялайды. Бұл хаттар 1895 жылға дейін Шоқанның әкесі Шыңғыстың сандығында сақталып келген. Осы хатта жазылған: «Сіздің дәптерлер арасында «Көкетай хан ертегісі» қазақ ертегілерінен біраз басқарак көрінеді... Соның хикаясын жасаңыз деп өтінемін. Жақсы нәрседен көрінеді» [6, 4] деген жолдардан Марғұлан «Манас» жырының Шоқан жазып алған «Көкетай ханның асы» деп аталатын нұсқасының мүлде жоғалып кетпегендігін, қалың қағаздың арасынан бір күні табылатынын ғылыми түйсігімен сезінеді.

Марғұлан ізденісінің жемісті болуы ғылым үшін аса маңызды құбылыс болды. Марғұлан Шоқан нұсқасының фотокөшірмесін жариялағаннан кейін, оны А.Қарасартов орыс графикасына аударды. 1977 жылы Шоқан нұсқасының фотокопиясы негізінде ағылшын оқымыстысы А.Т. Хатто араб графикасынан латын графикасына, сонсоң ағылшын тіліне прозалық аударма жасады. Яғни, Шоқан-нан кейін «Манас» жырының әлем әдебиетіне белгілі болуына себепші болған, жырдың бағын жандырған – Марғұлан ізденісі деуімізге толық негіз бар.

1. *Адамзаттың Манасы. Қазақтың зерттеуші ғалымдары «Манас» туралы.* - Алматы, 1995.
2. *Айтматов Ч. Байыркы кыргыз рухунун туу чокусу китепте: Манас.* – Фрунзе, 1984.
3. *Уәлиханов Ш. Қырғыздар туралы жазбалар. Қазақ елі. 1995, 24 тамыз.*
4. *Судьба эпоса «Манас» после октября (Сборник докладов).* - Бишкек, 1995.
5. *Бейшеналиев Ш. Манастың арашашысы. Қазақ әдебиеті. 1997, №43.*
6. *Марғұлан Ә. Шоқанның белгісіз екі хаты. Қазақ әдебиеті, 1982.*

Резюме

В этой статье раскрываются история исследования великого эпоса «Манас», принадлежащего историческим и литературным ценностям киргизского народа.

Summary

In this article is observed the question about epos Manas and in article we wrote scholars that learned these epos and their opinions.

Ж.А. Омарова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің докторанты

Қазақ әдебиетіндегі кенжелеп қалған әскери тақырыптағы шығармалар легіне соны леп әкеліп, оны үздік дәрежедегі көркемдік суреттеу сатысына көтерген қазақтың ардақты да, асыл қаһарман ұлдарының бірегейі Бауыржан Момышұлының қазақ әдебиетінде өзіндік дара орны бар. Кей ретте осы өзіндік бітім болмысымен ерекшеленетін тұлғаны соғыс тақырыбына ғана қалам тербетіп, әскери мемуарлық шығармалар қалдырған жазушы ретінде санайтынымыз жасырын емес. Алайда эписто-лярлық жанрда, поэзияда да өзіндік қолтаңбасы бар Б.Момышұлының шығармашылығына ден қояр болсақ, оның басқа да тақырыптар мен жанрларда қаламын ұштап, өзіндік стилін қалыптастырғанды-ғын, тақырып ауқымының кең екендігін байқау қиын емес.

Айта кетер жайт, қандай тақырыпқа қалам тартпасын, Б.Момышұлының кез келген шығармасы әдептілікке үндейді, ар тазалығына берік болуға шақырады, ерлік пен шыншылдыққа бастайды.

Кез келген қаламгердің шығармашылығы жайлы сөз болғанда оны суреткер дүниетанымынсыз қарастыру мүмкін болмас еді. Өйткені «биік дүниетану тұрғысы жоқ жерде, шындықты терең, дұрыс тану мүмкін емес» Шындық өз деңгейінде танылмаса, шынайы шығарманың тумайтыны да айқын. Ал жазушы қоғамнан тыс өмір сүрмейді. Оның да суреткерлік дүниетанымын қалыптастыратын өскен ортасы, қоғам, сол кезеңдегі оқиғалар мен дәстүрлі және заманауи ұстанымдар. Осы тұрғыдан келген-де Б.Момышұлы шығармашылығы дүниетанымының негізі «Ұшқан ұя» повесінде деп айтар болсақ қателеспеген болар едік.

Қазақтың байырғы дәстүрлі ортасының әдет ғұрпы мен салт санасы, дәстүрі мен менталитеті, өзіндік дүниетанымы мен психологиясы көрініс тапқан, қазақы тәлім тәрбиенің тұнып тұрған тұнығы «Ұшқан ұя» повесі жазушы шығармашылығындағы шоқтығы биік шығарманың бірі. Туындыны кезінде қаламгердің өзі жазушы Мамытбек Қалдыбаймен сұхбатында «Ұшқан ұяны» ең жақсы шығарма деп ойлаймын. Оны мен сендердің заңдарына бағынбай, халқымның надан халық емес екенін, надан халық болмағанын дәлелдеу үшін жазғам. Осы шығарма арқылы әжеме, тентек, ерке Момынкұлға, Текебай биге, Үбиян әпкеме, яғни халқымның дәстүріне ескерткіш орнаттым», деп атап айтқан.

Біздің басты мақсатымыз студенттердің коммуникативтілігін жүзеге асыруға мүмкіндік беру. Студенттер өздеріне қажетті ақпаратты табуды, оны оқып, ішінен ең маңыздысын табуды және өз қажеттілігіне жұмсауды үйренуі шарт. Студенттер арасындағы байланысты, топтық ұжымдық жұмысты дамытуға мүмкіндік беруіміз қажет.

Жоғарыда айтылған жобаларды іске асыруда Интернет пен Халықаралық Интернет жобалар таптырмас құрал. Студенттер түрлі зерттелген мәліметтерді пайдалануды үйренеді, өз ойын нақты және жүйелі түрде қағаз бетіне түсіруді, мәтіндік, сандық және графикалық ақпаратты көп мөлшерде жіберу және қабылдау, өздеріне берілген мәліметті зерделеу және жаңа идеяларды көрсету. Олар жоспарлауды, мониторинг жүргізуді үйренеді. Интернет ресурстары негізіндегі сабақтар және жобалық жұмыстар серіктестікті, жобаларды іске асыруды, жауапкершілікті және толеранттыққа, көптүрлілікке үйретеді (4, 103).

Интернет тапсырмаларын дайындау үш кадамнан тұрады: 1. дайындық 2. ресурстармен интернет желісінде жұмыс жасау 3. сыныпта интернет желісінсіз жұмыс жасау.

1. Дайындық – сөйлеу негіздерін дамыту, мұның алдында алған білімдерін қолдана білу, сөздерді оқу, тақырыпқа кірістіру.

2. Ресурстармен интернет желісінде жұмыс - интернетте іздеу бағдарламаларымен жұмыс істеу, оқумен жазу, арнайы мәліметтерді іздеу және оны жауап парақтарына енгізу, сұрақтарға жауап іздеу, және т.б. Осы кадамда студенттер өздерінің не істеу керектігін және оған қанша уақыттары бар екенін білу керек.

3. Сыныпта интернет желісінсіз жұмыс - алынған мәліметпен алмасу, және желіден жұмыс жасау уақытында көрген білгенін талқылау (5, 45).

Сонымен қатар интернетті грамматика, лексиканы дамыту мақсатында қолдануға болады. Мұнда түрлі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жаттығулар, тесттер, IQ тесттері бар (6).

Интернет ресурстарын қолдану - мәдениаралық құзыреттіліктерді дамытуға; түрлі мәдениеттермен танысуға, қарым-қатынасты белсенді жүргізуге бағыттайды.

Студенттер басқа елге барған жағдайда жинай алмайтын ақпараттарды интернет көмегімен алуға мүмкіндігі болады және бұл мәліметтерді сабақта қолдануға болады.

1. Teeler D., Gray P. *How to use the Internet in ELT.* – London: Longman.

2. Клейман Г.Б., Леонов А.Г., Кузьменко М.А. *Что Такое Интернет? Информационные и коммуникационные технологии в образовании.* 1998.

3. Johnson L. *Internet Options in the Classroom.* // www.clta.net/lessons/class.html.

4. Полилова Т.А., Пономарева В.В. *Внедрение компьютерных технологий в преподавание иностранных языков.* // ИЯШ. – 1997.

5. Поляков Т.Ю. *Английский язык для диалога с компьютером. Совет по культурному Сотрудничеству; Совет Европы Пресс, 1995.*

6. <http://www.camsoftpartners.co.uk/lspinet.htm> Updated 4 April 2006.

Резюме

В статье рассматриваются разные методы использования интернета как один из методов преподавания иностранного языка в интернет классах.

Summary

The article is devoted to different methods of using Internet as one of the types of teaching of foreign languages in Internet classes.

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Қ.Е. Молдабаева – аға оқытушы

Оқытудың модульды технологиясы алғашында АҚШ, Германия, Ұлыбритания сияқты елдерде

пайда болып, аталған елдердің оқу орындарында кеңінен тарала бастады.

Модульды технологияның идеясы оқу мазмұнының бірліктері жәйлі концепцияның пайда болуы-мен байланысты. Бұл концепция авторлары S.N. Posilethwait, B.Goldshmid, M.L. Goldshmid және J.Russel. Бұл концепцияның негізі болып, оқу материалының кішкентай бір бөлігін жеке тақырып етіп алып, бүкіл оқу курсы осындай кішкентай тақырыптардан құрастыру болып табылады. Алғашында мұндай тақырыптар микрокурс деп аталып, кейіннен модуль деген атау алған.

Оқытудың модульды технологиясы бағдарламалық оқытудың кейбір кезеңдеріне сүйене отырып дербес дидактикалық жүйеге айнала бастады: оқу-танымдық іс-әрекеттің дербес ырғағы қалыптасты, оқушылардың өздік іс-әрекеттерінің үнемі өз тараптарынан бақылауда болуы және осы іс-әрекеттердің бірізділігі және логикалық тұрғыдан дұрыстығы айқындалды.

Модуль сөзі латынның «modulies» - әдіс-тәсіл деген мағынаны білдіретін сөзінен бастау алған. Зерттеушілердің айтуынша модульді мағынасына қарай дараландырылған оқыту әдісі ретінде қарастыру керек.

Әр модульден өзіндік дидактикалық мақсаты болуы тиіс.

Мысалы:

- модульде оқу бағдарламасының ең маңызды деген мазмұны енгізіледі.
- Оқу бағдарламасына түсіндірме жасалады.
- Берілген бағдарламаларды меңгеру жолдары баяндалады.
- Теоретикалық тапсырмалар мен сілтемелер беріледі.
- Практикалық тапсырмалар көрсетіледі.
- Оқушының өз бетінше жұмысының және ішкі бақылаудың жүйесі ұсынылады.

Қазіргі таңда модульдың үш типі қарастырылып жүр, олар:

- танымдық, ғылым негіздерін меңгеруге арналған;
- іс-әрекеттік, дағдыларды қалыптастыруға арналған;
- аралас.

Модульді құрастыру барысындағы маңызды алғышарттардың бірі – қабылдау, түсіну, ұғыну, есте сақтау, қолдану, жүйеге келтіру сияқты білімді меңгеру барысындағы кезеңдерді логика тұрғысынан бір жүйеге келтіру болып табылады.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып модульді оқытудың келесі принциптерін атауға болады.

- Оқушыларды өзінің танымдық іс-әрекеті барысында дамыту принципі.
- Оқушының қабілеті мен мүмкіндігінің сәйкес келуі принципі.
- Психологиялық жайлылық принципі. Оқу процесінің бірізділігі арқылы, оқушының деңгейіне сәйкес бөлінуі арқылы аталған принцип іске асады.

П.Я. Юцявичене берілген технологияның сегіз принципін атап көрсеткен:

- модульдық. оқу модуль арқылы құрастырылады;
- әр модульдың мазмұнын жекелеген элементтерге бөлу;
- серпінділігі, берілген принцип модульдың мазмұнын қоғамдық тапсырыстарға байланысты өзгерту мүмкіндігі;
- іс-әрекет методы;
- икемділігі;
- оқушының бағдарлама бойынша жақында, келешекте оқитын тақырыптардан хабардар болуы;

- методикалық консультацияның жан-жақтылығы;

- оқушы мен оқытушы арасындағы субъект-субъект қарым-қатынасы;

Жаңа технологиялық бағыт жаңа бағдарды қажет етеді, олар төмендегідей болуы мүмкін:

- оқу процесін алдын ала жоспарлау;

- басты назарда оқушының білімді, танымдық іс-әрекеті;

- оқу процесінің педагогикалық жүйе ретіндегі бірізділігі.

Модульді технологияның қолданыста жүрген басқа технологиялардан айырмашылығы деп төменде берілгендерді қарастыруға болады.

- Оқудың мазмұны аяқталған дара ақпараттық блоктардан тұруы керек. Оқудың дидактикалық мақсаты оқушылар үшін құрастырылады және бағдарламаның мөлшерін ғана емес, оны меңгеру деңгейін айқындайтын нұсқау беріледі;

- Модуль оқу үрдісін субъектік негізге көшіруге мүмкіндік береді;

- Оқушылар көп мөлшерде өздіктерінен жұмыс жасай отырып, жоспар құруға, ұйымдастыруға, өзінің іс-әрекетін бақылауға және бағалауға үйренеді;

- Модуль оқытушыға әр оқушыға жеке дара көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Модульдың құрылымын Н.М. Понделло төмендегідей етіп ұсынады:

Оқу элементінің нөмірі	Оқу элементінің атауы	Мазмұны, формасф, әдістері
0	Модульдың мақсаттары	Қажетті білім, дағдылар
1	Оқу элементтері	Оқу материалына түсініктеме
...	Жалпы мағұлыматтар	Ақпарат көздері
	Бақылау, өздік бақылау, қортында бақылау	Жауаптар, тапсырмаларды орындау әдістері

Модульдық технологияның артықшылықтарына төменде аталғандарды жатқызуға болады:

- бүкіл оқу бағдарламасы практикалық іс-әрекетті дамытуға арналады;
- оқу сапасы артады;
- оқу мерзімі қысқарады;
- оқу-әдістемелік материалдар заман талабына сай өзгеріп отырады;
- оқушының бойында бағдарламаны орындау барысында бәсекелестік сияты қасиеттер пайда болады.

Модульдық технологияның кейбір қиындықтары:

- оқу бағдарламаларын даярлау барысында көп уақыт шығындалуы;
- заман талабына сай оқу процесіне қажетті бүкіл қондырғылардың қолданыста болмауы;
- оқу процесін ұйымдастырудағы кейбір қиындықтар.

Модульды оқытудың негізгі элементтерінің бірі оқушының жетістігін бақылау және бағалау болып табылады. Осындай бақылау формаларының бірі рейтинг болып табылады.

Рейтингтің басты мақсаты оқушыларды модульды өту барысында неғұрлым жоғары балл жинауға ұмтылдыру болып табылады.

Модульді технологиямен оқыту принциптері оқушылардың жетістіктерін дұрыс және әділ бағалау-ды қамтамасыз етуді ұсынады. Бақылаудың қазіргі қолданылып жүген түрі модульді технологияны қолданған кезде жарамайды, өйткені бақылаудың барлық кілті оқытушының қолында болғандықтан, оқушылардың өз бетінше жұмыс барысындағы ізденімпаздығы төмендейді. Тәжірибе көрсеткендей бағалау субъективті түрде өтеді.

Модульді технологиямен оқыту барсында міндетті, және оқушының еркіне қарай тестер жүргізіледі. Әр модуль құрамында 4-6 тест болады.

Бақылау мақсатына қарай рейтинг бастапқы, техникалық, теоретикалық, шығармашылық және синтетделген болып бөлінеді.

- бастапқы рейтинг оқушылардың білім деңгейін белгілі бір модульды бастар алдында тексеру мақсатында өткізіледі. Ол оқушыны модульдың бірінші күнінен бастап қандай нәтижеге қол жеткізу керек екендігіне жол сілтейді;

- техникалық рейтинг күнделікті практикалық сабақтарда оқушының алған балдарының қосынды-сы болмақ. Бұл рейтингтің мақсаты оқушының техникалық дағдыларын тексеру;
- теоретикалық рейтинг аралық бақылаулардың қортындысы;
- шығармашылық рейтинг оқушының шығармашылық деңгейіне байланысты бағаланады.

Рейтингтің аталмыш түріне жоғары бал жинаған оқушылар жіберіледі.

Әр тестілеу алдында үй тапсырмасы берілуі тиіс. Оның мақсаты оқушының негізгі тест алдында өз бетінше дайындақ жүргізуіне мүмкіндік беру болып табылады. Әр тестің құрамына 10 тапсырмадан енеді.

Рейтингтік жүйеде ең жоғарғы және ең төменгі балдар болады. Ең төменгі балды жинай алмаған оқушы берілген модульды меңгермеді деген сөз. Рейтинг бойынша оқушының балы төмендегідей есептеледі:

$$R_{\max} = [л + п + с + 1/2(лаб + сөж)] \times 5$$

R_{max}-балдар жиынтығы

Л-лекция

П-практика

С-семинар

Л-лабораториялық сабақтар

С-өздігінше жұмыс

Бағалардың ара қатынасы төмендегідей болмақ:

- Қанағаттанарлықсыз – 0-40;
- қанағаттанарлық – 40-74;
- жақсы – 75-89;

■ өте жақсы – 90-100.

Бақылаудың рейтингтік жүйесінің артықшылықтары:

- Оқушылардың өздерінің жетістіктерін бақылауда белсенділік танытуы;
- Оқушылардың оқу процесіне деген ынтасының артуы;
- Өз бетінше жұмыстың жандануы;
- Оқушының жеке бас ерекшелігінің ескерілуі;
- Бағдарламаның әр топтың ерекшеліктерін ескере отырып дербес ырғақпен оқудың мүмкіндігі туады.

Бірақ рейтингтік жүйенің өздік кемшіліктері де жоқ емес:

- Оқушының өз бетімен жұмыс жасауы шектен тыс көп болуы мүмкін;
- Оқу пәнінің либерализацияланып кетуі;
- Ауызша бақылаумен салыстырғанды жазбаша бақылаудың көбірек болуы.

Бірақ аталған қиындықтарды жеңу оқу процесі ұйымдатырушылардың шеберлігіне тікелей байла-нысты болмақ.

1. Юцявичене П.А. *Теория и практика модульного обучения*. - Каунас: Швиеса, 1989.

2. Борисова Н.В. *От традиционного через модульное к дистанционному образованию: учебное пособие*. - М.: Домодедово: ВИПК МВД России, 1999.

3. Кузьменкова Ю.Б. *«Модульный подход к проблемам эффективной англоязычной коммуникации»* - М.: ГУ ВШЭ, 2002.

4. Олешков М.Ю. *Современные образовательные технологии: учебное пособие*. – Нижний Тагил: НТГСПА, 2011.

Резюме

Статья рассматривает модульную технологию обучения. Практические цели, принципы, виды данной технологии описывается в данной статье. Также в статье уделяется внимание рейтинговой системе оценивания и контроля.

Resume

The article deals with the problems of modular technology of learning. Aims and principles of this system are described in the.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СИМВОЛОВ В РАБОТЕ С УЧАЩИМИСЯ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЛЕКСИЧЕСКИХ И ПЕРВИЧНЫХ ГРАММАТИЧЕСКИХ УМЕНИЙ В ИНОСТРАННОМ ЯЗЫКЕ

Г.Ж. Есмуратова, Д.А. Есеркеева – старший преподаватели кафедры
Английского языка для специальных целей (естественное направление)

В методике преподавания иностранных языков символы широко используются в обучении лексики и грамматике. Символическое изображение слов и даже словосочетаний способствует быстрому и прочному запоминанию изучаемого материала. Функциональное значение символа в обучении грамматике заключается в том, что он выступает средством концентрации воспринимаемого материала. Выражение символа грамматического содержания или формы высказывания есть не что иное, как переход к теоретическому воспроизведению действительности, анализу смысла высказывания, его структуры, созданию модели высказывания.

Е.И. Пассов делает вывод о том, что должна наблюдаться некая пропорция между работой памяти и мышления у студента. Например, если используются разные приемы запоминания лексического материала - произвольные и непроизвольные, механические и логические, непосредственные и опосредованные (символы, знаки, жесты, опорные сигналы и т.д.) - и организуется деятельность студента с этим языковым материалом, то развиваются интеллектуальные функции анализа и синтеза, формируются языковые обобщения, выделяются языковые абстракции в виде знаков, схем, правил, т.е. совершенствуется мышление студента.

Непреднамеренное, неосознанное использование знаков и символов наблюдается уже в раннем возрасте. Совершенно новый этап в развитии символической функции наступает с переходом к их сознательному, произвольному употреблению". В исследовании Д.Б. Эльконина была использована методика "Пиктограмма", разработанная в 1920-х гг. А.Р. Лурией. Испытуемому предлагалось запомнить ряд слов и словосочетаний, используя рисунок для запоминания.

Создание образно-символических форм, используемых в обучении лексике и первичной

грамматике (существительное-треугольник, модальный глагол - круг, смысловой глагол-прямоугольник и т.д.), имеет особое вспомогательное значение в раннем обучении иностранному языку, поскольку при исследовании уровня умственного развития детей дошкольного и младшего школьного возраста из всей совокупности показателей, определяющих этот уровень, в первую очередь выделяется показатель развития наглядно-образного мышления, которое наиболее интенсивно развивается в этом возрасте. При формировании грамматических понятий используют опору на родной язык обучаемых.

Так, при объяснении образования вопросительных предложений вспомогательный глагол выполняет роль “помощника” и закрепляется за определенным символом. Все английские глаголы разделены на две группы: “сильные” и “слабые”. Для образования вопросительного предложения “сильные” глаголы (can, have, be) выходят вперед и становятся перед подлежащим. “Слабым” глаголам для образования вопроса нужны “помощники” (вспомогательные глаголы) (do you like..? и т.д.), они могут становиться перед существительным и смысловым глаголом (демонстрируется это при помощи кубиков).

В целях планирования высказывания для выражения коммуникативного намерения говорящего используются персонифицированные и художественные символы.


Примеры персонифицированных символов:

Run-Беги! Walk-Иди! Stop-Стой!

Часто на занятиях для лучшего запоминания и возникновения устойчивых ассоциаций использовалось так называемое кодирование и дифференциация лексики по семантическому признаку. Так, все зимнее, холодное можно было обозначать снежинкой, а все летнее, жаркое – солнцем (это художественные символы):

			
	Snow		sun
Winter		summer	
	Cold		hot
	Cool		warm
	December		june
	January		july
	February		august

Для лучшего запоминания этикетных фраз целесообразно использовать персонифицированные символы, т.к. они имеют личностную окраску эмоциями говорящего:



Для закрепления глаголов движения и модального глагола can на уроках уместно использовать динамические наглядные пособия.

Использование наглядности активную мыслительную деятельность студента, в основе которой лежит единство аналитической и синтетической форм мышления. Подобного рода символическая наглядность помогает студенту достаточно быстро вспомнить заученные фразы и небольшие предложения и грамотно использовать их в речи.

Главной целью обучения грамматике в начальном этапе является овладение грамматическими навыками. Нам хотелось на практике проверить правильность нашего предположения о том, что применение на уроках английского языка в схем-опорах и символов будет благоприятно влиять на совершенствование грамматических навыков. В связи с вышеизложенным можно сказать, что включение схем-опор и символов в уроки иностранного языка способствует успешному самодвижению студента в правильном построении предложений и текстов английского языка,

расширению и закреплению английской грамматики.

Наша гипотеза была проверена и подтверждена на практике: формирование грамматических навыков английского языка у студентов будет успешнее, если в ходе обучения будут использованы схемы-опоры, символы.

Мы рекомендуем преподавателям английского языка на начальном этапе обучения использовать схемы-опоры и символы для формирования, совершенствования и развития грамматических навыков на английском языке, так как студентам данный метод работы помогает успешно овладеть грамматикой английского языка, вовлекает всех студентов в работу и повышает их интерес к предмету «иностранный язык».

1. Берман И.М. Методика обучения английскому языку. - М.: Высшая школа, 2002.

2. Витлин Ж.А. Современные проблемы обучения грамматике иноязычных языков // Иностранные языки в школе, 2000. - №5. - С. 22.

3. Куприянова Г.В. Групповая и самостоятельная работа студента при освоении грамматики // Иностранные языки в школе, 2001. - №6. - С. 120.

4. Мильруд Р.П. Коммуникативность языка и обучение разговорной грамматике // Иностранные языки в школе, 2002. - №2. - С. 145.

5. Миньяр-Белоручев Р.К. Примитивная грамматика для изучающих иностранный язык // Иностранные языки в школе, 2000. - №4. - с. 134.

6. Миролобова А.А., Рахманова И.В. Общая методика обучения иностранным языкам в средней школе. - М.: Просвещение, 2001.

Түйін

Мақалада студенттердің лексикалық және грамматикалық дағдыларын қалыптастыру жұмысында символ-дардың қолданылуы қарастырылған.

Summary

Using symbols to work with students to generate vocabulary and grammar skills in the primary foreign language article. Also the article pays attention to the system of evaluation and control, that are used in this method.

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ОРНЫ

А.Т. Жақыбаева, Г.А. Қосанова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің шетел тілдері және халықаралық қатынастар факультеті кафедрасының аға оқытушылары

Бүгінгі жаһандану заманында тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тілдік жағдайы көптеген мемлекет-термен халықаралық қатынастарды күшейтумен тығыз байланысты. Сондықтан жан-жақты біліммен қарулану барысында шет тілдерін оқып үйрену басқа елдердің тілін, мәдениетін, тарихын, экономия-қасын, саясатын, әдебиетін танып, өзіміздің сана-сезімімізге және рухани мәдениетімізге қалыптас-тыру үлкен жетістік болмақ. Ол үшін жоғарғы оқу орындарында тек білім берумен ғана шектелмей, әр саланың мамандарын даярлау мақсатында студент жастардың оқу-тәрбие әрекеттерін осы бағытқа сай ұйымдастыру еліміз бен білім беру орындарының алдында шешімін күтіп тұрған көкейкесті мәселе.

Осыған орай, жас педагог мамандар оқытушылықпен қатар тәрбиеші екенін негізге ала отырып, тәрбиелік педагогикалық әдебиеттерді сараптап, эстетикалық тәрбие мәселесі жайында дұрыс көзқа-расты қалыптастыруы қажет. Өйткені қазіргі таңда шет тілдерін оқыту барысында эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешуде біржақты, тұрақты көзқарас қалыптаспаған.

Педагогикалық әдеби зерттеулерге талдау жасай келе, шет тілдерін оқытуда эстетикалық тәрбие беру мәселесі арнайы толыққанды, жан-жақты зерттеуді қажет ететіндігіне көз жеткізуге болады.

Ғалымдар В.В. Краевский мен А.А. Миролобов шет тілдерін эстетикалық тұрғыдан оқытып тәрбиелеудің рөлі жоғары екендігіне тоқталады. Сондай-ақ, Хабаровск педагогикалық институтының неміс тілі пәнінің оқытушысы Н.Ф. Яковлев сабақ барысында оқушылардың сабаққа деген бейімділі-гі, ұқыптылығы, тез қабылдауы эстетикалық тәрбиенің негізінде жетіле түсетінін анықтады. Демек, эстетикалық қабылдауға арқа сүйеу - оқушылардың білімдерін бекіту мен тереңдету үшін аса қажет екендігіне көз жеткіздік.

Осы мәселеге қатысты А.Ю. Шютц шет тілдері сабақтарында әндерді қолдану эстетикалық тәрбиенің ерекше бір тәсілі деген пікірі орынды деп олаймын. Шет тілінде ән үйрету арқылы

оқыту-шы бірнеше оқу-әдістемелік міндеттерді шешеді, яғни тыңдалым, оқу, сөйлеу және аудару сияқты сөйлеу әрекеттерін жетілдіре түседі. Сонымен қатар шет елдің фольклорымен танысу арқылы оқушы тек эстетикалық тәлім-тәрбие ғана алып қоймай, лингвомәдени құзыретін де қалыптастырады.

Жоғарғы оқу орындарында, мектептерде эстетикалық тәрбиеге қатысты мәселе бүгінгі күнде әлі де толық жан-жақты зерттелмегені анық. Мысалы көптеген педагогикалық әдебиеттерде эстетикалық тәрбие беру тек әдебиет, сурет, музыка пәндеріне қатысты деп тұжырымдалған. Алайда шет тілін үйрету арқылы эстетикалық тәрбиелеудің мәні сол елдің менталитетінің, салт-дәстүрінің, мәдениеті-нің ерекшеліктерін сезіну арқылы түсіну, қабылдау деп білеміз.

"Эстетика" - гректің "эстетиз" деген сөзінен алынған, ол "сезімдік", "сезіммен қабылдайтын дарындылық" деген ұғымды білдіреді. 1750 жылы тұңғыш рет "эстетика" ғылыми термин ретінде неміс философы Баумгартеннің осы аттас кітабына сәйкес қолданылады. Сол кезден бастап эстетика ғылым саласына айналды. Ал эстетика ұғымының бастауы ежелгі заманға кетеді. Өркениет өрісінде адам өзін қоршаған ортада сұлулық іздеп, сезінуге үйренеді. Бұл қабілет эстетикалық сезім деген атау алып, еңбек үдерісінде дамып кемелдене түсті. Адам баласы табиғатты жаңалау, өзгерту арқылы өз табиғатын, әлеуметтік қарым-қатынасын қалыптастырып отырады. Сөйтіп адам өмірінің даму сатысына қарай эстетикалық сезім де күрделі деңгейге өте бастады. Эстетиканы ғылым тұрғысынан неміс, ағылшын, француз, орыс ғалымдары ерекше көңіл бөліп зерттеді.

Әсемділікті тану (эстетика) қоғамды табиғатта, адамның іс-әрекетінде, өнерде, заттардың және құбылыстардың мәні мен даму заңдылықтары жөніндегі философиялық ғылым болып табылады. Ақиқат дүниені, ондағы құбылыстар сырын тек ақыл ретінде емес, түйсік арқылы беріліп, көңіл-күй сезімінен біртұтас қабылданады. Осы айтылған үндестіктер адам баласына әсемділіктің ләззатын алып келеді. Әсемділікті тану (эстетическое воспитание) студенттің бойында өнерге, шындыққа әсемдік көзқарас тұрғысында идеялық көтеріңкі көңіл-күй сезінерлік қатынасты қалыптастыру үрдісі.

Эстетикалық тәрбиенің басты мақсаты - қалыптасушы тұлғаның әсемділікті тануын, білім алуын дамыту, рухани құндылықтарға, көркем шығармашылық іс-әрекеттерге қатынастыру. Тәрбиенің бұл саласын дамытуда табиғат, еңбек, тұрмыс, қоршаған орта, қоғамдық және жеке тұлғаның қалыптасуы зор рөл атқарады.

Шет тілі пәндерінде эстетикалық тәрбиені меңгеру бірнеше бағытта іске асырылуы керек. Бірінші-ден, шет тілдерін үйренушілердің эстетикалық тәрбиесі негізгі оқу үдерісінде, яғни, күнделікті оқу материалдарын танып білу, оқудың амал тәсілдерін қолдану, еңбек мәдениетін ұйымдастыру барысында жүзеге асады. Сонымен қатар оқытушының жеке басының мәдениеті, педагогикалық шеберлігі және студенттермен мәдени қарым-қатынасы олардың эстетикалық сезімдерінің дамуына аса зор ықпал етеді.

Мәнді де мәнерлі сөйлеу студенттердің эстетикалық тәрбиесіне зор үлес қосады. Себебі, эстетикалық тәрбие тіл арқылы беріледі. Украин және орыстың атақты филолог-словист ғалымы А.А. Потебня (1835-1891) "эстетикалық және адамгершілік мұраттарға жететін саналы жол - тіл" деп оның маңызын түсіндіреді.

Демек, шет тілдерін оқытуда эстетикалық тәрбие дегеніміз қосымша бір оқыту болып табылмай-ды, керісінше, ол оқытудың бір принципі ретінде, тілдік ережелерді меңгертуді ғана көздемей, сонымен қатар тілдің ішкі жан дүниесіне еніп, сол елдің тілі арқылы ғана сезіне алатын болмысын түсіндіру болып табылады. Оқытушы студенттердің шет тілін үйрету арқылы сезімдерін, эмоцияларын оята отырып, оларға сабақ барысында жүйелі түрде әсер етіп, сол тілге деген құштарлығын оята алуы - эстетикалық тәрбиенің шыңына жету деп білуге болады.

В.Г. Белинскийдің айтуынша, "әсемдікті сезіну - адамгершілік қасиеттің шарты... Бұл сезімсіз, даналық жоқ, талант жоқ, ақыл-парасат жоқ" деп адамның өміріндегі іс-әрекетін бағыттаушы «сезім-нің» алатын орнына айрықша тоқталады. Олай болса адам баласындағы сезім оның моральдық және адамгершілік бейнесіне асыл қасиет дарытып тұрады.

Сондықтан адамгершілік қасиетті негізге ала отырып, әсемдікті еңбек, қоғамдық іс, табиғат, өнер арқылы танытуға болады. Эстетикалық тәрбие әрбір практикалық сабақта өз көрінісін табуы қажет. Эстетикалық білімді дамыту шаралары ретінде конкурс, викторина, оқу орындарындағы мерекелер, үйірмелер, шығармашылық топтарды атауға болады. Практикалық шет тілін ұйымдастыру барысында эстетикалық қабылдаудың

Психикалық заңдылықтарын ескеру керек, студенттердің жас ерекшеліктеріне қарай, эстетикалық форма мен мағына жағдайларының қиын да күрделі сәттерін пайымдауға бағыттаған жөн.

Эстетикалық қабылдаудың маңызды тұсы – шындықты көрсететін адам көңілінің түрлі сезім

күйлеріне түсіп, шегіне жете шарықтауы. Шет тіліндегі көркем әдебиеттерді оқи отырып, студенттер қуаныш пен тербеніс, қорқу мен үміт сәулесін сезінеді. Бұл сезімдер студенттерді әсемдікке ұмтыл-дырып, әдемілікке баулиды.

Демек шет тілін оқытуда студенттердің эстетикалық көзқарасын, түсінігін, сенімін қалыптастыру үшін тұлғаның ақыл-ойын қалыптастыру әдістерін қолдану керек. Бұл әдістер сенім, қажетті құлық-тың эмоционалдық жақтарын қалыптастыруда да маңызды орын алады. Егер оқушылар педагогика-лық әсерден тыс қалып отырса, онда қойылған мақсатқа жету баяу жүреді. Терең сезім оқушылардың ойы айқын, әсерлі бейнелерге аударылғанда ғана пайда болады.

Әрбір әдістің өзіндік сипаты және қолдау аумағы болады. Педагогтың деңгейі жоғары болған жағдайда бұл топтағы әдістер жүйелі әрі басқалармен бірлескен түрде қолданылады. Мазмұны мен қолданылуына қарай ана-ғұрлым қиын, сөздік-эмоционалдық әсер етуші әдістер мынадай: әңгімелеу, түсіндіру, этикалық кеңес, диспут және көрнекі тәжірибелік әсер ету әдісі.

Мысалы, шет тіліндегі көркем-әдеби шығармалар - адамгершілік мазмұны бар, сол елдің болмыс ерекшеліктерін сипаттайтын нақты деректер мен оқиғалардың эмоционалды, айқын көрінісі. Сезімге әсер ету әңгімелері тәрбиеленушілерді моралды жәйттерді бағалауға, олардың мәнін түсінуге көмек-теседі. Түрлі елтанымдық әңгімелер бірнеше қызмет орындайды:

- оқушының білім деңгейін көтеру;
- басқа адамдардың тәжірибесін оқушының тұлғалық, адамгершілік тәжірибесін байытуға бағыттау;
- басқа елдің болмыс ерекшелігін өз елімен салыстыра отырып, толеранттық сезімін қалыптастыру.

Сөздік-эмоционалдық әсер етуші әдістер кейбіреулеріне тоқтала кетейік. Әңгімелеу әдісін қолдануда келесі жайттарды ескеру керек:

1. Әңгіме оқушының әлеуметтік деңгейіне сай болу керек.
2. Әңгіме көрсетпе-көрнекі құралдармен бірге жүргізілуі қажет.
3. Қоршаған ортаның эмоциялы әсері әңгіменің мәні мен мазмұнына сай болуы керек.
4. Әңгіме кәсіптік деңгейде өткенде ғана тартымды болады.
5. Әңгіме тыңдаушыны толғандыруы міндетті.

Түсіндіру – тәрбиеленушіге эмоционалды-сөздік әсер ету әдісі. Түсіндірудің әңгімелеуден айырмашылығы – берілген топқа немесе нысаналы әсер етуде. Бұл әдісті қолдануда педагог ұжым мүшелерінің тұлғалық сапасына, сыныптың білім ерекшеліктеріне сүйенеді.

Этикалық сұхбат тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің пікір алысуға екі жақты кірісуін керек ететін жүйелі және бірізді әдіс түрі. Сұхбаттың әңгімеден айырмашылығы – сөйлеушіні тындап, оның ойын ескере отырып, онымен қарым-қатынас жасау жолдарын құру. Мұндай әңгіме моралды, этикалық, эстетикалық тәрбиелі мәні бар тақырыптардан тұрады. Этикалық сұхбат мақсаты – адамгершілік түсініктерін тереңдету және бекіту, білімді жалпылау және нақтылап орнықтыру, эстетикалық көзқа-растары мен наымдар жүйесін қалыптастыру.

Пікірталас негізі- бұл пікір сайысы, ой күресі, ол арнайы дайындықты талап етеді. Пікірталас мақсаты – белгілі бір шешім шығару емес, оқушыны процеске қосу әрі оны басқара жүргізу. Педагог оқушыларға ойды жинақтауға, логикалық дәлелдерге сүйенуге, өз ұстанған бағытын ашып көрсете білуге көмектеседі.

Сонымен, қорыта айтқанда, шет тілі - үлкен тәрбиелік диапазон. Ол тіл үйренушілердің рухани жан-дүниесін, ой-өрісін көркемдік талғамын кеңейтеді, мәдениетке тәрбиелейді. Сондықтан жоғары оқу орындарында білім, тәрбие алып жатқан болашақ мамандардың эстетикалық мәдениетін қалып-тастыру жолында, сонымен бірге еліміздің өркениеттілік қауымдастыққа кірігу кезеңінде шет тілдері сабақтарының эстетикалық мүмкіншіліктерін пайдалануға айрықша мән беру қажет.

1. *Ұзақбаева С. Эстетикалық және экономикалық тәрбие негіздері. – Алматы, 1991.*
2. *Төлеубеков А.Р. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. - Алматы, 1991.*
3. *Подласый И. Педагогика. Кн. 1. – М., 2000.*
4. *Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам. Теория и практика. - М., 2004.*

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы воспитания студентов эстетике в высшем учебном заведении в процессе обучения английскому языку.

Resume

This article considers aspects of teaching aesthetics to students at Higher Education Institutions in the

process of learning of English language.

ЛОГИКА МЕН ГРАММАТИКАДАҒЫ ОРТАҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАР

А.Тасығанов – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің жанындағы
Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты*

Кейбір тілшілер мен логиктердің айтуына қарағанда, тіл тек ойды білдірумен ғана шектелмейді, түрлі сезім мен эмоцияны да жеткізеді. Алайда бұндай психикалық үдерістер де ойдың, ұғымның қатысын қажет етеді.

Ой өзіне тән логикалық құрылымы бойынша пайымдаудың жалпыға ортақ формасына, яғни субъекті мен предикаттың байланысына негізделеді. Сөйлем сол ойдың түрлі мазмұнын білдіреді.

Ойлаудың логикалық құрылымы диалектикалық логикада қарастырылады. Ойлау логикасының дұрыстығы ойлаудың заттық мәніне негізделіп, әлемді танудағы адам танымының бастапқы нүктесі болып табылады.

Ойлаудың негізгі формалары – ұғым, пайымдау, ой қорыту (понятие, суждение, умозаключение) заттық әлемдегі құбылыстар мен байланыстардың бейнесі болып табылады. Ойлаудың формалық құрылымы, оның мазмұны тәрізді, тілде көрініс табады. Ойлаудың логикалық құрылымы материалды тұрғыда тіл жүйесінде белгілі болады. Соған орай лингвистикада «адам-тіл-ойлау» үштігінің бағытында зерттеулер жүргізілуде. Тіл мен ойлаудың біртұтастығы туралы айтқанда олардың элементтерінің біртұтастығы да ескеріледі. Логика мен грамматикаға тән ортақ заңдылықтарды зерттеген ғұлама әл-Фараби өзінің «Таңдамалы трактаттарында» логиканың адам интеллектісіне қатысы қандай болса, грамматиканың тіл мен сөзге қатысы да сондай екенін айтып, екеуінің «туыстық» арақатысын түсіндіреді. Адам қоршаған табиғи ортаны тіл арқылы емес, ойлау арқылы таниды. Тіл – сол ойлау арқылы танылған танымның материалдық көрінісі. Сөздің жасалуы да ойлау-мен байланысты, соған тәуелді үдеріс.

Адамзат баласында ең алдымен өзін қоршаған сыртқы ортаның, ондағы түрлі құбылыстардың қозғалысын, қимыл-әрекетін білуге деген құштарлық оянады. Танымның нәтижесінде санада әр түрлі ұғым қалыптасады. Әр түрлі ұғымдар тілде дыбысталу барысында белгілі бір дыбыстық тұлғалардың мағынасы мен формасына негізделеді. Логикалық категорияның тілдік категорияға ауысу барысы Б.Сағындықұлының еңбегінде былай сипатталады: «Санада қалыптасқан ұғым дыбыстық қалыпқа оранғаннан кейін бір тілде сөйлейтін адамдардың барлығы анық түсінетіндей дәрежеге жетеді. Бұл логикалық категорияның тілдік категорияға ауысуы болып есептеледі. Олай болса, лексикалық мағынаның негізі – заттық-логикалық ұғым. Сөзбен бірге өмір сүретін заттық-логикалық ұғым тіл білімінің талабына орай атаушылық (номинативті) мағына деген термин сөзбен алмастырылады. Сөздің лексикалық мағынасы дегенде, ең алдымен, негізгі және туынды номинативті мағыналарды түсінеміз. Осы тұрғыдан сөзге заттардың, нәрселердің, құбылыстардың, амал-әрекеттердің, қимыл-дың, сын-сапа қасиеттерінің, процестердің т.б. атауы деген анықтама беріледі. Сөздің лексикалық мағынасы дами келе өзіне лексика-грамматикалық және тілдік мағыналарды жамап алады. Тілдік мағына деп тілдік жүйе негізінде қалыптасқан мағына элементтерін түсінеміз» [1, 11 б.].

Сөздің табиғатын айқындау, зат пен ұғым, ұғым мен атау арасындағы байланысты саралау уәждемеге келіп тіреледі. Болмыстың маңызды белгілері арқылы ұғым қалыптасып, атау пайда болса, сол атаудың ішкі мағыналық құрылымында зат не құбылыстың маңызды белгілерінің сақталуы – тілдегі номинативтік атаудың жасалуының басты шарты. Таным болмыстың қай белгісін маңызды деп тапса, атау (сөз) сол номинативті белгі арқылы жасалады. Сол себепті номинативті белгілер тілдік уәжді таңба деп табылады.

Тіл біліміндегі таңба теориясының негізін қалаушы В. фон Гумбольдт тіл бір мезгілде әрі бейне, әрі таңба, ал сөз жеке ұғымның таңбасы дегенді айтады. Тілдің негізгі қызметі айналадағы заттар мен құбылыстарды сөзбен таңбалаудан, белгілеуден басталады. Сөз дыбыс пен ұғымның екі жақты бірлігін-де болуы қажет. Сөздің сыртқы жамылғышы заттың қасиетін толығымен сипаттай алмайды. Сол себеп-ті сөздің атау болып қалыптасуы үшін себеп, негіз, уәж болатын белгілер ерекше ескерілуі керек.

Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларын арнайы зерттеген ғалым Б.Қасым докторлық диссертациясында уәж, уәждеме, уәжділік, уәжділік дәрежелер деген терминдерге тоқталып, тілдік сипаттама береді: «Уәж – жаңа атаудың қалыптасуындағы негізгі дәлелді белгісі. Уәждеме – атаудың негізгі белгісін жаңа атауға айналдыратын үрдіс. Уәжділік – күрделі атаулардың туынды мағынасын қалып-тастыратын үрдіс. Уәжділік дәрежелер – заттың күрделі атауларының қалыптасуындағы, дамуындағы мағыналық өзгерістердің көрсеткіші. Ішкі мағыналық құрылым –

заттың күрделі атауларының мағынасын қалыптастырушы негіз» [2, 6 б.].

Уәждеме сөздің дыбыстық жамылғышы мен оның мағынасы арасындағы қатынасты анықтауды қажет етеді. В. фон Гумбольдттің айтуына қарағанда дыбысталу мен мағынаның арасындағы байла-ныстың байқалмайтыны соншалық, ол байланысты толықтай түсіндіріп беру мүмкін емес, тек болжауға ғана болады.

Женева мектебінің өкілдері кез-келген атауды таңба деп бағалайды да, таңбалаушы мен таңбала-нушының арасындағы қарым-қатынасты анықтау барысында, сөздің ішкі мағынасын іздеуде ең алдымен уәжді анықтап алған дұрыс дейді.

Атау жасау процесінің нәтижесі ретінде туынды сөз қалыптасады. Атау теориясының басты өзегі – уәждеме. Сөздің ауыс мағынасы оның бұрыннан белгілі тура мағынасымен, туынды сөз оны жасау-шы (тудырушы) мағынасымен дәлелденеді. Сонымен, сөздің уәжділігін анықтау үшін номинативтік белгілерді анықтап алу қажет. Кез-келген ұғымның пайда болуы болмыстың ішкі қасиетімен тығыз байланысты. Атаудың ішкі мағынасында сол белгілер екшеліп, туынды сөздің ішкі мағынасын құрай-ды. Олай болса, туынды сөздің жасалуында қажеттілік, себептілік, негізділік болуы қажет екені бірқа-тар еңбектерде айтылып жүр.

Уәждемелік – екі жақты құбылыс, ол ішкі мағыналық құрылыммен және сыртқы дыбыстық жамылғышпен байланысты. Сөз мағынасының уәжділігі сөйлеуде маңызды орынға шығады. Сөздер-дің бір-бірімен тіркесімділігі, валенттілігі осы уәжділікпен, яғни сөздің ішкі формасымен байланыс-ты. Сөздің уәжділігі – күрделі ойлаудың нәтижесі, ол тіл арқылы ақиқат шындықты бейнелеуде оның психикалық жақтарын да ескереді.

Логикалық құрылым адамзат ойлауына субъективті иелік ету немесе жеке адамның, тұтас бір халықтың шығармашылығы болып табылмайды. Заттық әлемдегі заңдылықтардың бейнелеуі болып саналады. Сол сияқты тілдің синтаксистік құрылымының жүзеге асуы да, нақты тілге қатыссыз, объективті болып келеді. Нақты тілдің синтаксисінің дамудағы ерекшелігі логика-синтаксистік құрылымның жалпыға ортақ типіне сүйенеді.

Белгілі бір тілдегі формалардың әр түрлілігі жалпыға ортақ синтаксистік заңдылықтардың біртұ-тастығын жоймайды. Бұл заңдылықтардың әр түрлі тілде байқалу ерекшелігінің түрліше болуына қарамастан, ұғым әрқашан сөздің формасында немесе сөз тіркесінде, пайымдау – сөйлемде, ал ой қорыту құрмалас сөйлемде көрініс табады.

Валенттілік семантикалық және синтаксистік деп екіге жіктеледі. Бұл ұғым сөздердің тіркесуі мен тіркеспеуінің мәнін анықтаумен тығыз байланысты. Сөздердің тіркесімділік қабілеті семантикаға тәуелді екені рас әрі бұл ұғым жоққа шықпайды. Солай бола тұрса да, синтаксистік валенттілікте алдымен синтаксистік заңдылықтар ескеріледі. Грамматикалық формалар синтаксистік валенттілікте ерекше орын алады. Форма мен мағынаны ажырамас бірлікте, тұтас алып зерттеу керек. Морфема-ның сипаты туралы А.Б. Салқынбай мынандай ой білдіреді: «Грамматикалық морфеманың сөзден ерекшелігі – оның толық лексикалық мағынасы жоқ. Морфеманың мағынасы, әдетте, сөзбен тіркесу нәтижесінде ашылып айқындалады. Жеке тұрып өзіндік өзгеше мағына бере алатын форма болмай-ды» [3, 14 б.]. Форманың ішкі мазмұны, ішкі құрылымында ұғым болады, ал ол уәждеме үдерісін қалыптастырады.

Синтаксистік құрылымның негізгі бірліктері екі түрлі бірлік түрінде айтылып жүр: синтаксистік элементтер мен синтаксемалар. Синтаксистік элементтер өздігінен синтаксистік қатынасқа түсе алады. Синтаксемалар дәл сондай екі немесе бірнеше синтаксистік элементтерден тұрады да, алдың-ғысы бағыныңқы, соңғысы басыңқы болады. Олай болса, сөйлем дегеннің өзі предикативтік құрылымға негізделетінін ескеріп, предикаттың функциясын алдыңғысы бағыныңқы, соңғысы басың-қы элемент түрінде келетін синтаксемалар атқарады деген тоқтамға келеміз.

Бағытымыз шартты рай формасымен жұмсалған сөйленімдер бола тұра, бұндай сөйленімдердің семантикасын жұмсалымға сай, барынша кең тұрғыда айқындау мақсатымен шартты рай формасын ауыстырып жұмсалатын тілдік деректерді талдаймыз. Одан кейін бастапқы предикатты синтаксистік валенттілік, яғни сөздердің тіркесімділігі түрінде өзгертіп, түрлендіріп көреміз. Синтаксистік валент-тіліктің сөйлем семантикасына қатысы жөнінде Т.Ермекова былай дейді: «Жалпы сөйлемдегі валент-тілік ұғымы бастапқы нұсқаға синтаксистік және жартылай семантикалық трансформациялар енгізу дегенге саяды» [4, 22 б.]. Біз де осы ойды құптай отырып, оны тілдік деректермен дәлелдеп көрейік. Мысалы: - Ағайын-туған деп қайтесің, бұларға алаңдап. Ол сен алыста жүргенде – бұлардың бауыр-лары езіліп, емексіп тұратыны, *ал ертең осылардың ортасына келші...* (С.Мұратбеков). Сөйлемге өзгеріс енгізіп көрейік: 1. Ол сен алыста жүргенде – бұлардың бауырлары езіліп, емексіп тұратыны, *ал ертең осылардың ортасына келдің бар ғой, қадырың қашар еді.* 2. Ол сен алыста жүргенде – бұлардың бауырлары езіліп, емексіп тұратыны, *ал ертең осылардың ортасына келдің бе, қадырың қашады.* Алғашқы *келші* сөзінің орнына

жұмсалған *келдің бар зой, келдің бе* сөздерінің тіркесімі нәтижесінде өзек мағына әрі қарай дамыды. Синтагмалық өрістің кеңею уәжі – бұл предикативтік қызметте жұмсалған *келші* сөзінің экспрессиялық-эмоционалдық мән туғызу мақсаты.

Талдауды әрі қарай жалғастырсақ. «Адам бойындағы өнер атаулы – төзім мен уақыттың қосынды-сынан өзге ештеңе де емес», - деп Бальзак айтқан екен. Сен де төзіп көр, ерінбе. *Бір бастадың, аяқтағанша тастама* (Ш.Құмарова). Соңғы сөйлемдегі бағыныңқы құрылымда предикатив шарт мәнде берілген: *бір бастадың – бір бастасаң*. Әдетте, сөйлеу тілі барлық уақытта тілдік жүйеге бағына бермейді. Ауызекі сөйлеу тіліндегі диалогке тән бұл ерекшелікті Р.Әмір былай түсіндіреді: «Адам сөйлегенде қалыптасқан грамматикалық тұрақты формаларды жұмсап, соның жетегінде қалып қоймайды, сөзін түрлендіріп құрай, тыңдаушысына тартымды болу жағын қарастырады» [5, 6 б.]. Ал сөйлеуші тарапынан сөйленім былай өзгерген болар еді:

1. *Бір бастадың екен, аяқтағанша тастама*. Сөйлеушінің сөзінен тыңдаушыға айтылған шарт сезіледі.

2. *Бір бастадың ба, аяқтағанша тастама*. Бұнда сөйлеушінің талабы байқалады.

3. *Бір бастадың бар зой, аяқтағанша тастама*. Сөйлеуші тыңдаушысын үгіттеп тұр.

- Ә, Әсемтай, қандай жақсы ойнадың. Тіпті сахнадан керім сұлу, сүйкімді көрінеді екенсің. Құттықтаймын! – деп қолымды алды. Еш комиссияның да, жюридің де бағасы маған енді керек емес! *Қадіржан қадірлеп, бағалады – болды!* Әттең, сылқым Базарайым көзінің қиығын болса да тастамай-ды-ау біз жаққа (Ш.Құмарова). *Бағалады – болды* дегеннен сөйлеушінің Қадіржанның пікіріне бағы-натыны, оны өзіне мақтан тұтатыны сезіледі. 1. *Қадіржан қадірлеп, бағалады ма – болды!* Сөйлеуші тыңдаушысын сендіргісі келеді. 2. *Қадіржан қадірлеп, бағалады екен – болды!* Бұл – сөйлеушінің шешімі.

Сәбира тәтем осылай дегенде мен не айтарымды білмей дағдардым. Мұндайды ғұмырымда ойлап көрген емеспін. *Үйленеміз – болды*, қалған тірлікті алда көрерміз (Ш.Құмарова) // *Үйленсек – болды, үйленеміз бе – болды, үйленейікші – болды*.

- Түсінбей айтасың, - деді Сыдық, - кешегі жаман Баймырза бүгін жақсы бола қалды деймісің? Оны жақсы ғып отырған кім екенін білемісің?

- Кім?

- Қатыны Қалампыр. Баймырза соның айдауымен келе жатыр. Ол қолының қысқалығымен ғана қотанға сыйып жүрген қатын. *Егер ауқатты адамның қатыны болды бар зой*, ел билеген бәйбішенің біреуі болар еді (С.Мұқанов). // *Ауқатты адамның қатыны болсыншы; ауқатты адамның қатыны болды ма; ауқатты адамның қатыны болса зой*.

Бұл талдаулар арқылы мына жайға көз жеткіздік: шартты рай формасының қатысуымен жасала-тын сөйленімдер жұмсалымда үнемі сол бір ғана формамен жұмсала бермейді екен. Тілді жұмсауда оны ауыстыратын тілдік амал-тәсілдер өте көп. Алайда мағынасы біреу ғана: шарт мән. Сөйлемдерді түрлендіру барысында шарт мәнді предикат мынандай өзгерістерге ұшырады: *келші – келдің бар зой – келдің бе; бір бастадың – бір бастадың екен – бір бастадың ба – бір бастадың бар зой; бағалады-болды – бағалады ма-болды – бағалады екен-болды; ауқатты адамның қатыны болсыншы – ауқат-ты адамның қатыныболды ма - ауқатты адамның қатыныболса зой; үйленсек – болды, үйленеміз бе – болды, үйленейікші – болды*.

Байқап отырғанымыздай, көркем әдебиеттегі бастапқы нұсқалардың өзінде *-са, -се* шарт формасы берілмеген. Оның себебі шартты рай формасының уәжділік сипатымен байланысты. Уәжділікті, біріншіден, сөйлемдердің диалогтік сипатымен, екіншіден, сөйлеуші сөзінің экспрессивтікті көздеп жұмсалыуымен байланысты түсінеміз. Өйткені сөздің уәжділігі – күрделі ойлаудың нәтижесі. Ол тіл арқылы ақиқат шындықты бейнелеуде оның психикалық жақтарын да ескереді. Демек, субъектінің танымдық тұрғысынан уәжделетіндіктен, сөйлеуде уәжділік сипат бірінші орындалып, одан кейін тілдік уәж – сөздердің валенттілігі жүзеге асады. сөз мағынасының уәжділігі сөйлеуде маңызды орынға шығады деуіміздің себебі осында.

Уәждемелік – екі жақты құбылыс. Ол ішкі мағыналық құрылыммен және сыртқы дыбыстық жамылғышпен байланысты. Сөйлеудегі уәжділік осылай жүзеге асады, қолданыс уәжділікке тәуелді. Талданған сөйлемдер – соның нәтижесі.

Сөйтіп, біз сөйлемнің құрылысындағы сөйлеуге тән валенттілік заңымен байланысты өзіндік уәждің болатынына көз жеткіздік. Сөйлем ойдың мазмұнын білдірсе, ойдың формалық құрылымы тілде бейнеленеді. Диалектикалық логикаға жүгінгенде, ойдың негізгі формалары ұғым, пайымдау, ой қорыту түрінде болатынын айттық. Ұғым – сөзге не сөз тіркесіне, пайымдау – сөйлемге, ой қорыту – құрмалас сөйлемге және оның түрлеріне тән формалар. Уәжділік ұғымда жүзеге асып, ұғым пайым-дауға ұласады. Пайымдау сөйлем арқылы жарыққа шығады. Сөз – ұғымның материялық қабығы болса, сөйлем – пікірдің материялық қабығы. Бұл тұжырымдардан тіл мен ойлаудың өзара байланысын түсінеміз.

1. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994. – 168 б.
2. Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: филол.ғыл.д-ры дис.автореф. – Алматы, 2004. – 50 б.
3. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект): филол.ғыл.д-ры дис. – Алматы, 1999. – 285 б.
4. Ермакова Т.Н. Компоненттер құрылысының құрмалас сөйлемнің грамматикалық-семантикалық сипаты-на қатысы: филол.ғыл.д-ры дис.автореф. – Алматы, 2007. – 43 б.
5. Әмір Р.С. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1977. – 190 б.

Резюме

Данная статья посвящена обоснованию преемственности языка и мысли посредством соотношения грамматических и логико-универсальных категорий. Применяемые варианты, связанные с ограничением человеческой мысли, являются мотивационным проявлением, которое, в свою очередь, связано с функциональной и прагматической природой языковой нормы.

Resume

Grammatical correlation and logic categories brings to language and thought intercommunication. Applied variants connected with limitation of human thoughts, are the motivation display, which connected to functional and pragmatic nature of language norm.

ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ОЙЫННЫҢ РӨЛІ

А.К. Талдыбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ роман-герман тілдері кафедрасының аға оқытушысы

Сабақ барысында ойын элементтерін дидактикалық материал ретінде қолданудың пайдасы мол.

Ойын арқылы баланың бойында адамгершілік қасиеттерін, білімге, өнерге құштарлығын қалыптастыруға болады. Нашар оқитын оқушылардың өздері де ойын элементі араласқан сабаққа зор ынтамен, жігермен қатысады. Сабақ барысында ойын түрлерін енгізудегі негізгі ұстаным - баланың ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру, ынталандыру болу керек. Ол үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер мен көрнекілік керек.

Бастауыш сыныптарда оқушыларда шет тілін үйренудің негізі - пәнге қызығушылық болып табылады. Оқушылар көргенін тез арада орындағаны, қолына қалам алып тез арада сурет сала бастауы, олардың қызығушылығының тұрақты бола бастағаны. Міне осы кезде лексико-грамматикалық ойындар оқушылардың назарының, ықыласының дамуына аса үлкен маңызын тигізеді. Сондай-ақ танымдық қызығушылығының, шығармашылық ойлауының қалыптасуына әсер етеді. Ойынды жаттығуларды орындап, ойнауда оқушының белсенділігін арттыру үшін алуан түрлі жұмыс істеу тәсілдері қолданылады: дарашылдық (жекелік) ойындар, жұптық ойындар, топтық ойындар т.б.

Мысалы: «Қандай жануар?» ойыны.

Бұл ойын ойдың шығармашылық ойлаудың «Жануар» тақырыбында ауызша сөйлеудің дамуында қолданылады. Мұғалім белгілі бір жануарды сала бастайды. Ал, оқушы қандай жануардың салынып жатқанын ойлап табуға тырысу керек. Оқушы «Je pense que c'est...» деп айтуы қажет. Сосын мұғалім суретті ақырындап тамамдай бастайды. Оқушы жануардың денесінің бөліктерінің атын атап, жануар-ды бейнелеп береді. Ал, жануар салынып біткенде, оқушы жануарды дұрыс айтқаны жөнінде қорытынды жасайды.

Орта сыныптарда ойын элементтерін қолдана отырып, жарыс түрінде өткізу өте пайдалы. Бұл тұрғыда халқымыздың ұлттық ойындарының кейбір элементтерін сабақ үрдісіне енгізуге әбден болады. Халық ойындары ақыл-ойдың дамуына әсер етіп, өнер жарыстыруға, білгенін ортаға салу секілді ізгі мақсаттарға жол ашады.

Мысалы: «Алма ағашынан алма жинау», «Балық аулау», «Орамал тастау» т.с.с. ойындарды қолдану арқылы сөздікті тексеру өте тиімді тәсіл болады. Оқушы өз құрбыларынан қалып қалмас үшін сабаққа белсенді қатысып, қойылған сұраққа жауап іздеп, ойлана бастайды.

Қазіргі таңдағы қоғамда шет тілін үйренуде ойындарға қызығушылық бар екені анық. Ойындар-жеке тұлғаның дамуына, оның халықаралық мәдениеттің, тұтас іскерліктің қалыптасуына дайынды-ғын жүзеге асырады.

Коммуникативтік-бағытталған шет тілін оқып үйрену әдісі, сабақта тек қана «өмірден алынған» оқу құралдарын ғана емес, сондай-ақ ойын арқылы оқушылардың бір-бірімен оқудағы қарым-қатынасын жоғарылатады.

Ал, жоғарғы оқу орындарындағы бастапқы деңгейдегі студенттерге сабақта ойын түрінде түрлі суреттерді, сызбаларды қолдануға болады.

